



Бауыржан ЖАҚЫП


МӨҢКЕ БИДІ ТӘПСІРЛЕУДЕН ТУҒАН ЖЫР

Үш ғасыр бұрын өмірді,
Болжап кеткен кімің бар?
Тезге салар елімді,
Мөңке бидей пірім бар!
Ақтарылған жүректен,
Бабаға арнар жырым бар.
Көмкерілген тілекпен,
Көңілден төгер сырым бар.
Өсиетін тыңдасан,
Жығылмайтын туың бар.
Қасиетін сезінсең,
Қасқайған биік шыңың бар.
Қадірін білсең сөзінің,
Қараорман қазақ — нуың бар.
Оянған қалың ұйқыдан,
Қызың менен ұлың бар.

Сонау бір өткен заманда,
Дін мұсылман аманда.
Не деп еді Мөңке би,
Әрбір сөзін ұғындар.
Асыл, жасуһар ойына
Назар салып тұрындар.
Инжу-маржан сөздерін,
Қайыра оқып шығындар.

Болжап кеткен жарықтық,
Түрлі-түрлі халықты.
Күндіз-түні жанатын,
Таусылмайтын жарықты.
Өре менен темірден
Тартылатын жолыңды.
Ақысыз жұмыс істемес,
Оңың менен солыңды.
Құрамалы-қорғанды,
Салып алған үйіңді.
Айнымалы, төкпелі,
Айтары жоқ биіңді.
Пайдасы жоқ халыққа,
Ай сайын болар жиынды.

Көріп кеткен жарықтық,
Үш ғасыр бұрын бүгінді.
Домалақ-домалақ түймедей,
Ішетұғын дәріңді.
Жастарға жұрмес билігі,
Қадірі қашқан кәріңді.
Ертеңіне сенбейтін,
Елең-алаң күніңді.
Бетіңнен алып түсетін,
Бетбақ болар ініңді.
Алашұбар тіліңді,
Дүдәмалдау дініңді.
Ішіне шынтақ айналмас,
Ежірей деген ұлыңды.



Мөңке би ТІЛЕУҰЛЫ — 350

Кес-кестеп өтер алдыңнан,
Кекірей деген келінің,
Ақыл айтсаң ауырап,
Бедірей деген қызыңды.
Адамдар құмар болатын,
Берсең ит те ішпейтін,
Ішетін сары суыңды.
Жас баладан болатын,
Басқаратын биіңді.
Саз балшықтан тұрғызған,
Бас сауғалар үйіңді.

Суы бітіп көліңнің,
Қалатынын табаны.
Жүйрігі кетіп атыңның,
Қалатынын шабаны.
Әулиенің кетіп аруағы,
Қалатынын мазары.
Сөздің кетіп маңызы,
Қалатынын самалы.
Болатынын ақылсыз,
Санасыздың заманы.

Жалғасы 7-бетте

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мамандар белгілі тарихи тұлғаны зерттеу арқылы, бір жағынан, сол заманда, сол тарихи кезеңдерде болған маңызды оқиғалар мен тарихи үдерістерді, олардың даму бағыттарын, ішкі ағымдарын тереңірек қарастыруға мүмкіндік алады. Бір жағынан, тарихи тұлғаның замана ағымна қатысты үн қатуы, іс-әрекеттері сол кезеңдегі тарихи дамуға әсер етсе, екінші жағынан, сол әрекеттері кейінгі ұрпақтары үшін үлгі-өнеге болып қалады.

Өзі өмір сүрген заманда шыққан тегі мен ата-баба жолы бойынша текті, терең білімімен абыз, ұзақ ғұмырымен ата, тіл байлығымен әрі шешен, әрі акын, білек күшімен батыр, көрегендігімен көріпкел, арқалығымен әулие, ақыл-ойының арқасында өз жұртының әрі биі, әрі көсемі атанған тарихи тұлға Мөңке бидің тұлғалық болмысы оның өмір сүрген заманымен тығыз байланысты, оның артында қалдырған әр сөзі мен өсиетінде сол заманның іздері жатыр. «Таулар алыстаған сайын биіктей түседі» деген терең философиялық ой тұрғысынан қарасак, үш жарым ғасыр бұрын дүниеге келіп, ғасырға жуық өмір сүрген және өз заманының аумалы-төкпелі қиын-қыстау күндері мен жылдарын басынан өткерген, елі мен жерінің тұтастығы, дербестігі үшін бар күшін салған, айтқан сөздері мен толғаулары ұрпаққа өсиет, өнеге болған ұлы дала абызының тұлғалық бейнесі қазақ халқының санасында күн сайын жарқырай түсуде.

Мөңке бидің өмір сүрген заманы ел тарихында хандық дәуір немесе Қазақ хандығы дәуірі деп аталатын тарихи кезеңге сай келеді. Қазақ хандығы құрылған XV ғасырдың ортасынан соңғы хан Кенесары қайтыс болған XIX ғасырдың ортасына дейінгі төрт ғасырлық дәуірдің қай кезеңіне Мөңке би заманы сәйкес келетінін білу үшін хандық дәуірдің ішіне еніп, әр ғасырдың маңызын көрсетелік.

Мемлекеттілік тұрғысынан алып қарасак, 400 жылдық хандық дәуірді тұтастық кезең және бытыраңқылық кезең деп екі үлкен кезеңге бөлуге болады. Тұтастық кезең деп бір орталықтан басқарылатын мемлекеттік басқару жүйесін айтамыз. Бұл кезең Керей мен Жәнібек хандар заманынан басталып, Тәуке ханның қайтыс болған кезімен аяқталады, яғни XVIII ғасыр басына, нақтырақ айтсақ, 1715 жылға сәйкес келеді. Одан кейін қазақ хандықтары кезеңі немесе бытыраңқылық кезең басталып, ол ақыры XIX ғасырдың ортасында Қазақ мемлекетінің туы біржолата құлап, тарих көшінде қалуымен аяқталады. Біз қарастырып отырған Мөңке би секілді көрнекті тарихи тұлғаның өмірі хандық дәуірдің екі кезеңін алғашқы, тұтастық кезеңнің соңғы жылдары мен ақырғы, бытыраңқылық кезеңнің алғашқы онжылдықтарын қамтиды.

(Жалғасы 4–5-бетте)



АБАЙ МҰРАСЫ: ТҮРКІ ӘЛЕМІНДЕГІ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚ

12 қыркүйекте Ұлттық ғылым академиясының конференц-залында Халықаралық Түрік академиясының ұйымдастыруымен хакім Абайдың туғанына 180 жыл толуына арналған «Данышпан ақын Абай мұрасы және түркі әлеміндегі рухани сабақтастық» атты республикалық ғылыми конференция өтті.



Белгілі ғалым, профессорлар: Кансейіт Әбдезұлы, Жанғара Дәдебаев, Ислам Жеменей, Анар Фазылжанова, Акеділ Тойшанұлы, Еркін Шүкіман ақын шығармашылығы аясында баяндамалар жасады. Конференцияға сондай-ақ Астанадан арнайы келген Түрік академиясының Президенті Шаһин Мұстафаев пен академияның вице-президенті Асхат Кесікбаев қатысып сөз сөйледі.

Жиын үстінде Абайдың кара сөздерінің латын тіліндегі, Мұхтар Әуезовтің екітомдық «Абай» романының әзербайжан тіліндегі және Қайым Мұхамедхановтың «Абайдың мұрагерлері» атты зерттеу еңбегінің түрік тіліндегі нұсқасы таныстырылды.

«ҚАЗАҚЫ ҚАРА СӨЗДІҢ АЛДАСПАНЫ»

ҚР Ұлттық кітапханасында «Ел-шежіре» қоғамдық қорының мұрындық болуымен қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы-драматург Қалихан Ысқақтың туғанына 90 жыл толуына арналған «Қазақы қара сөздің алдаспаны» атты ғылыми конференция өтті.




Іс-шара барысында жазушы Нұрдәулет Ақыш «Күрмеуі шешілмеген күрделі тағдырлар» тақырыбында, сыншы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлия Бөпежанова «Тереңнен тартқан тамыр» тақырыбында, филология ғылымдарының докторы Гауһар Балтабаева «Қалихан Ысқақ прозасындағы ұлттық құндылықтар» тақырыбында, филология ғылымдарының докторы Құралай Күдерінова «Қалихан Ысқақтың «Қоңыр күз еді» әңгімесіндегі стиль мен сөзсаптама» тақырыбында баяндама жасап, Қазақстанның халық жазушысы Ахметжан Ашири, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ұлықбек Есдәулет, драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сұлтанәлі Балғабаев, жазушы Еркін Нұржан және өзге де қаламгерлер Қ.Ысқақ туралы естеліктерімен, ойларымен бөлісті.

Жиынға жазушылар қауымы, ғалымдар, әдебиет сыншылары, оқырмандар мен студенттер қатысты. Ғылыми конференцияны жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрдәулет Ақыш жүргізді. Конференция барысында Қалихан Ысқақтың 90 жылдығына орай ұйымдастырылған суретшілер байқауынан жүлде алған туындылар мен қаламгердің шығармашылығына арналған кітап көрмесінің таныстырылымы болды.

Конференцияда Ф.Қалибекұлы руханията қосып жүрген айрықша үлесі үшін «Ел-шежіре» қоғамдық қорының президенті Дәулет Дидахметұлы Әшімханға Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлқеновтің атынан Алғысхат табыстады.

ЕСКЕРТКІШ ТАҚТА ОРНАТЫЛДЫ

Белгілі жазушы, публицист, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, «Құрмет» орденінің иегері, Алматы облысының Құрметті азаматы Төлен Қауыпбайұлының Алматы қаласындағы тұрған үйіне мемориалдық тақта орнатылды.



хатшысы «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Бауыржан Жақып, жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Бексұлтан Нұржеке-ұлы, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ұлықбек Есдәулет бастаған азаматтар Төлен Қауыпбайұлы туралы естеліктер айтып, оның шығармашылығы мен азаматтық қайраткерлігіне тоқталды.

Ескерткіш тақтаның ашылу рәсіміне қаламгердің туған-туыстары, әріптестері, журналистер мен жазушы қауым қатысты. Шара тізгінін Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасының орынбасары Бейбіт Сарыбай ұстады.

Шара барысында ақын, Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының

«ӨНЕГЕЛІ ӨМІР»

«Өнегелі өмір» сериясының кезекті шығарылымы Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, белгілі театр сыншысы, драматург, журналист әрі аудармашы Қадірбек Уәлиевтің шығармашылық жолына арналды.



Басылымда қаламгердің әдебиет пен театр сыны саласындағы еңбектері, мұрағаттық материалдары, фотосуреттері, сондай-ақ замандастары мен отбасы мүшелерінің естеліктері қамтылған. Кітап жалпы оқырман қауымына ұсынылады.

ҚАЛАМГЕРЛЕР ҚОЛДАУЫ

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ – ИНТЕЛЛЕКТ КӨЗІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан» атты Жолдауында адами капиталды дамытуға басымдық берді.

Бүгінгі таңда технологиялар алға озғанымен, ең қымбат ресурс – адамның ақыл-ойы, интеллектісі. Осы тұста «Интеллектіні қалай дамытуға болады?» деген заңды сұрақ туады. Оның жауабын жақында Маңғыстаудан бастау алған тың бастама – «IQ TestCenter» жобасы жұртшылық назарына ұсынылды. Бірегей бастаманың авторы – Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университетінің аға оқытушысы, PhD докторант Бактыбай Жайлауов. Оның жобасы заманауи психометриялық әдістерге негізделгенімен, адамның IQ деңгейін арттырудың ең сенімді жолы – көркем әдебиет оқу деген маңызды қағиданы айқындап отыр.

Әлемдік ғылыми зерттеулер көркем әдебиет оқу тек қана тіл байлығын емес, ойлау қабілетін, қиялды, логикалық жүйелілікті дамытатынын дәлелдеді. Әдеби кейіпкерлердің тағдыры арқылы адам психологиясын түсіну, оқиғалардың өрбін есте сақтау, күрделі сюжетті шешу – бәрі де мидың жұмысын жаттықтырады. Кітап оқу – ақылдың гимнастикасы.

Осы орайда автордың өзі ұсынған алты-айлық оқу жоспары – қазақ әдебиеті мен әлемдік классиканы қатар қамтып, әр оқырманға өзінің когнитивтік әлеуетін дамытудың нақты жолын көрсетеді. Бұл бағдарлама – кітап оқу мәдениетін IQ дамыту құралына айналдыруға бағытталған тәжірибелік әдістеме.

Б.Жайлауовтың өзі оқырманға әбіштанушы жас ғалым ретінде белгілі. Yessenov University қабырғасында бірнеше жылдан бері «Әбіштану» пәнінен сабақ беріп келеді. Оның айтуынша, Әбіш Кекілбаев – интеллект мектебі. Қазақ әдебиетінің абыз тұлғасы



Әбіш Кекілбаев шығармашылығы – ұлттық ойдың энциклопедиясы. Оның прозасы мен публицистикасын оқу – тек эстетикалық ләззат емес, зерделі ойлауға бастайтын интеллектуалдық жаттығу. Әбіштің әрбір сөйлемі терең талдау мен пайымдауды қажет етеді.

Кекілбаев кейіпкерлерінің психологиялық портреті, тарихи оқиғаларды зерделеу тәсілі, философиялық толғамдары оқырманды анализ жасауға, салыстыруға, ой түйе жетелейді. Бұл – интеллектіні арттыратын басты фактор. Сондықтан оқытушы ғалымның «Әбішті оқу – IQ дамыту» деген тұжырымы сендіреді. Бактыбай Жайлауовтың оқу жоспары Абайдың «Қара сөздерінен» бастап, Шәкәрімнің «Үш анығына», Мұхтар Әуезовтің «Абай жолына» дейінгі қазақтың ұлы туындыларын қамтиды. Оралхан Бөкейдің символикалық прозасы қиялды дамытады, Әбіш Кекілбаевтың шығармалары қоғамдық құбылыстарды терең пайымдауға үйретеді. Сонымен қатар Достоевский, Толстой, Кафка, Оруэлл, Камю, Гессе сынды әлемдік классиктердің еңбектері әлеуметтік, философиялық, саяси ойлауды кеңейтеді. Қазақ және әлем әдебиетін ұштастыру – интеллект дамытудың ең пәрменді тәсілі дейді.

Жасанды интеллект дәуірінде өмір сүріп жатқанымызбен, адамның өз интеллектін шындаудың ең тиімді жолы – кітап оқу. Әдебиеттің тереңіне бойлаған сайын логика дамиды, қиял қанат жаяды, ойлау көкжиегі кеңейеді. Әбіш Кекілбаев айтқандай, «Рухани байлық – халықтың ең үлкен қазынасы». Сол байлықтың кілті – кітапта, көркемсөзде. Бүгінгі ұрпақ Әбішті оқып, Абайды түсініп, әлемдік ойшылдармен қатар ойланса, Қазақстанның интеллектуалдық әлеуеті де арта түспек.

Сағындық РЗАХМЕТОВ,
Ақтау

Жаңа бағдарлама іске қосылды

Елімізде алғаш рет әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Журналистика факультетінде «Жасанды интеллект және медиа» білім беру бағдарламасы ресми түрде реестрге енді. Бұл бағдарлама – медиа мен заманауи технологияны ұштастыратын жаңа буын мамандарын даярлауға бағытталған маңызды қадам.

Жаңа білім беру бағдарламасы аясында болашақ медиамамандарға жасанды интеллект, нейрожелі, үлкен деректермен жұмыс істеу, Data Science, Python бағдарламалау тілі сияқты пәндер оқытылады. Бұл пәндерді меңгерту үшін IT факультетінің оқытушылары да оқу процесіне тартылады. Сонымен қатар білім алушылар ҚазҰУ-дың суперкомпьютерлік ресурстарын да пайдалану мүмкіндігіне ие болады.

Бағдарлама қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Қазіргі таңда бұл жоба



ғылыми-педагогикалық бағыттағы екіжылдық магистратура деңгейінде іске қосылып отыр. Болашақта осы бағыт бойынша бакалавриат бағдарламасын ашу да жоспарланған. Аталған бастама Farabi University ұжымының Қазақстанда 2024–2029 жылдарға арналған Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі Тұжырымдаманы жүзеге асыру жолындағы жұмыстардың бірі болып табылады. Сонымен қатар бұл – Мемлекет басшысы атап өткен жасанды интеллектіні білім мен ғылым саласына кеңінен енгізу саясатының нақты үлгісі. Бүгінде университет оқу үдерісіне жасанды интеллект технологияларын енгізудің толық фазасына өткен.

Қанат ӘУЕСБАЙ,
әл-Фараби атындағы
журналистика факультетінің деканы

Алатау – жасанды интеллектіні дамытатын жаңа қала болмақ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында ел дамуының жаңа басымдықтарын атап өтіп, бірқатар мәселелерге ерекше тоқталды. Соның бірі біздің облысымызға қатысты – Алатау қаласының өркендеуі. Бұл қадам жаңа қала салу ғана емес, Қазақстанның инновациялық орталығын қалыптастыруға бағытталып отыр.

Алатау қаласында заманауи инфрақұрылыммен қатар, жаңа мектептер, ауруханалар, мәдениет және спорт нысандары салынады. Ең бастысы – қала болашақта жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды дамытуға арналған орталыққа айналмақ.

Президент осы орайда ЖИ-дің мемлекеттік басқару, білім беру және денсаулық сақтау саласында маңызы зор екенін де атап өтті. Демек, Алатау қаласы «ақылды қала»



жүйелерін енгізіп, тұрғындардың өмір сапасын арттыратын тәжірибелік алаңға айналады деген сөз.

Халық үшін жаңа жұмыс орындары ашылып, жас ұрпақ инновациялық білімге қол жеткізеді. Алатаудың дамуы – Алматы мегаполисінің жүктемесін жеңілдетіп қана қоймай, еліміздің цифрлық серпінін күшейтетін маңызды бастама боларына сенемін.

Алатау жасанды интеллект пен озық технологиялардың тоғысқан заманауи орталығына айналса, ол мекеннің руханиытына да көп көңіл бөлінері анық. Сол себепті Президенттің бастамасы Қазақстанды жаңа белеске бастарына сенемін.

Ержан ТОҚТАР,
Қазақстан Жазушылар одағының
Алматы облысындағы өкілі

«Ұлттық құндылық. Қазақ этнографиясы және Зейнолла Сәнік»

Қазақстан Жазушылар одағы мен Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қоры бірлесе отырып ұйымдастырып жатқан «Ұлттық құндылық. Қазақ этнографиясы және Зейнолла Сәнік» республикалық экспедициясы еліміздің солтүстік өңіріне сапарын бастады. Экспедиция солтүстік өңірде 10–22 қыркүйек күндері аралығында өтетін болады.

Экспедиция Ақмола облысында

Құрамында белгілі этнографтар, мәдениеттанушы ғалымдар мен каламгерлер бар экспедиция мүшелері, алдымен, Ақмола облысының орталығы Көкшетау қаласына табан тіреді.

Алғашқы қадамдарын олар тарихи өлкетану музейін аралаудан бастап, кейін Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінде ұйымдастырылған «Ұлттық құндылық. Қазақ этнографиясы және Зейнолла Сәнік» республикалық экспедиция мүшелерімен кездесу шарасына қатысты.

Кездесуге аталған университеттің басшылары, студенттері мен профессор-оқытушылар құрамы, өлкетанушылар, этнографтар, жергілікті зиялы қауым өкілдері қатысты. Жиынды Ақмола облысы әкімінің орынбасары Д. Айтбаев ашып беріп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Сонымен қатар тарих ғылымдарының кандидаты Аманбай Сейіткасымов, Қазақстан Жазушылар одағының Ақмола облысындағы өкілі Ерболат Баят және бірқатар студенттер сөз сөйледі.

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасы төрағасының орынбасары Қасымхан Бегманов өз сөзінде экспедиция мүшелеріне арналған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің құттықтау хатын оқып, Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасы Мереке Құлқеновтің іс-шараға қатысушыларға сәлемін жеткізді. Сөз барысында Қазақстан Жазушылар одағының бүгінгі таңдағы ұстанымы, республикалық экспедицияның алға қойған мақсаты мен мұраты және этнограф-жазушы Зейнолла Сәніктің шығармашылық еңбегі жайлы халыққа жан-жақты түсіндіріп, «Зейнолла Сәнік атындағы мәдени қоры» дайындаған деректі фильм көрсетілді.

ологиялық жәдігерлері мен этнографиялық мұраларын тамашалау сәті бұйырды. Бұл жерде қонақтар өңірдің бай тарихымен, ұлттық болмысының айқын көрінісімен танысты.

Сапардың маңызды бөлігі – Абылай хан резиденциясы мұражайы. Экспедиция құрамы қазақ мемлекеттігінің тағдырлы кезеңдеріне куә болған тарихи орынмен танысып, елдік рухты терең сезінді. Қызылжардағы сапар – тарихи жадымызды жаңғыртып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды болашақ ұрпаққа жеткізудің тағы бір нақты қадамына айналды.

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде кездесу ұйымдастырылып, университет жастары экспедиция өкілдеріне өз сауалдарын қойып, ой-пікірлерін тыңдады. Кездесуден кейін экспедиция мүшелері Қызылжар қаласындағы мәдени-тарихи орындарға барды. Олар алдымен Абай Құнанбайұлы мен Александр Пушкинге арналған ескерткіштерге гүл шоқтарын қойып, қос классиктің рухына тағзым етті. Бұл рәсім қазақ және орыс әдебиетінің ұлы тұлғаларына құрмет көрсету дәстүрін жалғастырумен қатар, халықтар арасындағы мәдени байланыстардың тереңдігін айқындай түсті. Сондай-ақ Мағжан Жұмабаев ауылына ұласқан сапар барысында өңірдің тарихи-мәдени ерекшеліктері назарға алынды. Мағжан Жұмабаев атындағы орталықта ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты архивтік деректер, құнды экспонаттар мен әдеби жәдігерлер ұсынылды. Орталық мамандары Мағжан мұрасының ғылыми тұрғыда

да облыстық әкімдікте кездесу ұйымдастырылды. Жиынға Мәдениет басқармасының басшысы қатысып, өңірдің рухани мұраларын сақтау мен дәріптеу бағытындағы жұмыстар талқыланды. Кездесу барысында ұлттық құндылықтарды жастар тәрбиесіне енгізу, мәдениет пен ғылым саласындағы ынтымақтастық мәселелері сөз болды. Сапар аясында экспедиция өкілдері ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің мәңгілік тыныстап жатқан жеріне барып, тағзым етті. Бұл сапар қазақ халқының тұңғыш ұстазының еңбегіне деген құрметті айшықтады. Одан кейін экспедиция мүшелері Ахмет Байтұрсынұлы ашқан тарихи

мектепке арнайы барып, ұлт ұстазының ағартушылық қызметіне қатысты деректермен танысты. Байтұрсынұлы еңбегінің қазақ қоғамындағы орны мен тарихи маңызына тоқталды. Сонымен қатар каламгерлер Қостанай облысына қарасты Әуликөл ауданында болып, жергілікті халықпен жүздесті. Сапар барысында өлкенің мәдени-рухани болмысы мен этнографиялық ерекшеліктері жайында құнды мәліметтер жиналды. Қостанайдағы іс-шаралар экспедиция бағдарламасының мазмұнын байытып, қазақтың ұлы ағартушылары мен зиялыларының өмір жолына тағзым етуге арналды. Бұл аймақтағы сапар әлі де жалғасуда.

Экспедиция Қарағанды облысында



«Ұлттық құндылық. Қазақ этнографиясы және Зейнолла Сәнік – 90» атты республикалық экспедицияның кезекті аялдамасы – Орталық Қазақстан аймағы. Қарағанды қаласынан басталған сапардың алғашқы шарасы Н.В. Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында өтіп, экспедиция мүшелері оқырмандармен кездесу өткізді.

Жиын барысында қатысушыларға Зейнолла Сәнік атындағы мәдени қор жайлы деректі фильм көрсетіліп, этнограф-ғалымның өмір жолы мен шығармашылық мұрасы туралы кеңінен сөз қозғалды. Сонымен қатар қор атынан кітапхана қорына «Қазақ этнографиясы» еңбегі сыйға тартылды.

Сонымен қатар Қарағанды қаласы сапарында Е.А. Букетов атындағы ұлттық университетте мазмұнды кездесу ұйымдастырылды. Жиынға университеттің оқытушы-профессорлар құрамы, ғалымдар, зерттеушілер және студент жастар қатысты. Кездесу барысында қазақ этнографиясының өзекті мәселелері, ұлт-

тық құндылықтарды сақтау мен болашақ ұрпаққа жеткізудің маңызы жөнінде пікір алмасу өтті.

Экспедиция құрамы Зейнолла Сәнік атындағы мәдени қордың мақсатымен таныстырып, этнографиялық зерттеулердің қоғамдағы рөлі жөнінде сөз қозғады. Сонымен қатар студенттер мен жас ғалымдарға этнография саласында тың идеялар ұсынып, ғылыми ізденістерге қызығушылық танытудың қажеттілігін атады.

«Қарлағ» музейінде тарихтың қасиетті бейнелерін көз алдарынан өткізген экспедиция мүшелері саяси қуғын-сүргін құрбандарының рухына тәу етіп, ары қарай Жанаарқаға табан тіреді. Аудандық өлкетану музейімен танысу барысында ақын, Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қорының атқарушы директоры Серік Қалиев музейге «Қазақ этнографиясы» кітабын тарту етті. «Ақселеу биігіне» бойлап, көрнекті жазушы, этнограф-ғалым Ақселеу Сейдімбектің аруағына Құран бағыштаған зиялы қауым өкілдері Жезқазғанға жол тартты.



Экспедиция Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстарында

Экспедиция Солтүстік Қазақстан облысының орталығы Қызылжар қаласында жалғасын тапты. Сапар барысында экспедиция құрамы, алдымен, Ботай арт-галереясын аралап, ежелгі Ботай мәдениетінен бастау алатын өркениеттің өнердегі бейнесін тамашалады. Мұнда тарих пен заманауи шығармашылықтың үйлесімі ерекше әсер қалдырды. Кейін Солтүстік Қазақстан облыстық өлкетану музейінде аймақтың архе-

зерттелу барысы және ақын есімін ұлықтауға арналған жұмыстар жайлы жан-жақты мәлімет берді. Экспедиция мүшелері бұл деректермен танысып, Мағжан шығармашылығының қазақ руханиятындағы орнын айрықша атап өтті. Қызылжардағы бұл сапар экспедиция бағдарламасының мазмұнын тереңдетіп, солтүстік өңірдің мәдени-рухани кеңістігімен кеңінен танысуға мүмкіндік берді. Қостанай өңіріне бағыт алған экспедиция мүшелері тарихи-мәдени ескерткіштер мен оқу-ағарту ісінде өшпес із қалдырған ұлт қайраткерлерінің ізімен жүрді. Алдымен, Қостанай қаласын-





Берекет КӘРІБАЕВ,

ҚР ҰҒА академигі,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің профессоры,
тарих ғылымдарының докторы

(Басы 1-бетте)

Қазақ хандығы дәуірінің тұтастық кезеңінің өзі, XV ғасырдың ортасынан XVIII ғасырдың басына дейінгі аралық өз ішінде шартты түрде бірнеше ондаған жылдарды қамтыған кішігірім кезеңдерге бөлінеді. Олар – құрылу кезеңі (1457–1470/71 жж.), күшею кезеңі (1470/71–1521 жж.), уақытша әлсіреу кезеңі (1521–1537/38 жж.), қайта өрлеу кезеңі (1537/38–1598 жж.), «текетірес» жылдар кезеңі (1598–1628 жж.), жоңғарлармен алғашқы шайқастар кезеңі (1628–1652 жж.), белгісіз жылдар кезеңі (1652–1680 жж.) және «Алтын ғасыр» немесе Тәуке хан билік құрған кезең (1680–1715 жж.).

Енді осы хандық дәуірдің басты белгілері мен ерекшеліктеріне тарихи үдерістердің қандай факторларын жатқызамыз десек, мынандай жағдайларды ерекше атап өтуге болады дер едім. Ұлттық сипаттағы хандықтың құрылуы мен этнос қалыптасуы, этностың өзінің басқару жүйесін – ұлттық сипаттағы мемлекетін қалыптастыра алуы, этностың өзінің өмір сүру кеңістігін айқындап, этникалық аумағын, тек өзіне ғана тән ұлттық мәдениетін қалыптастыруы мен дамытуы және тағы басқа осындай этникалық сипаты басым факторларды жатқызуға болады. Сондай-ақ осы дәуірдің тағы бір ерекшелігін этностың бір ғасырдан астам уақыт бойы өзінің этникалық аумағын қорғау үшін көрші елдермен күрес жүргізуін де атап өтуге болады.

Қазіргі кезеңдегі отандық тарихнамада Мөңке бидің туған және өлген жылы белгілі, оған қатысты ешқандай қарсы пікірлер жоқ. Осы даталарды негізге ала отырып, тарихи тұлғаның өмір сүрген жылдарын хандық дәуір кезеңдерімен байланыстыра қарастыралық. Қарап отырсақ, Мөңке би өзінің 80 жылдан астам өмірінің алғашқы 40 жылын мемлекеттіліктің тұтастық кезеңінде өмір сүріп, қалған 40 жылдық өмірін бытыраңқылық пен саяси дағдарыстар жылдары өткерген екен.

Мөңке бидің дүниеге келген кезі хандықтың тұтастық дәуіріндегі «белгісіз жылдар» кезеңінің соңғы бөлігіне тура келеді. Бұл жылдар Қазақ хандығының тарихындағы ең бір ауыр, ең бір күрделі жылдар кезі болатын. Сол кезеңді талдап көрелік.

1652 жылы Жәңгір ханның жоңғарлармен болған кезекті бір шайқаста қаза тапқаны белгілі. Оның артында, тарихтан белгілі болып отырғандай, Абақ сұлтан, Тәуке хан, Уәлибақы сұлтан атты ұлдары қалды. Жәңгір ханның ұлдарының бірі – Тәуке ханды шамамен 1635 жылдан кейін дүниеге келген деп есептесек, сол кезде ол 15–18-дегі жасөспірім болатын. Жалпы алғанда, 1652 жылы Жәңгір ханның ұлдарының жасы шамамен 20 мен 30-дың арасында болатын. Ал Есім ханның туған бауырлары Жәнібек хан мен Сырдақ (Сартақ) сұлтаннан тарайтын, сонымен бірге Шығай

Соңғы 20-30 жыл көлемінде отандық тарих ғылымында қалыптасып, дамып келе жатқан жаңа бағыттардың бірі – тарихи тұлғатану. Тарихи тұлғатану арқылы зерттеуші мамандар тек тұлғаның болмысын, яғни оның қалыптасуы мен қоғамдағы атқарған қызметі, тарихта алатын орны мен ролі, қоршаған ортасына ықпалы секілді мәселелерді зерттеумен ғана шектелмейді. Сонымен бірге тұлғаның өмір сүрген заманына да ерекше назар аударады. Сол арқылы замана ағымының тұлғаның қалыптасуына әсер еткен факторларын айқындауға тырысады. Соған байланысты қазіргі кезеңде зерттеушілер арасында «Тұлғаны танып-білу үшін оның заманына терең үңілу керек» деген қағидат берік орнықты деуге болады.

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ

хан әулетінен тараған ұрпақтар арасында хан тағына үміткерлердің өзі жетерліктей еді. Шығай ханнан Ондан сұлтан, Тәуекел хан, Есім хан, Шахмұхаммед сұлтан, Әли сұлтан, Сұлым сұлтан, Ибрагим, Шәкім, Көмек, Абылай және Әбусейіт атты 11 ұлдың тарағаны белгілі. Осы аталған ұлдардың әрқайсысында кем дегенде, 4-5 ұл болды дегенін өзінде таққа үміткерлер саны 40-50-ден асар еді. Ал осылардың әрқайсысында тағы да 3-4-тен ұл болған десек, Жәңгір ханнан кейін тақты иеленуге құқысы бар билеуші әулет өкілдерінің саны 100-150-ге жетеді. Тәуке хан солардың тек біреуі ғана және жас жағынан алғанда ең кішілерінің қатарында болатын. Жәңгір ханның ағасы Жәнібек ханның ұлдары және інісі Сырдақ сұлтанның өзі немесе ұлдарының да билікті иеленуге толық құқы болды. Өкінішке қарай, сол тұстағы жағдайды көрсететін жазба деректер болмағандықтан, біз нақты кесімді тұжырымдар айта алмаймыз.

1652 жылғы Жәңгір ханның қазасынан кейін қазақ қоғамында жоғары билік үшін талас-тартыстар жүргенін Шәкәрім қажы еңбегіндегі ауызша дерек мәліметі, А.И.Левшиннің жасаған тұжырымдары дәлелдейді. Шәкәрім қажы: «Жәңгірдің орнына эз-Тәуке хан болғанда, хандыққа өкпелеп Уәлибақы Ғайып ханға кетіп еді», – деп жазады. Автор бұл дерегін қайдан алғанын көрсетпейді, бірақ ол оны өте қарапайым, жеңіл түрде баяндайды. Жалпы алғанда, тақ үшін, билік үшін таластардың, күрестердің жеңіл болмайтыны белгілі. «Өкпелеп кетті» деген мәліметтің астарына үңілсек, көп жағдайды аңғаруға болады. Күрестер мен таластардың негізі тақ үшін болатындықтан, «өкпелеп кетті» деген сөздің орнына «жеңіліс тауып, қашып кетті» деген сөздер тура келеді. Қысқаша түрде, Жәңгір ханнан кейін қазақ қоғамында тақ үшін күрестер болды да, жеке дара бір хан билікке келе алмады деп айтуға болады.

Белгілі орыс ғалымы А.И.Левшин 1832 жылы жарық көрген танымал еңбегінде Тәуке ханға қатысты сол тұстағы Қазақ хандығында қалыптасқан саяси жағдайды былай деп баяндайды: «... Ол (Тәукені айтып отыр. – Б.К.) өзара қырқыстардан кейін халықты тыныштандырды, тайпалар арасында бірнеше жылға созылған қантөгістерді тоқтатты, жұрттың бәрін ақылымен және әділдігімен өзіне бағындыра білді...» Автордың «өзара қырқыстар» мен «бірнеше жылға созылған қантөгістер» деп отырғаны біз сөз етіп отырған «белгісіз жылдар» кезеңінің басты оқиғалары болып саналады.

Шәкәрім қажы мен А.И.Левшиннің материалдарына тереңірек талдау жасау арқылы біз, Тәуке хан билікке келгенге дейін, яғни 1680 жылға дейін қазақ қоғамында тақ үшін кәдімгідей қантөгісті

қол бастаған қолбасшылар болғаны белгілі. Осылайша, Мөңке би – текті әулеттің өкілі ретінде тектіліктің не екенін жақсы түсініп, өзінің ролін жастайынан сезінген тұлға, бүкіл саналы ғұмырын текті әулеттің өкілі деген атаққа кір келтірмеуге, керісінше, әулет абыройын арттыруға арнаған деуге болады.

Мөңке би жастайынан тағдырдың ауыр салмағын көтеріп, өмірдің ащы дәмін татады. Оның өзі ел тарихымен, Қазақ хандығының сыртқы саяси қатынастарындағы жоңғар факторларымен тікелей байланысты. Осы жерде түсінікті болуы үшін



талас-тартыстар болғанын, соның салдарынан ру-тайпалар арасында да жанжалдар өршігенін көреміз. Тарихшы А.И.Левшин осы қанды талас-тартыстардың ұзақтығын «бірнеше жылдар» деп жазса, біздің ойымызша ол 28 жылға, яғни Жәңгір хан қаза тапқан 1652 жылдан Тәуке хан билікке келген 1680 жылға дейін созылған. Өкінішке қарай, нақты деректердің жоқтығынан осы жылдардағы ішкі саяси күрестердің барысы туралы мардымды еш нәрсе айта алмаймыз. Тек қана күрестің болғанын, Жәңгір ханның бір ұлы Уәлибақының сол күрестер барысында жеңіліс тауып, Үргеніш жаққа қашып кеткенін білеміз. Билік үшін болатын күрестер мен талас-тартыстардың ел ішінде алмағайып күндерді, ру-тайпалар мен олардың басшыларының топ-топқа бөлініп, оның салдары әртүрлі дау-дамайлардың өршуіне әкелетіні белгілі.

Осындай күндердің бірінде 1675 жылы Мөңке би дүниеге келеді. Сөйтіп, біз оның дүние есігін ашқан уақыты 1675 жылдар шамасын қазақ қоғамындағы ішкі қайшылықтарға байланысты туындаған күрделі, ауыр жылдар деп айтамыз. «Болат қайнауда шынығады, батыр майданда шынығады» дегендей, Мөңке бидің жастық шағы қазақ тарихындағы осындай бір сындарлы жылдарға сай келді деп ой түйіндейміз.

Мөңке бидің ата-бабалары Алтын Орда мемлекетінің құлдырау кезеңіндегі атакты Едіге бидің ұрпақтары болып келеді. Мөңке бидің өзі Едігенің тікелей оныншы ұрпағы болса, ал оның ата-бабалары – Тілеу батыр, Айт батыр, Бөлек елге танылған, жауға қарсы шапқан батырлар, бірнеше мың санды

сөл тереңірек айта кетелік.

Тек 1680 жылы Тәуке ханның билікке келуімен және оның ақылмен, данагөйлікпен жүргізген ішкі саясаты ғана ел ішіндегі барлық талас-тартыс пен қантөгістерді, бітпейтін дау-жанжалдар мен өзара қырқыстарды тоқтатады. Салыстырмалы түрде алсақ, Тәуке ханға дейінгі 28 жыл бойғы талас-тартыстарға қарағанда, оның тұсында қалыптасқан бейбіт, тыныш өмір «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» болып саналады.

1653 жылы Жоңғар билеушісі Батыр хонтайшы қайтыс болғаннан кейін оның үлкен ұлдары мен кіші ұлдары арасында тақ үшін басталған талас-тартыс бүкіл жоңғар қоғамындағы белгілі тайшылар мен нояндарды екіге бөліп жібереді. Көп ұзамай билікке кіші ұлдар тобын басқарған Сенге келіп, хонтайшы атағын иеленеді, бірақ ол ішкі өзара алауыздықтарды тоқтата алмайды. Осылайша, Жоңғариядағы ішкі саяси дағдарыс 17 жылға созылады. Қазақ хандығы да осы жылдары ішкі саяси дағдарыстарды басынан өткеріп жатады. Сондықтан осы жылдары екі жақ арасындағы қарым-қатынастарда соншалықты ірі, көлемді, маңызды оқиғалар бола қоймайды.

1670 жылдың соңына таман Батыр хонтайшының үлкен ұлдары Цецен тайшы мен Цзотба батыр өздерінің туған інісі Сенге хонтайшыны өлтіреді. Сенгенің орнына таққа Батыр хонтайшының кіші ұлы Галдан отырады. Оның алғашқы ұстанған саясаты туған ағасы үшін үлкен ағаларынан кек алу болды. Сондай-ақ ол Жоңғариядағы кейбір тайшылардың

дербестігін жоюға, ішкі алауыздықтарды реттеуге, жалпы алғанда, биліктің бәрін бір қолға орталықтандыруға бағытталған саясат ұстанады. XVII ғасырдың 70-жылдарының соңына таман Галдан Жоңғариядағы негізгі қарсыластарын жеңіп, орталық билікті нығайта алды. Осылайша, ішкі саяси жағдайды толық ретке келтіргеннен кейін ғана Галдан көрші елдерге көз аларта бастайды.

Ол 1670 жылдардың соңында көршілес елдерге тонаушылық әрі басқыншылық сипатта жорықтар жасай бастайды. 1678 жылы Шығыс Түркістандағы ішкі са-

Тұрпанға жібереді...» Деректен көріп отырғанымыздай, шығарма авторының арғы-тегі сайрамдық, оның ата-бабалары – деректегі 60 отбасының бірі. Дерек мәліметінде айтылғандай, жоңғарлар Сайрамды 2 рет бағындырады. Ауызша деректерде бұл жылдары Тәуке ханның арнайы тапсырмасымен Сайрам қаласын қорғауға Мөңке бидің әкесі Тілеу батыр Айтұлы, өзінің батыр ұлы Жолдыаяқпен және 15–17 мың сарбазбен Сайрамға келіп жоңғарларға қарсы ұрыс жүргізеді. Ол осы қала маңындағы ұрыстардың бірінде қаза тауып, денесі Түркістандағы Қожа Ахмет

ішкі саяси жағдайды 1730 жылғы 20 шілдеде орыс тілінде жазылған бір құжаттың қысқаша мазмұны былайша көрсетеді: «...40 мың түтіннен тұратын қазақтарды Әбілқайыр хан басқарады, тағы да Барақ және Әбілмәмбет деген екі ханы бар. Олар Ұлытау мен Кіші тауды, Сыр, Сарысу және Торғай өзендерін, Қарақұм далаларында башқұрттардан бір айлық жерде көшіп-қонып жүреді. Қазақтардың тағы мынадай қалалары бар: 1. Басты қаласы – Ташкент, оның билеушісі Жолбарыс хан. 2. Түркістан, онда Сәмеке хан отыр. 3. Сайрам, онда Көшек хан билік құрады...» Қарап отырсақ, осы дерек көрсетіп отырған кезеңде қазақ қоғамында бір емес, алты ханның – Әбілқайыр, Барақ, Әбілмәмбет, Сәмеке, Жолбарыс және Көшек хандардың есімдері аталса, басқа көптеген құжаттарда өте беделді оншақты сұлтандардың есімдері аталады. Бұл дегеніміз – дәл осы кезеңде саяси дағдарыстың өте тереңдеп кеткенін көрсетеді.

Орталық биліктің болмауының ең басты салдары, ол – ел мен жерді қорғау міндетінің жүзеге асырылмауы, оны жүзеге асыратын ұйымның болмауы болды. Орталық билік болмаған елде, ең алдымен, оның кері әсерін халық көреді. Міне, мемлекеттің, оның орталық билігінің маңызы осы жерде көрінеді. Мұндай жағдайда тұрақты әскер ұстап отырған Жоңғар хонтайшысына қазақтарға қарсы жорықтар жасау бұрынғыдай қиындықтар туғыза қоймады. Қазақ халқы 1715–1745 жылдар аралығындағы орталық билік жүйесі болмаған немесе бытыранқылық кезеңнің алғашқы 30 жыл ішінде бүкіл қазақ-жоңғар қарым-қатынастары тарихындағы ең ауыр да күрделі жылдарды басынан өткерді. Осы кезеңде қазақ халқы 1723–1725 жылдардағы «Ақтабан шұбырынды», 1739–1742 жылдардағы «екінші Ақтабан» деп шартты түрде аталынып жүрген зор қырғыншылықтарға ұшырады. Кейбір зерттеушілер осы кезеңдегі халықтың жағдайын «бір топ тазыдан қашқан қоянға» теңесе, екінші біреулері халықты этнос ретінде жойылып кетудің алдында тұрды деп санайды. Қалай болса да осы отызжылдық ауыр кезеңде қазақ халқы бұрын-соңды көрмеген ауыр күндерді басынан өткерді. Шәкәрім қажы «Қалқаман-Мамыр» дастанында бір ғана 1723–1725 жылдардағы оқиғаны былайша жырлаған еді: «Қазақты ол ұрыста қалмақ алды, Үш есенің екеуін қырып салды».

Дегенмен қазақ халқы үшін осы бір бытыранқылық кезең қаншама ауыр, өте қайғылы болса да халық жойылып кетпеді, өзінің өміршеңдігін сақтап қалды. Тіпті шамасы жеткенше жауларына қарсы қарсылық көрсетіп, тойтарыстар берді, қарсы соғыстар жүргізді, жекелеген хандары мен сұлтандарының маңына топтасты. Дәл осы кезеңде халықтың өз ортасынан шыққан батырлар мен билер өз жұртының бір жағынан, қалқаны, екінші жағынан, қорғаны бола білді. Солардың қатарында, тіпті алғы шебінде біз Мөңке биді көреміз.

Мөңке бидің жасы біз сөз етіп отырған 30 жылдық ауыр кезеңде 40 пен 70-тің арасында болды. «Ақтабан шұбырынды» оқиғалары тұсында ол елуде, 1730 жылдардағы оқиғалар кезінде 60-та болды. Бұл бидің «Атса оғы жетердей, айтса сөзі өтердей» бедел мен абыройға жеткен кезі еді. Мөңке би осы жылдары Кіші жүздің сол кездегі Қаракесек тайпалық бірлестігіндегі немесе кейіннен Әлім тайпалық одағы деп аталып кеткен (Алты ата Әлім) тайпалар одағындағы Шекті тайпасының атақты билерінің бірі ретінде көзге түседі. Сол тұстағы орыс тіліндегі құжаттарда Мөңке бимен қатар Шекті тайпасының танымал тұлғалары – Баби би, Бактыбай би (Шектінің ұранына айналған), Айдарәлі би, Есенбай би, Мәметек би, Мчинак би

(деректе осылай жазылған), Сырлыбай би (Қыз Жібектің әкесі) есімдері кездеседі.

Ауызша келтірілген мәліметтерде Мөңке би мен осы аталған тұлғалар, сондай-ақ Кіші жүздің әр ру-тайпасындағы батырлар мен билердің жүз, тайпа ішіндегі, тайпааралық, ру іші мен руаралық туындаған мәселелерді шешуде әділ де турашылдығымен және басқа да жақсы қасиеттерімен танымал болғанын көреміз. Ал жазба деректер мен мәліметтерде аталған тұлғаларды бүкіл елдің тағдырына қатысты саяси мәселелерден байқаймыз. Солардың бір-екеуіне тоқтала кетейік.

Олардың алғашқысы 1748 жылы Кіші жүз билеушісі Әбілқайыр ханды Барақ сұлтанның өлтіруіне қатысты мәселе. Деректерге қарасақ, бұл сол кездегі бытыранқы бүкіл қазақ қоғамын дүр сілкіндірген ең үлкен оқиғаның бірі болып саналды. Кіші жүздің саяси элитасы екіге жарылды. Сырдың төменгі ағысы бойындағы Кіші жүз тайпаларының бір бөлігі Батыр сұлтанды хан сайлап қояды. Міне, осы тұста елдің саяси тұтастығы мен бірлігін ойластырған Билер кеңесі ақылдаса келе, бес биді – Мөңке биді, Баби биді, Сырлыбай биді, шөмекей Жалған биді және ысық Көбек мырзаны Батыр сұлтанның өзіне аттандырып, ниетінен бастартуға шақырады. Бұл оқиға 1748 жылдың қыркүйегінің соңғы күндері болса, сол жылдың қазан айындағы бір құжатта Мөңке би есімі тағы кездеседі. Бұл құжатта Мөңке би басқа да билермен бірге орыс патшайымына Нұралыны Кіші жүздің ханы етіп бекіту туралы ұсынысқа қолын қояды. Бұл құжат та – бидің ел тұтастығын, бірлігін ойластырған жұмысының көрінісі. Бұл кез бидің 70 жастан асқан кезі болатын. Осы екі құжат орыс архивтерінен өткен ғасырдың 60-жылдары алынған. Әлі де болса зерттеушілер назарынан тыс жатқан деректер, мәліметтер бар деп санаймыз.

Мөңке бидің жеке өмірі мен өмір сүрген заманына назар аударса келіп, тарихи тұлғаның заманы ол үшін өте күрделі болғанын байқаймыз. Біріншіден, ол дүниеге келген 1675 жыл ұлттық тарихымыздағы хандық дәуір деп аталатын дәуірдің жоғарыда айтып өткеніміздей, «белгісіз жылдар» кезеңіне сай келеді. Әкесі Тілеу батыр Айтұлы мен туған ағасы Жолдыаяқ батыр Кіші жүздің 15–17 мың әскерімен Сайрам түбінде жоңғарлармен бірнеше жылға созылған ұрыстарда қаза табады. Сөйтіп, жеті жасында жетім қалған болашақ би сол заманның күрделі кезеңін басынан өткерді. Екіншіден, Тәуке ханның билігі тұсында бойындағы тума талант пен табиғат берген дарынның, әділдігі мен турашылдығының арқасында ел-жұрт арасында танымал болады. Үшіншіден, Тәуке ханның өлімінен кейін Қазақ хандығы тарихында бытыранқылық дәуір басталып, келте хандар көбейеді. Бытыранқылық ел бірлігіне, мемлекеттің тұтастығына нұқсан келтіреді. Мұндай жағдайды сыртқы күштер, әсіресе Жоңғария тиімді пайдаланады. Осы тұста Мөңке бидің ел бірлігін сақтау жолындағы атқарған қызметі анық көрініс табады. Әсіресе Әбілқайыр ханның өлімі мен Нұралы ханды сайлау мәселесінде Мөңке би елдік принципті ұстанып, жеңіске жетеді.

Қорыта келе айтарымыз, есімі ел аузында қалған нақыл, өсиет сөздерімен мәңгі сақталған Мөңке бидің өмір сүрген заманы қазақ халқының тарихындағы ең ауыр, ең күрделі кезеңдерге сәйкес келеді. Осындай күрделі кезеңдерде Мөңке би өзінің шешендігімен де, іс-қаракетімен де елдің бірлігі мен жер тұтастығын сақтап қалу сынды биік мақсұтқа қызмет етті. Мұндай тұлғалар қашан да елімен бірге мәңгі жасайды демекпіз.

МӘСЕЛЕЛЕРІ

яси дағдарысты пайдаланып, аумақты қиындықсыз бағындырады. Одан кейін жорық бағытын Орталық Азияның шекаралас бай өңірлеріне бұрады. Ол жақтағы сәтті жорықтардан кейін назарын Қазақ хандығына қарай бұрады. Қазақ хандығына қарсы жорығы XVII ғасырдың 80-жылдарынан басталады. Бұл кезде Қазақ хандығында билікке жаңадан Тәуке ханның келіп жатқан кезі еді.

Жастайынан діндар болған Галдан Тибеттегі дін басыларының қолдауына сүйеніп, Тибеттегі Далай-ламадан «Бошақту хан» – «Ізгі ниетті хан» атағын алады. Тіпті кейбір зерттеушілер Галдан хонтайшы өзіне «Шыңғыс ханды үлгі тұтып, оның жаулап алған елдерін екінші мәрте бағындыруды мақсат етті» деген ой айтады.

Галдан хонтайшының қазақтарға жорығы туралы 1722–1724 жылдары Цеван Рабданның Ордасына барып келген орыс елшісі Иван Унковский былай деп баяндайды: «Тауық жылы (1681) ол (Галдан Бошақту хан) жорыққа аттанып, Сайрамды қоршап алды. Ит жылы (1682) жорықтан қайтып оралып, ол Іле өзенінің жағасында қыстап шықты. Доңыз жылы (1683) тағы да Сайрамға аттанды. Жазда Галданның (әскербасы) Рабтан Сайрамды қиратты». Отандық тарихта Сайрам соғысы атанған бұл оқиғалар 1681–1683 жылдары өтеді.

Жоңғарлардың қазақтарға қарсы жасаған 1681–1683 жылдарғы ірі жорықтары мұсылман авторларының шығармаларында көрініс береді. «Тарих-и амний» еңбегінің авторы Мулла Мұса Сайрамы жоңғарлардың Сайрамды алуы туралы былай деп баяндайды: «...Біздің аталарымыздан естігеніміз бен жасы келген кәрі адамдардың айтуына қарағанда, осыдан 200 жылдай бұрын қазіргі Моғолстан жеріндегі хан орнына Іледе Құнтаджи (Хонтайшы) деген қалмақ келді, оның билігі шығыста Комул мен Баркөлге дейін, батыста Ташкент пен Сайрамға дейін, оңтүстікте Карангу-Тағқа дейін созылады. Ол кенеттен жорыққа шығып, Ташкент Сайрамын басып алып бағындырады да, билікті бір қалмаққа тапсырады. Оның қасына бірнеше қалмақты көмекші етіп қалдырады да, өзі Ілеге қайтып оралады. Сайрамдықтар қалдырылған қалмақтарды өлтіріп, бағынудан бас тартады. Сайрамнан қашып құтылған бірнеше адам Құнтаджыға келіп, болған оқиғаның бәрін айтып береді. Құнтаджи Ілеге соқпай, Сайрамға қайтып оралып, қаланы екінші рет басып алады да, тұрғындардың бір бөлігін өлтіріп, қаланы талан-таражға түсіреді.

Қалмақ басшысы Сайрамның игі жақсы үш тобының әрқайсысынан 20 отбасыдан, барлығы 60 отбасын бала-шағасымен, қызметшілерімен Ілеге алып кетеді. Оларды Іледе бір жылдай ұстап, сосын көне

Ясауи кесенесі маңында жерленеді. Әкесі мен туған ағасы қаза тапқан кезде Мөңке би 7-8 жаста.

Тәуке ханның 35 жылдық билігі тұсында Қазақ хандығында саяси тұрақтылық қалыптасып, орталықтан басқарылатын басқару жүйесі жұмыс жасап тұрды. Жоғары биліктің негізгі мақсаты мен міндеті – классикалық үлгідегі мемлекеттердің заңдары мен талаптарына сай болды. Басқаша айтқанда, жоғары билік басқару құқын иелену арқылы сол аумақтағы тұрғындардың жерін сыртқы күштерден қорғау міндетін жүзеге асырып отырды. 1697 жылы Галдан Бошоқту қайтыс болғаннан кейін, Сенгенің ұлы Цеван (Себан) Рабтан билікке келеді де, қазақ-жоңғар қарым-қатынасы бірден басқаша сипатқа ие болады. Егер Тәуке ханның билігі тұсындағы екі ел арасындағы қарым-қатынасты кезеңдерге бөлсек, онда алғашқы кезеңге 1680-1697 жылдар аралығын жатқызуға болады. Бұл кезеңде екі жақты қарым-қатынастағы белгілі оқиға – 1681-1683 жылдардағы Сайрам соғысы ғана. Ал екінші кезеңге 1698 жылдан Тәуке хан қайтыс болған жылға дейінгі аралық жатады. Осы аралықта тек жоңғарлар тарапынан қазақтарға қарсы 1698, 1711–12, 1714, 1715 жылдары ірі жорықтар жасалды.

Жоңғарлардың жекеленген өңірлерді ғана тонауға ұшыратқаны болмаса, қазақ елін толық бағындыруға, иеленуге бағытталған жорықтарына Тәуке хан билігі тойтарыс беріп отырады. Тәуке хан тұсында қазақ қоғамында жүргізілген саяси-әкімшілік және құқықтық өзгерістер нәтижесінде қазақ елі өзінің қорғаныстық қабілетін көрсете біледі. Көптеген қазақ батырлары осы кезде ел үшін, жер үшін жан аямай жоңғарлармен соғысады, тіпті кей кездерде өздері бірігіп, жоңғарлардан кек алу үшін оларға қарсы жеңісті жорықтар ұйымдастырады. Қазақ хандығының тұтастық дәуірінде хан билігі өзінің негізгі міндеті – ел мен жерді қорғауды ұйымдастыра алды деуге болады.

Ал жастайынан жетім қалған Мөңке би болса, атақты әрі танымал әулеттің өкілі ретінде, ең алдымен, дәстүрлі ұлттық тәрбие мен мұсылмандық білімді бойындағы тектілікпен ұштастыра өсіп, қалыптасады. Сондай-ақ жеке басындағы батырлық, ақын-шешендік, әділдік пен турашыл қасиеттері арқасында ел-жұртына кеңінен танымал бола бастайды. Тәуке хан қайтыс болған кезде оның жасы 40-қа келіп, өз руы мен тайпасындағы белгілі тұлғаға айналған кезі болатын.

Тәуке ханнан кейін Қазақ хандығы тарихында бытыранқылық кезең басталып, саяси дағдарыстар күшейеді. Орталық биліктің орнына жекелеген аумақтардағы кішігірім хандықтар мен беделі күшті сұлтандардың билігі қалыптасады. Дәл осы кезеңдегі қазақ қоғамында қалыптасқан



Гүлбану ҚОСЫМОВА,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

«Ұлы даланың киелі абызы» атанған Мөңке би туралы айту әрі мәртебе, әрі қиын. Мәртебе болатыны баршаға түсінікті. Қиын болатын себебі неде? Біріншіден, Мөңке би тұтас бір дәуірдің сипатын жырлаған жырау әрі шешен болса да, бізге жеткен мұраларының толық болмауы. Екіншіден, әдебиет зерттеушілері тарапынан көрнекті жыраулардың толғауларын бірнеше жыраудың атынан берілуі.

Мөңкені жырау әрі шешен еткен өмір сүрген дәуірі. Ұлылар туралы айтқанда «Дәуір тудырған тұлғалар» деген афоризмді жиі қолданамыз. Мөңке бидің дүниеге келуінің өзі бір хикая. Жоңғар шапқыншыларының шабуылы өршіп тұрған кез. Мөңкенің әкесі Тілеу батыр мен оның онбасы Аманның күрсініп, «қай заманға тап болдық, өз жерімізде жүріп, тіпті от жағуға да қорқатын болдық қой» деген диалогының өзі осыны аңғартады. Чорман Долонның жасақтары тыныштық бермей, жаудың шолғыншыларын бірін қалдырмай Тілеу мен Қабақ сарбаздары жойған күні дүниеге келген сәбидің бітімі де, қылығы да өзгеше болды. Ауылға асыға жетіп, дүниеге келген баласын қолына алған Тілеу батыр «Жұлдызың жоғары болсын» деп, баласын басынан асыра көтергенде сәби шалықтады. Тілеу жеңіл қағып, одан гөрі биіктеткенде сәби сықылықтады. Әкесі тағы әуелете қаққанда, Мөңкенің күлкісі үдей түсті. Танданған ауыл қариялары «мына баланың болашағы зор болады екен» деп топшылады. Қариялар баланың атын атакты Мөңке ханның есімімен атады. Қариялардың айтқаны айнымай келді. Мөңкенің жарық жұлдызы Ұлы даланың барлық түкпірінде сандаған ғасырлар бойы жарқырап тұрды. Баланың жаратылысындағы өзгешелік тегінен берілді. Мұнымен қоса Мөңкенің анасының құрсақтағы сәбиіне берген жан жылуы, сыршыл сезімі және әуелете салған бесік жырынан да болуы мүмкін. Әттең, мұны біз біле алмаймыз, себебі Мөңкенің анасы туралы ешбір мәлімет қалған жоқ.

Мөңкенің шешендігі бала кезінен белгілі болды. Шешендік дұрыс ойлап, дұрыс пайымдаудан туындайды. Қазақ елі тағына Тәуке хан сайланғанда, Түркістанға барып келген әкесі Тілеу мен көкесі Қабақтың «Жеті жарғы»

туралы әңгімесін тындап отырған бала Мөңкенің «Сонда ханға қарағанда заң маңыздырақ болғаны ма» деген сөзі таңғаларлықтай еді. Мөңкенің қылмысты дауға төрелік етуі 7 жасынан басталған. Жеті жасар Мөңкенің би атануы зеректігімен қоса, дала тарихын жетік білетін білгірлігінен де еді. Жеті атасының тарихын жетік білген Мөңке Ноғайлы Ордасының билеушісі Мұсаның үрім-бұтағынан екенін, тарихта аты мен ерлігі қалған Сирақ батырдың тұқымынан екенін білудің өзі оны ерте есейтіп, үлкен жауапкершілік артқанын болжау қиын емес. Бабасы Едігенің де жырын жатқа білген. Баба түкті шашты Әзиздің киесі қонған бала атанды. «Қаруың ақылың мен тілің болсын» деген әке аманатына адал Мөңке өзін толғандырған жайттарды қалт жібермей, жыр, толғау арнаған. Мөңкенің толғауы елдің төрт тарапына жетіп жатты. Сырым батырмен болған жыр сұхбаты, шеркеш Түрке және тама Нүрке билермен болған кеңесте айтқан шешендік сөздері, «Көлдегі көк үйрек» атты толғауы ел арасына тарап кеткен еді.

Мөңке би өз кезіндегі ел басына түскен әлеуметтік-саяси жағдайларға бей-жай қарай алмаған. Келелі істерге парасат пайымымен араласып отырған. Соның бірі – Әбілқайыр ханның ел билеу тарихында көп айтыла бермейтін бітімгерлік кеңесі. 1730 жылы өткен Кіші жүз билерінің үлкен кеңесінде екі мәселе қаралып, маңызды шешім қабылдау керек болады. Сонда Мөңке би: «Күшті жеңеді, ал ақылды ғана пайда көреді. Біз жоңғарларды Бұланты мен Аңырақайда екі рет жеңдік (бұл жеңістерде Мөңкенің «Елім-ай» әнінің негізінде қобызда тартқан күйінің сарбаздар рухын көтерген әсерінен. – авт.), бірақ осы жеңіс не берді бізге? Ерте ме, кеш пе, олар қайта бас көтереді. Мұның соны немен тынары бір Аллаға ғана аян. Сондықтан бізге жоңғарлармен соғысуды емес, келісімге келуді ойластыру қажет. Қандай азулы жыртқыш болмасын, алаулаған от басындағы адамдарға жоламайтыны белгілі. Жоңғарларға қарсы осындай оттың орнына біз Ресей көршімізді пайдалануымыз қажет», – деген екен. Бірақ билер кеңесі Ресеймен келіссөзді құптаған жоқ болатын. Кеңестің соңында Мөңке жаңа бір толғауды бастап кетті:

*Түрлі-түрлі халық болар,
Күндіз-түні жарық болар...
Жердің бетін жол қаптар,
Темір сыммен шимақтар...
Ақысыз ешкім еңбектенбес,
Жер бетін өнерімен айшықтар...*

Жыраудың осы шумақтағы айтпағы не болды? Күшті, өнерлі елдермен байланыс қазақ елін аман алып қана қоймайды, дамудың биігіне көтереді деген ой.

Әбілқайыр хан 1731 жылы, 10 қазанда Ресей бодандығын қабылдады. Қайтар жолда Әбілқайыр хан сыртқы істер коллегиясының мүшесі Тевкелевпен бірге Мөңке бидің ауылына түседі. Осы келісте олар Мөңке бидің болашақты болжаған жана бір толғауын тындады:

*Қу моладай тас үйің болады,
Жас баладан биің болады.*

*Үйің кейбір жерге теңеледі,
Сыр өзгізге теңеледі,
Көл теңізге теңеледі.
Ақырзаман адамы,
Сағынып тамақ жемейді.
Ащыны ащы демейді,
«Алхам» білгенін молда дейді.
Бір-біріне қарыз бермейді,
Шақырмаса, көрші көршіге кірмейді.*

Осында данагөй Мөңке басқа

өмір сүрген Мөңкенің бізге жеткен толғаулары мен шешендік сөздері аз ғана.

Нұржан Наушабайдың 1993 жылы 2 қыркүйекте «Ана тілі» газетінде Мөңке би сөзі деп берілген толғауында заман өзгеріп, өмір сүрудің жаңа тәсілдері орын алатынын, ақша алға шыққанда ата-баба жолынан айрылып, ұлттың мінез-құлқы да өзгертетінін, құндылықтар басқа сипатқа ие болатынын ес-

ЖЫРАУ,

елдің салты мен дәстүрі қазақ халқына әсер етпей қоймайды деп, өз халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін сақтаудың маңызы зор екенін тұспалдап жеткізген.

Мөңке тарихи маңызды оқиғаларға қатысты кеңес беріп қана қойған жоқ, оның әрбір толғауы тарихи оқиғаның сыр-сипатын жеткізген. 1738 жылы тамыз айында Әбілқайырдың бастамасымен тұрғызылған Орынбор қаласына Ресей патшалығына ант беруге жиналғанда Мөңке өзінің «Құрамалы қорғанды үйің болады» деген атакты толғауын айтқан еді. Осы толғауда айтылған әрбір сөз Ресей ұлығы Татищевке мірдің оғындай ауыр тиді. Себебі Мөңке Ресейге қосылғаннан кейін айнымалы, төкпелі биің, алашұбар тілің, дұдамалдау дінің, құны жоқ қағаз ақшаң болатынын тап басып айтты.

Мөңкенің шешендігі толғауларында ғана көрінбейді, кеңес түрінде берілген жай сөздерінен де аңғарылады. Мысалы, Жоңғар қонтайшысы Қалдан Церен он бес мың әскерімен Орта жүзге басып кіріп, Әбілмәмбет ханның қарамағындағы жұрт ауыр зардап шекті. Әбілмәмбет Ресейден Орта жүз жерінде бекініс салуын өтінді. Ал Ресей патшалығының Қазақ хандығына қатысты ұстанымы тұрақсыз болды. Ресей патшасы 1742 жылы қазақтар Жайық пен Ертіс өзендерінен бері өтпесін деген жарлық шығарғанда, Мөңке би Әбілқайыр ханға басу айтып, сабырға шақырған және Ресейдің түлкі бұлаңына төтеп беру үшін не істеу керек екенін айтқан еді: «Билесің бе, егер далада қоян көрсен, түлкі бола қал, ал түлкі көрсен, қасқырға айнал». «Ал қасқыр көрсем ше?» – деген Әбілқайырға: «Онда барыс бол, ал барысқа кезіксең, жылан бол, жыланға кезіксең, бүркітке айнал... Бірақ аң атаулының қай-қайсысы болмасын, айдаһардан қорқады! Айдаһар оңай емес, оның үш басы бар емес пе, бұл – қазақтың үш жүзі», – деп ауызбіршілікке шақырады.

Мөңке би Әбілқайыр хан өліп, таққа оның ұлы Нұралы отырғанда 73 жаста болған. Тарихи дерек көздерінде Мөңке би 1756 жылы қайтыс болды делінген. Сол кез үшін ұзақ

керткен:

*Қубыладан шыққан күн,
Жанып шығар деп еді.
Балғын-балғын көлдерден,
Балық шығар деп еді.
Екі басы қайқайып,
Қайық шығар деп еді.
Қазақ, сенің сорыңа,
Ойда қоқан, қырда орыс,
Жарып шығар деп еді.
Жұртын сатқан билерің,
Төс құлағы думанға,
Барып шығар деп еді.
Ақшасы көп билерің,
Өз сауабын ала алмай,
Қараңғы үйдің ішінде,
Қалып шығар деп еді...
Қазық басты халқыңнан,
Хан шығады деп еді.
Ақырзаман адамы,
Қинауына дүниенің,
Жетік шығар деп еді.
Толғауы жоқ, күйі жоқ,
Жыр шығады деп еді.
Оқшантай жоқ, кісе жоқ,
Белбеу шығар деп еді.
Жүгініс жоқ, малдас жоқ,
Көлбеу шығар деп еді.
Ендігінің адамынан,
Менмен шығар деп еді.
Ақырзаман адамы,
Құлағына дүниенің,
Тегіс шығар деп еді.*

«Қазық басты халық» деген тіркес басы байлаулы құлдың шенберінен шыға алмаған билеушінің де жалтақ болатынына қатысты айтылған. Ақырзаман адамы дүниенің қинауына да бой ұсынады. Ата салты түбірімен өзгеріп, көнбістікке бой алдырған халықтан ерлік іс туындамайды, белінде оқшантай да, кісе де жоқ, бірақ сәнді белбеу бар. Ер адамдардың жүгініп немесе малдас құрып отыруының өзі үнемі ширығып, тосын жағдайларға дайын отыруды көрсететін, ал көлбей жату – тыныштықтың символы. Ендігінің адамдары менмен, өзі білемге салынып, айтылған кеңеске де құлақ салмайды деген пайымдар жатыр.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің 1992 жылы басылған шығармаларының 2-томында берілген Мөңке бидің:

*Азарсың, жұртым, азарсың,
Азарыңның белгісі:
Заманақыр болғанда,
Ат қояндай болады,
Адам құмандай болады,*

Кәдеге садағын ілер.
Бөдененің жатқан жері қыс болар,
Байғыз деген құс болар.
Оның ғаріптігінен,
Жатқан жері тас болар.
Ел шетіне жау келсе,
Қолға алғаны тас болар.
Қайда мәртпен дос болар.
Кембағал байғұс баласы,
Жиырма бесте жас болар.
Жастығының белгісі,

назарын аударып, рухқа серпіліс беретін риторикалық сұрақ. Шеркеш Түрке және тама Нүрке билермен болған кеңесте Мөңке би:

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бір тоғанға қоныңыз.
Қарындаспен, туғанмен,
Бір туғандай болыңыз.
Өзіне кеңес салғанның,
Өрісі кең болмас па?
Жатқа кеңес салғанның,

ШЕШЕН



Ертеменен тұра алмас,
Беті-қолын жуа алмас.
Тепкілесең оянбас,
Белін қатты буа алмас.
Буса белі бос болар.
Сол жаманның көңілінде,
Есіл-дерті ас болар.
Ақырзаман болғанда,
Әр мешітте жақсылар,
Талтайған соны көп болар, —

деген толғауы азған елдің баласы жиырма бесте жалқау, жатып ішер, аңдығаны ас, ұйқышыл, ел шетіне келген жауды да аңдай алмайды деген ойды жеткізіп тұр.

Мөңке бидің шешендігі даналық ойларға, толғанысқа толы тәсілдерге құрылған. Сондай-ақ шешендік толғауда кездесетін тәсіл — жауап беруді тілемейтін, мәселеге жұрттың

Жазымға басы кетпес пе?
Жаманнан жесең бір қамшы,
Ол сүйегіңе жетпес пе? — дейді.

Адам мінезіндегі құбылмалы сипатты Мөңке «Түлкім жоғары шық» деген шешендік сөзінде береді: мейманның үйге кіргенде түлкі құсап құбылып кіретінін, қонақ біраз отырған соң жан-жағына үңіліп сыншыл кейіпке түсетінін, ал үйден аттанарда көрген-білгенін жыр қып айта жүретін қалпын жыршым деген сөзбен береді.

Қанша ғасыр өтсе де қазақ халқы Мөңке бидің толғауларына жүгінеді, одан ақыл-кеңес сұрайды, оған мұның шағады. Мөңке бабамыздың рухы шат болсын!

МӨҢКЕ БИДІ ТӘПСІРЛЕУДЕН ТУҒАН ЖЫР

(Басы 1-бетте)

Үш жүз жыл бұрын көрген ол,
Әйелің — базаршы болғанын,
Еркегің — қазаншы болғанын.
Жылқы — жұлдыз болғанын,
Қойың — құндыз болғанын.
Кебір — жерге теңелгенін,
Әйел — еркекке теңелгенін.
Көл — теңізге теңелгенін,
Сиыр — өгізге теңелгенін.
Ақырзаман адамы,
Сағынып тамақ жемейтінін.
Ащыны — ащы демейтінін.
Тапқанын — олжа дейтінін,
«Әлһам» білгенін,
Молда дейтінін.
Бір-біріне қарыз бермейтінін,
Шақырмаса,
Көршіге көрші кірмейтінін.
Ақшаны сарылып келіп тосатынын,
Құны жоқ қағазды,
Судай шашатынын.

Қайран да бабам Мөңке би,
Үш ғасыр бұрын болжаған:
Ақырзаман халқының,
Шайдан басқа асы жоқ екенін,
Жақыннан басқа қасы жоқ екенін.
Лағынет қамыты мойнында,
Жұмыстан қолы босы жоқ екенін.
Әрқашан да олардың,
Көңілінің хошы жоқ екенін.

Әулие бабам Мөңке би,
Үш жүз жыл бұрын көрген ғой,
Заманақыр боларда,
Жер тақыр болатынын,
Халқы пақыр болатынын.
Балалар жетім болатынын,
Әйелдер жесір болатынын.
«Ә» десе, «мә» дейтін,
Кесір болатынын.
Бас қосылған жерлерде,
Әйелдер жағы ден болатынын,
Жаман-жақсы айтса да,
Өзінікі жөн болатынын.
Ұят жағы кем болатынын.
Сөйткен заман кез болса,
Түзелуі қиын болатынын.

Сол Мөңке би көріпкел,
Үш ғасыр бұрын болжаған:
Құбыладан шыққан Күн,
Жанып шығатынын.

Жалғаны жоқ сөзінің,
Анық шығатынын.
Балғын-балғын көлдерден.
Балық шығатынын,
Екі басы қайқайып,
Қайық шығатынын.
Қазағымның сорына,
Қырда — Қоқан,
Ойда — орыс,
Жарып шығатынын.
Қылмысы жаққан қылықты,
Алып шығатынын.
Қылмысы жақпас қырсықтың,
Екі етігі су болып,
Бір жаратқан Тәңірге,
Налып шығатынын.
Ауылдарын шу қылған,
Жаулықтарын ту қылған,
Зайып шығатынын.
Келіні — айғыр,
Кемпірі саяқ шығатынын,
Бір уысқа толмайтын,
Аяқ шығатынын.

Оқшантай жоқ, кісе жоқ,
Белбеу шығатынын,
Жүгініс жоқ, малдас жоқ,
Көлбеу шығатынын.
Заманақыр адамы,
Менмен шығатынын,
Үй басына тақ еткен,
Келін шығатынын.
Бұзау, тайынша, танаға,
Жүк артылатынын,
Ағып жатқан дария,
Суы тартылатынын.
Өзі болған жегітке,
Қыз артылатынын,
Көкек айы болғанда,
Кемпір күйлейтінін,
Ендігінің қатыны,
Байын билейтінін.

Сол Мөңке би әулием:
«Туған байым болар!» — деп,
Аруақ шығар деп еді.
Сол аруақтың ішінен,
Ыңғайы жоқ жаманның,
Пышағы мен шақпағы,
Қалып шығар деп еді.
Бес қойға алған өгізің,
Тегін шығар деп еді.
Егін егін, тарының,
Сөгін жерсің деп еді.
Жалаң аяқшар иттерін,
Бегім дерсің деп еді.
Алысқа деген қамыстан,
Үй шығады деп еді,
Сол үйіңнің ішінен,
Құныс жауырын, қой бұтты,
Би шығады деп еді.

Соның бәрі шын болды,
Шын болғанын бір емес,
Жиылған миллион, мың көрді.
Мөңке би айтқан болжауы,
Қазақ үшін сын болды.
Күн дегенім түн болды,
Түн дегенім күн болды.
Адастырған халықты,
Ханның өзі жсын болды.
Мөңке бидің арманы,
Біз шыға алмас шың болды.
Қойдан қоңыр қазағым,
Әлдекімге құл болды.

Өсиет айтып, бабамыз,
Жамандықтан қаш деді.
Тазалықтың жолына,
Құшағыңды аш деді.
Оян, ойлан, қазағым,
Баба ойына құлақ ас,
Егер құлақ аспасаң,
Молаға қарай тұра қаш.
Сілкін, серпіл, түрегел,
Мақсат қойып алдыңа,
Ешбір халық шықпаған,
Өнер-білім, ғылымның,
Шыңын бетке ап жүре бер!
Сонда ғана көрінер,
Ақиқаттың ақ жолы,
Адалдықтан айнымас,
Әділеттің хақ жолы.
Сонда ғана жеткізер,
Берекенің орманы.
Орындалар тек сонда,
Мөңке бидің арманы.

БАЛАНЫҢ ТАПҚЫРЛЫҒЫ

Бірде Тілеу сегіз жасар ұлы Мөңкені ертіп, жолға шығады. Қалың тұман түсіп, олар бағытынан адасып қалады. Келесі күні жалғыз үй қонған жұрттың үстінен шығыпты. Сол үйдің көшкен сүрлеуіне түсіп жүре беріпті. Келе жатып бала Мөңке:

– Мына үйдің он ешкісі бар екен, бір үлкен көк серкесі бар екен, кара шолақ иті бар екен, — депті.

Кішкене жүргесін:

– Ата, мынау үйдің жалғыз түйесі бар екен, оң көзі соқыр екен, — депті.

Біршама уақыттан соң:

– Мынау үйдің әйелі екіқабат екен, ай-күні жақын, — депті.

– Шырағым, осы сен не айтып келе жатырсың? — депті әкесі.

Сонда бала:

– Мына көшкен үйді айтып келе жатырмын, — деп жауап қатады.

Сонда Мөңке би Сырымды нұсқап:

– Алты жасында алды дауыл, арты құйын атанған Сырым би бүгінгідей қуанышымыздың үстіне тап келіп отыр. Ал енді бидің батасының сырын айтайын. Құдай қаласа біз ағайын болғалы отырмыз. Екеуіміздің балаларымыз қосылып, ата жолын ілгері жалғастырмақшы. Сенің балаң маған келін болып түседі. Ол үш шаңыраққа ие болады. Біріншісі — қайын жұрты, екіншісі — нағашы жұрты, үшіншісі — төркін жұрты. Сол сияқты — менің балам саған күйеу болады. Ол да үш шаңыраққа ие. Олар — өз жұрты, қайын жұрты, нағашы жұрты. Демек, екі бала қосылғанда алты шаңырақ шығып тұр. Осы алты шаңырақтың іргесі ажыраспаса — онда біздің ағайындығымыздың мәңгіге кеткені. Осы аталған алты шаңырақ ажыраспаса — сол алты шаңырақты құрап отырған алты рулы елдің татулығы. «Құда — мың жылдық» деп осындай тамырлы жарастықты атаса керек. Сіз бен бізге,

Мөңкеге айтады: «Осы жігіттің үш жұрты бар дейді. Сондағы жаны ашитын, көз қырын салатын сол үш жұрттың қайсысы мақұл болады?» — депті. Сол кезде Мөңке би былай дейді:

– Құда үлкен, сосын қонақ үлкен деген, оны өзің шеш — дейді. Мұны үшке дейін айтады, аяғында өзі шешетін болады. «Мақұл, айтайын», — дейді Сырым би.

– Әуелі өз жұрты мақұл, сосын қайын жұрты мақұл. Ал үшінші нағашы жұрты мақұл болады — депті.

Сонда Мөңкенің шай құйып отырған он үш жасар қызы «өз жұрты мақұл» дегенде, оңға қарап басын бұрады. Сосын «қайын жұрты мақұл» дегенде, солға қарап басын бұрады, «нағашы жұрты мақұл» дегенде, басын еңкейтеді. Сонда Сырым би:

– Қарағым-ай мен қателестім бе? — деп қапаланып қалады. Сондағы қыздың

*Қотыр теке қой бастаса,
Қожа, молданы құдай ұрған шығар.
Хан қайғылы болса,
Халықты жеп, қарны шемен
болған шығар.*

*Біі бүкір болса,
Сөзі азып-тозған шығар.
Атадан ұл озса, еркін шығар.
Анадан қыз озса, шіркін шығар.
Сол уақыттағы қамқа тон*

*көнеріп тозса,
Асылдығы кеткен шығар.*

*Ақырзаман болғанда:
Түйе булан болар,
Жылқы құлан болар,
Өз бауырың суыған болар,
Қатын би болар,
Сиыр пұл болар,*

Мөңке бидің шешендік өнері

Көп ұзамай олар көшкен үйді қуып жетіпті. Келсе баланың айтқанындай, ол үйдің он ешкісі, бір көк серкесі, бір кара шолақ иті, оң көзі соқыр түйесі бар екен.

Тілеу сегіз жасар баласының білгірлігіне таңырқап:

– Балам, мұның бәрін қайдан білдің? — деп сұрағанда ол былайша жауап қайтарыпты:

– Үйдің қонған жерінде ешкінің жатқан орны он екен. Қақ ортасында маңайына ешкімді жолатпай көк серке жатыпты. Оның серке екенін ізінен білдім. Жүннің көк екенін орнында қалған қылшығынан білдім.

– Иттің шолақ екенін қайдан білдің?

– Ит құмда шоңқайып отырған екен. Отырған жерінде шолақ құйрығының ізі түсіп қалыпты және кара қылшық жатыр екен.

Әкесі:

– Түйенің он көзі соқыр екенін қайдан білдің?

– Жолшыбай жолдың сол жағындағы шөпті шалып жеп, оң жағындағы шөпке тимепті, сонан білдім, — депті.

– Әйелінің жүкті екенін қайдан білдің? — дегенде:

– Ол түзге отырған жерінде екі қолын тіреп орнынан тұрған екен. Екіқабат, күні жақындағанын содан білдім, — деп жауап беріпті Мөңке.

(Б.Адамбаев «Шешендік шиырлары» кітабынан)

ҚҰДА МЫҢ ЖЫЛДЫҚ

Ертеректе Сырым батыр алты серігімен бірге жол жүріп келе жатып, атакты Мөңке бидің ауылына жолығады. Би кенже баласын үйлендіріп, құда шақыру жоралғысын орындау үстінде екен. Мөңке құдайы қонақтардың келгенін естісімен жігіттеріне оларды өзі отырған үйге түсіруге әмір береді.

Астан соң қонақтарына қарап: «бата етіп жібер» дегенде, айтқан ақ тілегінің сонынан Сырым:

– Алты шаңырақтың іргесі ажыраспасын! Әумин! Әумин! — деп аяқтайды.

Батадан кейін құда:

– Мен мына құдайы қонақтың берген батасын түсінбей отырмын. Бұл кісі: «Алты шаңырақтың іргесі ажырамасын» деді. Қонақтардың өздері — алты адам, алтауы — алты шаңырақтың иесі. Сол алты шаңырақтың іргесінің ажыраспауын айтып отыр ма? Болмаса осы жерде алты ақ шатыр тігулі тұр. Алтауының алты шаңырағы бар. Осылардың іргесінің ажыраспауын айтып отыр ма? — деп сауал қояды.



келешек шаңырақ иелеріне де қажеттісі осы емес пе? — дейді.

(Т.Кәкішев «Билер сөзі»).

ТҮЛКІМ ЖОҒАРЫ ШЫҚ

Бір жігіт Мөңке биді көруге құмар болып, іздеп келеді. Есіктен кірген жігітке Мөңке:

– Түлкім, жоғары шық, — дейді.

Шай келеді. Бір-екі аяқ шай ішкен кезде Мөңке:

– Сыншым, сөйле, — дейді.

Жігіт түсінбей отыра береді. Жігіт кетер кезде:

– Жыршым, енді ұлықсат, үй-ішіңе аман жет, ел-жұртыңа сәлем ай! — дейді. Жігіт сауал қояды:

– Сіз маған үш сөз айттыңыз. Осы тұспалдарыңызды мен түсінбедім. Нені меңзегеніңізді айта кетсеңіз.

Мөңке сонда былай деп жауап қайтарыпты:

– Түлкіге ұқсап құбылып келдің. Әр мейман кірер кезде сен сияқты толқып келетіндіктен, соны айттым. Қонақ біраз отырған соң үйдің оң жақ, сол жағына қарап сынап бастайды. Сыншым дегенім — сол. Қонақ үйден аттанғанда көрген-білгендерін қыр қылып айта жүреді. Жыршым дегенім — сол. (Т.Кәкішев «Билер сөзі»).

ЖІГІТТІҢ ҮШ ЖҰРТЫ

Ертеде Мөңке деген би болады. Соған руы Байбақты Сырым би деген он екі аталы Байұлына жататын адам келеді. Ол Мөңкенің уақытында болған екен. Бірақ Мөңкеден кішілігі бар. Сол Мөңкеге сәлем беруге барады. Сырым би барғасын Мөңке бидің төңірегі жиналып қалады. Сырым би Мөңке бидің үйінде бір жеті жатады.

Бір күні әңгімелесіп отырса, Сырым би

берген жауабы: «Ата, сөзің жесір кетті, — дейді, — жау жақыннан келеді. Жақын бар болса көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды. Жақын адам күндейді. Ал қайын жұрты сыншыл болады, артық оның жәрдемі де жоқ. Жүдеп-жадап жүргенде, көз қырын салатын жігіттің нағашы жұрты ғой», — депті.

Халық әдебиетінде Сырымды Кіші жүздің атакты Малайсары, Мөңке, Алдар, Әйтеке, Саржалақ, Есте, Үкі, Ақсуат, Төле билермен ақыл-кеңес алдырады. Олардан «көпшіл бол, халықтан қол үзбе» деген баталар алады. Сырымға: «Досың кім, дұшпаның кім?» деген сауалдар қойылса керек. Сонда ол: «Досым — алаштың азаматы, дұшпаным — жаман туған-туысканым!» — десе керек.

(М.Тілеужанов «Сырым Датұлы және оның шешендік сөздері»).

МӨҢКЕ БИДІҢ ЖҰМБАҒЫ

Жиылған көпшілікке Мөңке би жұмбақ айтыпты:

*Кермиық кеңесінен қалды,
Шалқасқа шабысынан қалды,
Қотыр теке қой бастады,
Тауқұдірет ел бастады,
Ханы қайғылы болды,
Биі бүкір болды,
Атадан ұл озды,
Анадан қыз озды,
Сол уақыттағы қамқа тон
көнеріп тозды.*

Ешбірі жұмбағын шеше алмаған соң өзі сөйлеп кетіпті:

*Кермиық кеңестен қалса,
Ақылынан танған шығар,
Шалқасқа шабысынан қалса,
Аузынан шалған шығар.*

*Туған балалар қу болар,
Тамағы сары су болар,
Итке құйсаң, ит ішпес,
Адам оған құмар болар,
Үй ішінде неше жан болса,
Бас-басына би болар,
Тұтам ағаш ту бие болар,
Бір жерде тұрған оншақты үй болса,
Ат атасы аталып, бөлек-бөлек
жүйе болар,*

*Ыштат деген заң шығар,
Екі ауылдың арасы арбамен
дүбір болар,
Екі үйдің арасы екеу-екеу
сыбыр болар...*

*Заманақыр болғанда:
Ешкі тұяқ, кесік бас,
Етік шығар деп еді.
Әкесінен баласы,
Жетік шығар деп еді.
Қара жерді қақ жарып,
Еділ менен Жайық шығар деп еді.*

*Қара судың үстінде
Екі басы сүйреңдеген,
Қайық шығар деп еді.
Қайықпенен аулайтын,
Балық шығар деп еді,
Тәуірсіңген жігіттер,
Атым шығар деп еді.*

*Жалқы-жұман жігіттер,
Бір орысқа жүрдің деп,
Налып шығар деп еді.
Заманақыр болғанда:
Су тартылар деп еді,
Қарап тұрған жігітке,
Қыз артылар деп еді.*

*Оқшантай жоқ, кісе жоқ,
Белбеу шығар деп еді.
Салы орамал шыққанда,
Салқам болар заман деп еді.
Тері орамал шыққанда,
Түрленер заман деп еді.*

*Заманының болған шағында,
Мөңке би атаңның айтқаны келер.
Заманның ақыры жақындағанда:
Жылқының жүйрігі кетіп,
шабаны қалады,*

*Сөздің маңызы кетіп, самалы қалады,
Бидайдың ұны кетіп, сабаны қалады,
Әйелдердің ұяты кетіп, ажары қалады,
Әулиенің аруағы кетіп, мазары қалады,
Жігіттің қайраты кетіп, базары қа-
ладады,*

*Жақсының атағы кетіп, азабы қалады.
Сол уақыттар болғанда,
Адамның жақсысы кетіп
жаманы қалады.*

*Сирек-сирек ел болады,
Тырна қатар би болады,
Шалқар көлдер жер болады.
Адамның мейірманшылығы кетіп,
Көзінің жасы көл болады.
Шалқар көл мен өзеннің,
Үстінен сым тартылған жол болады,
Басың аман, бауырың аман болғанда,
Отырғаның да, көргенің де шер болады.
(Б. Адамбаев «Шешендік сөздер»)*

Қазақ ғылымының ғибратты жолында өзіндік қолтаңбасын қалдырып, ұлттық руханиятқа адал қызмет етіп келе жатқан белгілі ғалымдарымыздың бірі, қазақтың таланты қыздарының қатарында есімі ілтипатпен аталатын ғалым, ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор, Еуропа жаратылыстану академиясының академигі, Украинадағы Әдебиет және өнер халықаралық академиясының академигі Алуа Берікбайқызы Темірболат замандастары мен әріптестерінің, шәкірттерінің арасында білім мен парасаттың, ұстаздық пен ғалымдықтың жарқын үлгісі болып келеді.

Алуа Берікбайқызының әдебиетке деген құштарлығы, сөз өнеріне деген сүйіспеншілігі оны мектеп қабырғасынан түлеп ұшқан бойда қазақ ғылымы мен білімінің кара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетіне орнықтырды. Студент атанған күннен бастап ізденімпаз қыз Алуаның ғылымға, әдебиетке деген ынтасы ерекше еді. Сабақтан тыс уақытының бәрін кітапханада өткізіп, жоғарғы оқу орнында білімін тереңдетті. Ғылыми конференцияларда баяндама жасап, әдебиеттің өзекті мәселелеріне арналған басқосуларда сөз сөйлеп, өз көзқарасы мен пайымдауларын батыл әрі табанды түрде қорғауға дағдылана бастады. Болашақ ғалымның зерттемпаздығы мен табандылығы ұстаздарының назарын аударды. Ғылым жолындағы алғашқы зерттеулері қазақ әдебиетінің өзекті мәселелеріне арналды.

Алуа Берікбайқызы әдебиеттану саласында тың ізденістер жасап, ұлттық сөз өнерінің тарихы мен теориясын терең зерттеген еңбектерімен кеңінен танылды. Оның ғылыми еңбектері қазақ әдебиетінің классикалық дәстүрі мен қазіргі даму үрдісін тоғыстыра отырып, жаңа көзқарастар ұсынды. Ғалымның монографиялары, зерттеу еңбектері мен мақалалары республикамыздағы ғана емес, шетелдік ғылыми басылымдарда да жарияланып, отандық әдебиеттану ғылымының дамуына септігін тигізіп келеді.

Ғалым жазған ерекше еңбектің бірі – риторика (З.Сейтжанов, Ж.Баянбаевамен бірлікте) деп аталатын оқу құралы. Оқу құралы 2006 жылы «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген. Оқу құралында шешен сөз теориясының тарихы, қалыптасуының негізгі кезеңдері, риториканың дербес ғылыми пән ретіндегі өзіндік ерекшеліктері сараланады. Шешен сөзді құрастыру ұстанымдарына, тілдік мәдениетке, пікірталас өнеріне, кәсіби және тұрмыстық қатынастағы сөйлеу мәдениетіне назар аударылған.

Жеті тараудан тұратын оқу құралында терең ой тебіренісінен туған шешендік өнер билер дәуірінде ерекше дамып, қоғамдық-әлеуметтік өмірдің барлық саласында маңызды рөл атқарған әрі әдеби тіліміздің қалыптасып дамуына ықпал еткен. Оқу құралының бір тарауында риторика бір-бірімен бірнеше бөлімнен (инвинция, диспозиция, элокуция, акция) тұратынын анықтайды. Ең бастысы, шешендік өнер теориясының қалыптасып, дамуына жан-жақты тоқталады. Сондай-ақ риториканың пайда болуына қоғамдық мәселелерді ашық түрде талқылау қажеттілігі негіз болды деген болжамға келеді. Сондықтан да аталған оқу құралы соныдан соқпақ тартқан бағалы,

Құрмет пен сенім

ғылыми құндылығы жоғары, тартымды да қызықты еңбек болып табылады.

Аталған ғылыми еңбектен басқа Алуа Берікбайқызының қаламынан «Қазіргі хронотоп мәселесі» (Алматы, 2003), «Әдебиет теориясы» (Алматы, 2009), «Әдебиет поэтикасы» (Алматы, 2011), «Әдебиеттануға кіріспе» (Алматы, 2016), «Әдебиеттанудағы мектептер мен бағыттар» (Алматы, 2021) атты оқу құралдары мен «Абайдың поэтикалық әлемі» (Алматы, 2015 Н.Кенжеғараевпен бірлесіп жазылған), «Әдебиеттегі хронотоп пен темпоралды ырғақ категориялары» (Алматы, 2009), XX ғасырдың басындағы қазақ романындағы тәуелсіздік идеясы. Ұжымдық монография, (Алматы 2013), т.б. монографиялар дүниеге келді. Бұл ғылыми еңбектер отандық әдебиеттану ғылымына қосылған сүбелі, салмақты ғылыми жаналықтарға толы дүниелер болды. Ғалымның еңбектері республикамыздың барлық жоғарғы орындарының оқу үрдісінде кеңінен қолданылуда.

А.Б.Темірболат – әлемдік әдебиеттануда алғаш рет темпоралды ырғақ теориясын, көркемдік хронотопкатегориясының жаңа концепциясы мен зерттеу әдістемесін жасаған ғалым. Ол көркем уақыт пен кеңістік, темпоралды ырғақ, әдебиеттанудың теориялық, философиялық әдіснамалық мәселелерімен және пәнаралық зерттеулермен үздіксіз айналысып келеді. Ғалым тәжірибелік риторика, нейролингвистикалық программалау, қарым-қатынастың психологиялық мәселелеріне, оқу үдерісіндегі пайдаланылатын инновациялық технологиялар мен әдістерге баса назар аударады. Алғаш рет әдебиеттану пәндерін оқытуда case-study, бағдарламаланған оқыту, data mining сияқты әдістерді енгізіп, оқу үдерісінде сәтті пайдаланылуда.

Ғалым Алуа Темірболат – 200-ден астам ғылыми еңбектердің авторы. Соның ішінде 8 оқу құралы, 7 монография бар. Алуа Берікбайқызы бірнеше шетелдік танымал, іргелі оқу орындарында тағлымдамадан өтті. Лондон қаласындағы Жаһандық университетте (UCL) оқытудың инновациялық әдістері бойынша (Ұлыбритания) 2009 ж. Дуйсбург университетінің Біліктілікті арттыру институтында персоналды басқару менеджменті бойынша (Германия) 2001, Инновациялық оқыту әдістері, ағылшын тілі және британ әдебиеті бойынша EF мектебі (Сент-Джулианск Мальта). Бірнеше шет тілін еркін меңгерген ғалымның бұл тағылымдамалардан аларының да, берерінің де мол болғаны сөзсіз.

Бүгінгі таңда танымал ғалым, ұлағаты ұстаз, білікті басшыға айналған Алуа Берікбайқызының саналы ғұмыры өзі оқыған, қазір жемісті еңбек етіп жүрген сүйікті университетімен тығыз бай-



ланысты. Филология факультетінде 23 жыл жұмыс істеп, соның ішінде 14 жыл қазақ әдебиеті мен әдебиет теориясы кафедрасының меңгерушісі лауазымын абыроймен атқарып келеді. Кезінде ұлы жазушымыз, қазақ әдебиетінің классигі М.Әуезов, көрнекті ғалымдар Б.Кенжебаев, З.Қабдолов, Т.Кәкішев секілді қазақ әдебиеті мен ғылымының алыптары, ұлт мақтаныштары басқарған, солардың ізі қалған кафедраны басқару – екіншісінің бірінің мандайына бұйыра бермейтін бақыт. Бұл университет басшылығының талантты ғалым қызға деген, оның ғылым жолындағы қарым-қабілетіне, қажырлы еңбегіне деген құрметі мен сенімі, бағалауы деп қабылдадық.

Алуа Берікбайқызы меңгеруші болған он төрт жыл ішінде кафедра оқу үрдісі мен ғылым, тәрбие саласында бірталай жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтар болсақ, мемлекеттік аттестаттау мен 5 халықаралық аккредитациядан сәтті өтті; Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша магистратура мен докторантураға лицензия алды; Әдебиеттану, Қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтары бойынша диссертациялық кеңес ашты; «Әдебиет» РОӘК-нің секциясын ашты. Әдебиеттану мамандығын бакалавриат-магистратура-докторантура бойынша классификаторға кіргізіп, лицензия алып, мамандарды сәтті дайындап жатыр. Кафедра Лондон қаласындағы үлкен ғылыми қоғамның мүшесі болды; ББ жанартып, қазіргі заманға сай пәндер енгізілді; Жамбыл атындағы Ғылыми орталығы мен Д.Досжан атындағы Ғылыми-шығармашылық орталық ашылды; Қазір Гүлистан мемлекеттік университетімен бірге Ажинияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогика институтымен қос дипломдық бағдарлама жасалып жатыр. Омбы қаласындағы ҚазҰУ филиалына Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша ББ дайындалып, студенттер қабылданды.

Қазіргі таңда Алуа Берікбайқызы басқарып отырған қазақ әдебиеті

мен әдебиет теориясы кафедрасының ғылыми потенциалы жоғары. Кешегі ұлылардан қалған дәстүр сабақтастығын тауып, сәтті жалғасуда. Кафедра бір ұжым, бір мықты команда болып, бір-біріне деген сыйластық пен құрметі жарасқан орта ретінде сапалы білім, саналы ұрпақ тәрбиелеу бағытында жемісті еңбек етуде. Бұл да кафедра меңгерушісінің ұйымдастыра білушілік қабілеті мен адалдық алаңын қалыптастыра білу шеберлігінің бір көрінісі десек болады.

Ғалымдығы мен ұстаздығы қатар өрілген Алуа Берікбайқызының тағы бір ерекшелігі – жастарға тәлімгер бола білгені. Ол университет қабырғасында ондаған жылдар бойы дәріс оқып, шәкірт тәрбиелеп келеді. Көптеген жас ғалымдардың ғылымға бет бұруына бағыт-бағдар беріп, ғылыми жетекші болды. Ғалымдық, ұстаздық жолдарын сәтті жалғастыруына себепші болды. Оның шәкірттері бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде ғылым мен білім саласында табысты еңбек етіп жүр.

Алуа Берікбайқызы ғылыми еңбектермен ғана шектелмей, қоғам өміріне де белсене араласып келеді. Ол түрлі конференциялар мен халықаралық симпозиумдарға қатысып, қазақ әдебиеті мен ғылымын шетелдік ғылыми қауымдастықтарға танытуға үлес қосып жүр. Сондай-ақ еліміздегі мәдени-ағартушылық бастамалардың бел ортасында жүріп, қоғам игілігіне қызмет етуде. Қарттар үйі мен балалар үйінде жақындарының жылуы мен қамқорлығынан тыс қалған жандарға арнап әріптестері мен шәкірттерін ұйымдастырып, қайырымдылық шараларын өткізуді дәстүрге айналдырған. Осы бір қамқорлық жандардың кірбін ұялаған көңілдеріне мейірім шуағын себуді де назардан тыс қалдырмайды.

Көрнекті ғалымның көп жылғы ғылыми-шығармашылық еңбегі мен қоғамдық қызметі әділ бағаланып, бірқатар марапаттарға ие болды. Ол ҚР Президенті стипендиясының иегері, Таланты жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың үздік оқытушысы, «Еуропалық сапа» еуропалық ғылыми-өндірістік консорциумының алтын медалі, «Триумф» Н.В.Гоголь атындағы Халықаралық әдеби сыйлығының иегері, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің «Ерен еңбегі үшін» медалін, М.О.Әуезовтің 125 жылдық мерейтойына арналған ТҮРКСОЙ медалін еншілеген.

Бүгінде Алуа Темірболат – қазақ филология ғылымының биігінен көрінген, ұстаздық пен ғалымдықты қатар алып жүрген, еліміздің руханият әлеміндегі айтулы тұлғаларының бірі. Мерейтой иесін ғылымдағы жемісті еңбектерінен, шәкірттерге деген мейірімінен, ұлттық әдебиетке деген адалдығынан танимыз. Ұзақ жылдар бойы еткен еңбегі ел игілігіне айналып, қазақ әдебиеттану ғылымының дамуына зор үлес болып қосылды. Алдағы уақытта да ғылымға деген тынымсыз еңбегі мен ұстаздық жолындағы қиын да қызықты қызметі жас ұрпаққа сапалы білім беріп, ұлттық рухы жоғары азаматтарды тәрбиелеуде жалғасын тауып, өз жемісін береді деген сенімдеміз.

З.СЕЙТЖАНОВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор

С.ТІЛЕУБАЕВ,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент



**Бижомарт
ҚАПАЛБЕК**

Жаңартылған оқу бағдарламасы енгізілген 2016 жылдан бастап, біз оның кемшіліктерін айтумен келеміз. Иә, әдебиет пәнінің бағдарламасы қате! «Жаңарған» деген желеумен ұсынылған өзгерістер іс жүзінде пәннің табиғатына қайшы. Әдебиетті негізгі миссиясынан айырды. Бағдарламада жүйелілік сақталмай, мазмұн үстірт беріле салған. Соның салдарынан оқушы әдебиеттің тұтас бітімін емес, үзік-үзік ақпаратты ғана меңгереді. Бұл ұлттық рухани қазынаны толық жеткізудің орнына, жас ұрпақтың санасында әдебиеттің мәнін тарылтып жіберетін қауіпті құбылысқа айналып отыр.

Әдебиет — тарихты да, салт-дәстүрді де, халықтың арман-мұратын да бойына жинақтаған ұлттық тәрбиенің ең қуатты құралы. Бала әдебиетті оқи отырып, елін, жерін сүйіп өседі, жақсылық пен жамандықты ажыратады, адамгершіліктің мәнін ұғады. Әдебиет пәнінің басты мақсаты — оқушыға сөз үйрету емес, ұлттық рухын көтеру, оны елдің азаматы ретінде қалыптастыру. Әдебиетсіз ұрпақ — тамырсыз ағаш. Бала әдебиет арқылы ғана елдік пен ерліктің, ізгілік пен парасаттың дәнін бойына сіңіреді. Сондықтан мектептегі әдебиет пәнінің түпкі миссиясы — ұлтты тәрбиелеу, рухы берік ұрпақ өсіру.

Бұл бағдарлама қолданысқа енгізілгеннен-ақ сын көп:

1) Б.Қапалбек (Әдебиетті жүйесіз оқыту кімге қажет? «Қазақ әдебиеті» газеті. 26.01.2018);

2) Ж.Дәдебаев (Қазақ әдебиеті пәнінің жаңартылған бағдарламасы. «Қазақ әдебиеті» газеті. 09.03.2018);

3) Б.Жұмақаева (Әдебиет пәні қалай оқытып жүрміз? «Қазақ әдебиеті» газеті. 01.12.2020).

Авторлар бағдарламаның кемшіліктерін барынша дәлелдеген. Мәселен, филология ғылымдарының докторы Жаңғара Дәдебаев өзінің мақаласында жаңартылған бағдарламаның кем-кетігін талдап, түзету жолдарын көрсеткен, Б.Блум таксономиясының танымдық деңгейлері жаңа бағдарламада жүйесіз қолданылып жүргенін дәлелдеген. Ал педагогика ғылымдарының докторы Береке Жұмақаева мақаласында әдебиет пәнінің мақсатынан бастап, оны оқытудағы қателіктерді түгел тізіп шыққан.

Мақаламызда біз де ондағы толып жатқан олқылықтарды атап көрсеттік. Соның бірі — қазақ әдебиетінің әр дәуірін бастап тұрған тұлғалардың толық қамтылмауы. Әдебиеттің әр дәуірін алға сүйреп, жаңа арна ашқан тұлғалар болады. Оларсыз әдебиет тарихының да, рухани дүниеміздің де толық бейнесін елестету мүмкін емес. Бірақ мектеп бағдарламасында осындай ірі қаламгерлердің аты аталмай қалған. Мысалы, елдік рәмізіміз — әнұранның авторларының бірі, жалынды ақын Жүмекен Нәжімеденов жоқ. Қазақ әдебиетінің қазынасына отызтомдық мұра қалдырған Мәшһүр Жүсіп те ескерілмеген. Қысқа әңгіме жанрының хас шебері, қазақ прозасын жаңа деңгейге көтерген

Бейімбет Майлиннің әңгімелері де назардан тыс қалған. Бұл — жай ғана бір-екі есімнің ұмытылуы емес, әдебиеттің тұтас дәстүрінің үзіліп қалуы. Бағдарламадан классиктерді шеттету — оқушыға қазақ сөз өнерінің арқауындағы басты өзекті көрсетпеу деген сөз. Ұлт әдебиетінің негізгі дінгегінсіз қалған мектеп оқушысы әдебиеттің болмысына үнілмей, тек жекелеген үзіктерін ғана көреді.

Екінші бір үлкен мәселе — ауыз әдебиетінің тар шеңберде берілуі. Қазақ әдебиетінің қайнар бастауы саналатын

ауыз әдебиеті Керкұла атты Кендебай, Қобыланды, Қыз Жібек, Асан қайғымен ғана шектеліп қалған. Сонда қазақ оқушысына халқымыздың ғасырлар бойы жинаған мол мұрасы — «Бабалар сөзі» жүзтомдық қазынасы енді қажет емес пе? Мақал-мәтел, жұмбақ, айтыс, тұрмыс-салт жырлары, ертегілер мен шешендік сөздер қайда қалды? Егер бала осы шектеулі үлгімен ғана тәрбиеленсе, онда ол ауыз әдебиетін тұтас дүние емес, жалаң үзінділер жиынтығы ретінде қабылдамай ма? Халқымыздың көркемдік ойлау әлемін толық көруге мүмкіндік бермей, оның бірер бетін ғана ашу — болашақ буынды рухани жұтандыққа итермелеу емес пе?

Ауыз әдебиетін шектегені аздай, қазақ руханиятының алыптарын да бағдарлама жарым-жартылай ғана көрсетеді. Қазақ әдебиеттану ғылымы мен тіл білімінің негізін қалаған, бүкіл қазақ филологиясының көшбасшысы, атасы Ахмет Байтұрсынұлының бүкіл орта мектеп бойы тек «Егін бастары» мен «Адамдық диканшысы» өлеңдері ғана ұсынылған. Сонда ұлттың ар-ожданы саналатын Ақанды екі өлеңінен тану мүмкін бе? Оның ғалым ретіндегі еңбектері, ағартушылық жолы, ұлтқа қызмет еткен күрескер тұлғасы қайда? Оқушыға Ақаң тек символдық деңгейде, аты бар да заты жоқ бейне ретінде ғана көрсетілген.

Сол сияқты Абайдан кейінгі қазақ поэзиясының ең ірі өкілдерінің бірі Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы «Батыр Баян» поэмасымен ғана шектелген. Ал оның сыршыл лирикасы, сезімге толы махаббат өлеңдері, ұлт тағдырын жырлаған поэзиясы қайда қалды? Мағжанды бір поэмамен ғана таныту — алып ақынды жартылай көрсету емес пе? Әдебиет пәні алыптардың бейнесін толық ашпай, тек формалды түрде «ат қойып, айдар тағумен» ғана шектелсе, ол балаға ұлт руханиятының шынайы биігін көрсете ала ма?

Ал енді ең сорақысы — бір тоқсан бойы (24 сабақ) оқушыға бар-жоғы бір-екі ғана шығарманы оқыту және талдату. Бұл — уақытты ысырап ету ғана емес, баланың ой-өрісін шектеп, әдебиеттен жалықтыруға апаратын жол. Мәселен, 9-сыныпта төртінші тоқсанда бүкіл 24 сабақ бойы Н.Айтұлының «Бәйтерек» поэмасы мен Кнут Гамсунның «Аштық» романы ғана оқытылады. Сонда қазақ баласы бір тоқсан бойы екі-ақ туынды-

дан не үйренеді? Әдебиеттің кең әлемі қайда?

Бұл қазақ мектебінде қазақ баласын рухани аштыққа душар ету емес пе? Әдебиет — көп үнді, сан қырлы, әр дәуірдің өзіндік бояуы бар рухани қазына. Ал бағдарлама соның барлығын екі туындыға сыйдырып бергісі келеді. Әсіресе жиырмамыншы ғасырдың басын, сол кезеңнің шындығын айна-қатесіз бейнелеген Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезовтің әңгімелері неге толық енгізілмеген? Оқушы бір дәуірді

Мәселен, «Қазақ әдебиеті 6-сынып оқулығын» қарасақ:

Асыл сөз;
Ауыз әдебиеті;
Батырлар жыры;
Қобыланды батыр;
Алпамыс батыр;
Әсірелеу, шендестіру;
VII—VIII ғасыр әдебиеті;
Күлтегін;
XIX ғасыр әдебиеті;
Дулат Бабатайұлы
«О, Ақтан жас, Ақтан жас»

Жаңартылған

бір-екі шығармадан ғана таныса, ол тұтас әдеби құбылысты қалай түсінеді? Бұл, шын мәнінде, көркем сөзді тұмшалау, ұлт әдебиетінің алыптарын тасада қалдыру емес пе?

Қазақ әдебиеті пәніне 5–11-сыныптар аралығында алты жүзден аса сағат бөлінеді. Бірінші сыныптағы ана тілі пәнінен бастап, Әдебиеттік оқуға ұласатын бастауыш мектепті қоса есептесек, мың сағаттан асады екен. Бұл — аз емес. Егер бесінші сыныптан бастап, әр шығарманы талдауға орта есеппен үш сағаттан бөлінді деп есептесек, ең кемі 200-ден аса туындыны оқуға мүмкіндік бар. Бірақ қолдағы бағдарламаның түрі болса мынау. Бір оқу жылына берілетін 108 сабақтың ішінде бар-жоғы 12–14-ақ шығарма қарастырылған. Бұл нағыз қолдан жасалған шектеу емес пе? Мәселен, 5-сыныпта жыл бойына небәрі 14 шығарма, 8-сыныпта — 16, ал 11-сыныпта бар болғаны 8 туынды ғана оқытылады. Оқушының әдебиетке бөлінген алтын уақытын осылайша қысқарту — ұлттық рухани қазынаны өз қолымызбен тарылту деген сөз. Қарап отырсақ, сағат бар, уақыт жеткілікті, бірақ мазмұн жоқ. Сонда қазақ баласы әдебиеттен не үйренеді? Жүздеген ақын-жазушы, мыңдаған көркем туынды тұрғанда, оқушыға санаулы ғана шығарманы ұсына салу — әдебиеттің құдіретін қолдан кішірейту емес пе?

Бұрынғы кезде әдебиетті дәуірлеп оқытатын. Әдебиетті орта мектепте оқытудың тарихына қарап отырсақ, килы-килы жайлар болған. 1929 жылы Алаш әдебиетін, 1937 жылы большевикпін деп жүрген ақын-жазушылардың да біразының көзін жойған қазақ совет әдебиетінің балаға оқытқан шығармаларының сыйқы мынау болды:

1938 жылы орта мектептердің 7-класына арналған оқулыққа енген авторлар:

Абай Құнанбаев «Аттың сыны», «Аңшылық туралы», «Масфұт»;
А.С.Пушкин «Бекетші»;
А.П.Чехов «Путлярдағы адам»;
М.Горький «Челкаш», «Дауылпаз туралы жыр»;
Ж.Жабайұлы «Сәлем», «Достық жыры»;
Д.Бедный «Зейнеттің әні»;
С.Стальский;
Я.Купала;
С.Мұқанов;

«Ақ аю» және т.б. Біразы орыс ақын-жазушылары. Сондай да заман өткен. Отыз жетінің ойранынан кейін тігерге тұяқ қалмаған ғой.

Әдебиетті дәуірлеп оқыту осы жаңа бағдарлама келгенге дейін жалғасты.

Сүйінбай Аронұлы
«Жақсы мен жаман адамның қасиеттері»;

Абай Құнанбайұлы
«Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ»,
«Отыз бірінші сөз»,
«Құлақтан кіріп бойды алар»,
«Әсемпаз болма әрнеге»,
«Өлең туралы»;
XX ғасыр әдебиеті;
Сұлтанмахмұт Торайғыров
«Шығамын тірі болсам, адам болып»,
«Мен — қазақ» және т.б.

Әдебиетті дәуірлеп оқытудың осал тұстары бар. Бір қарағанда, ол фольклор, халық ауыз әдебиетінен бастап, Абай, Шоқан, Ыбырай, одан кейін XX ғасыр мен қазіргі заман әдебиетіне дейінгі жолды біртіндеп көрсететіндей болып көрінетін. Меніңше, 5-6 сынып оқушысы үшін бұның түкке қажеті жоқ. Бала қай кезең болсын дәуірді сараламай, тек шығарма оқуы керек. Әдебиетті кезең-кезеңге бөліп, дамудың ғылыми схемасы ретінде ұсыну — оқушыға қызықты емес, оған шығармалардың мазмұны маңызды. Мұндай оқыту әдебиетті тірі өнер емес, ғылыми деректер тізбегі сияқты етіп көрсетеді. Әрине, әдебиеттің дәуірлік эволюциясын зерттеу маңызды, бірақ ол мектеп оқушысының емес, әдебиеттанушы ғалымның міндеті. Бесінші сыныптағы балаға көркем туындыдан, ең алдымен, әсер алу, кейіпкерге ілесіп ойлану, көркем сөздің сұлулығын сезіну маңыздырақ. Тарихи-ғылыми жүйелілік тек жоғарғы сыныптағы гуманитарлық бағытты таңдаған оқушыларға ғана қажет. Дәуірлеу тәсілін, әдебиеттану ғылымын, оның тарихын, теориясын, сынын сол жоғарғы сыныпқа қарай оқыту керек. Ал кіші және орта буында әдебиеттің басты мақсаты — баланың қиялын ояту, ұлттық рухани тамырға жалғау, өнердің қуатын сезіндіру. Бұрынғы бағдарлама осыны ескермей, әдебиеттің тәрбиелік миссиясынан гөрі ғылыми жүйесіне басымдық берген еді. Әрине, әдебиет сабағында көркем туынды ғана оқылып қоймай, соны талдаудың да ғылыми кілті берілуі тиіс. Бала жанр мен стильді, көркемдік әдіс пен бейнелеу құралдарын жас ерекшелігіне сай түсініп үйренбесе, әдебиет тек сюжет жаттау дәрежесінде қалып қояды. Әдебиеттану деген ғылымның мектептегі базалық білімі болуы керек. Әдебиет тарихы, теориясы мен сыны, жүйеленген категориялары, типтері, көркемдік тәсілдері — осының бәрі оқушыға жайдан күрделіге қарай беріліп отыруы керек. Мектепте әдебиетті мың сағат оқыған бала әдебиетті ғылым ретінде де, алдымен, өнер ретінде түсініп шығуы тиіс.

Бірақ осы жаңартылған бағдарламада әдебиет теориясының берілуі қате, күрделі. Кез келген оқу үрдісі үш тағанға сүйенеді. Нені, кімге, қалай оқыту? Нені оқытуға пәннің білім мазмұны кіреді. Қалай оқытуға олардың әдіс-тәсілдері кіреді. Ал кімге оқытуға баланың оқу материалдарын қабылдауы кіреді.

«Нені оқытуды» неге кәсіби әдебиетші ғалымдар емес, Кембридждің «жанашыл әдістемесін» ұстанған тренер-әдіскерлер шешуі тиіс? Олар «Өрлеу» деген тендесі жоқ мекемесі арқылы

мен ожданды үйрету үшін оқытылады. Егер бағдарлама жүйесіз болып, балаға тек үзік-үзік шығармаларды ғана ұсынса, ол әдебиеттің тәрбиелік миссиясын толық атқара алмайды. Ақанның айтатыны бар: «керек пән, керек болғанда тегіс керек пән» деп. Бұл пән арқылы ертең жұртым дейтін бала өсіп шығады. Орыс мектептерінде қанша қазақ баласы отыр. Министірлік олардан әдебиет пәнін мүлде алып тастаған. Орыс мектептеріндегі қазақ баласы осындай, қазақ мектептеріндегі қазақ баласының

пе? Бағдарлама шамамен 7-10 сабақтан тұратын бөлім атауларын пафоспен қойып отыр. Мұндай тақырыптарға жинақталған шығармаларды іріктеу қиын.

«Абайды оқы, таңырқа!» деген бөлімде оқушылар тек Абайдың шығармаларын оқитын болады. Ал «Көркем әдебиет және эпикалық сарын», «Тарихи шындық пен көркемдік шешім» деген бөлім тақырыптары әдебиеттанудың, әдебиеттің теориясын қарастыратындай.

Осындай кемшіліктері болған соң, білетін жұрт шулаған соң, бұл бағдар-

тарға да қолдануға болады. Махаббат жайлы төменгі сыныптарда лирикалық өлеңдерден басталған әңгіме, жоғарғы сыныпқа келгенде драмадағы кейіпкерлердің тағдырлық тандауларына ұласады. Адамгершілік жайындағы шағын новеллалар ар-ұят пен азаматтық батылдыққа дейін жетелейді. Соғыс тақырыбы естеліктер мен балалық қабылдаулардан басталып, кейін күрделі тарихи романдардағы адамдық пен бұйрық арасындағы тартысқа дейін тереңдейді.

Тағылымды нәтиже үшін мәтіндерді тек дәуірімен емес, міндетті түрде жанры мен қызметіне қарай қияластыру керек: бір өзекке лирика, эпос, драма, публицистика қатар кірсін. Баланың санасында «достық» немесе «ар-намыс» тек өлеңмен ғана емес, әңгіме, роман, айтыс, шешендік сөз арқылы да тірі бейнеге айналады. Бағдарламаның талабы бойынша әлем әдебиетін де там-тұмдап осы өзектерге байлап, қосқан жөн: әділет туралы Толстойдың ойы, соғыс этикасы жөніндегі Ремарк немесе Бек, адамгершілік дилеммасы бар Хемингуэйдің новеллалары — бәрі оқушыға бір ұғымның көп дауысты, көп мәдениетті кеңдігін сездіреді, жалпы адамзаттың құндылықтарын түйсіндіреді.

Әдебиетті оқытуда басты жасанды қате талаптардың бірі — бір авторды бір сыныпқа ғана алу деген ұстаным. Мысалы, қазіргі бағдарламада Мұқағалидың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы тек 8-сыныпта ғана кездеседі екен. Сонда 5-сынып оқушысы оның табиғатқа арналған нәзік лирикасымен таныспауы керек пе? Ал жоғары сыныптарда ақынның терең философиялық ойға толы өлеңдері оқушыға берілмей қала ма? Әдебиет бағдарламасы авторды бір сыныппен ғана шектемеуі керек. Әр сыныпта сол қаламгердің жас ерекшелікке сай басқа шығармасын беруге шектеу болмауы тиіс. 5-сыныпта — бала жүрегіне жақын, қарапайым әрі әсерлі өлеңдері; 8-сыныпта — терең ойға жетелейтін поэмалары; 10–11-сыныпта — күрделі философиялық шығармалары. Сонда оқушы бір авторды үзбей қадағалап, жасына қарай жаңаша қырынан тани береді. Бұл тәсіл әдебиеттің тәрбиелік қуатын да арттырады, оқушыға тұлғаның толық болмысын ашуға мүмкіндік береді.

Қысқасы, тақырыптың аты әдемі болғаны аз; өзектің өзі баланың өмірімен түйісуі керек. «Таза, мінсіз асыл сөз» секілді жалпылама айдар емес, нақты ұғымдар мен өмірлік тандаулар өзекке айналғанда, әдебиет формалды пән емес, мінезді тәрбиелейтін ортаға, рухани шынығу залына айналады.

Қазақ әдебиетінің қойнауы қазынаға толы. Бізде жас ұрпаққа адамдықты, арды, намысты, ізгілікті үйрететін шығармалар аз емес. Бірақ сол мол қазынаны дұрыс жүйелеп, баланың танымына лайықтап жеткізе алмай отырғанымыз ақиқат. Қазіргі бағдарламалардағы сырттай әдемі көрінетін тақырыптар мен жасанды бөлімдер баланың рухына нәр қоспайды, өмірлік сұрақтарына жауап бермейді. Әдебиет тек жаттау үшін емес, ойлану үшін, жүрекке жақын болу үшін оқытылуы керек. Егер біз оны шынайы идеялар мен өмірлік мәндерге сүйеніп қайта құрмасақ, мектептен әдебиетті сүйген, рухани терең түлек емес, жаттаудан жалыққан оқушы шығады. Нағыз мақсат әдебиетті өмірінің ажырамас бөлігіне айналдырған, ұлттық сөз өнерінен қуат алған жас ұрпақты қалыптастыру болуы керек.

бағдарлама жарамсыз



«қалай оқытуды» үйретсе жарасады. Ал мазмұнды өзгерту, әдебиеттанудың методологиясын бейберекет бұзу — олардың құзырындағы шаруа емес. Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған А.Байтұрсынұлының еңбектері қайда калмақ? «Әдебиет танытқышта» берілген іргелі ұғымдар мен ғылыми принциптер ескерілмесе, әдебиет пәніне кірмесе, онда оқушыда пән туралы түсінік қалыптаспайды ғой.

Кенес кезінде барлық пән Мәскеуден жазылып келіп, қазақ мектептері үшін қазақ тіліне аударылатын. Тек қазақ тілі мен әдебиетін және Қазақстан тарихын ғана өзіміздің авторлар жазып, Кенес идеологтарының қатаң бақылауынан өтетін. Байқап отырғанымыздай, Тәуелсіз мектептің қазақ әдебиеті оқулықтарын өзіміз жазатын болғанмен, оның бағдарламасы, бағдарламаның формасы, қалай оқытуға қатысты талаптары, түгелдей сырттан импортталып тұр.

Жоғарыда айтқанымыздай, басқа пәндер өзінің арнасын таба алмай жүрген болар. Ал қазақ тілі мен әдебиетінің ежелден келе жатқан өзінің оқыту дәстүрі бар емес пе? Онда неге олардың оқу бағдарламасын өзгерте береміз? Тәуелсіздік алғаннан кейін «Жаңа буын оқулықтарымен» оқи бастадық, одан он екі жылдық бағдарлама жасаймыз деп шабылдық. Бағдарламасын жасап, оқулығын шығарып, пилоттық мектептерде сынап та тастадық. Содан кейін «жаңартылған» деген атпен осы бағдарлама кірді. Енді бұны да жетілдірмек болып, тағы өзгертіп, жұмалап жатырмыз.

Әдебиет — ұлттың рухани тамыры мен болмысын сақтап қалатын ең негізгі пән. Ол оқушыны тек көркем мәтінмен таныстыру үшін емес, ұлттық құндылықты, адамдық ұстанымды, ар

бағдарламасы мынадай болып тұрғанда ертең жұртым дейтін баланы қайдан алмақпыз?!

Адамның хайуаннан айырмасы — биологиялық қажеттіліктен өзге рухани қажеттілікке зәрулігі. Мектепте қазақ тілі пәнін мың сағаттан артық, әдебиет пәнін мың сағаттан артық оқыған бала тамыры бәйтеректей ұлттың топырағына тереңдемей, рухани жұтандыққа ұшырап, бір сектадан жарты сағат насихат тындаса болды, батыстың желіне, шығыстың лебіне домалай жөнелетін қаңбақ болып шығып жатыр.

Бұған қолданыстағы бағдарлама кінәлі. 2016 жылдан бері қазақ орта мектептеріндегі оқушыларға әдебиеттен берілетін білім сінбей жатыр. Онда оқытылатын шығармалар жоғарыда айтып өткеніміздей там-тұм болғанымен қоса, жүйесіз беріліп отыр. Жаңартылған бағдарламада оқытылатын шығармалар белгілі бір тақырыптарға қарап іріктелген. Тақырыптар мынадай: «Таза, мінсіз асыл сөз», «Абайды оқы, таңырқа!», «Толғауы тоқсан қызыл тіл», «Туған өлке публицистика беттерінде», «Көркем әдебиет және эпикалық сарын», «Тарихи шындық пен көркемдік шешім» және т.б. Тақырыптар әдемі, көркем тілдің құдіретін паш еткендей. Бірақ логикалық тұрғыдан ойлансақ, «Толғауы тоқсан қызыл тіл» деген тақырыпқа қазақ әдебиетіндегі бар шығарманы сыйғызуға болады ғой. Өйткені қай ақын-жазушыны алсақ та, қай дәуірдің мұрасын қарастырсақ та, бәрі тіл арқылы жасалған, бәрінің негізінде сөздің қуаты жатыр. Сонда неге тек жыраулар поэзиясын ғана немесе шектеулі шығармаларды ғана осы тақырыпқа қосамыз? Халық поэзиясы да, Абайдың кара сөздері де, қазіргі заманғы ақындар да — бәрі «қызыл тілдің» айғағы емес

ламаны білім министрлігі қазір жөндеп жатыр. Оған Жазушылар одағы да араласа бастады. 2025 жылдың 15 тамызы күні «Қазақ әдебиеті, қазақ тілі оқулықтары мен бағдарламаларындағы елеулі кемшіліктер және оларды шешу жолдары» деген форум өткізіп, қарар қабылдады, жоғары жаққа жолдады. Бұл жеткіліксіз. «Халықтың ісі машинаның тегігі емес, бұрап қалса, басқа жөнге түсетін. Жұрт жұмысы құмырсқаның илеуіндей жұмыс сияқты. Құмырсқаша жабыла тынбай істесек өнеді. Бірі оны, бірі мұны істеп, илеуде қарап тұрған құмырсқа болмайды. Жұрт жұмысын да солай істесе, алға басады», — дейді Ақан. Мектептегі әдебиетті оқыту мәселесіне «ұлттық», «ұлтқа қызмет етем» дейтін ұжымдар, ұйымдар, жеке тұлғалар жабыла кірісуі қажет.

Меніңше, қазір балаға әдебиетті оқыту үшін шығармаларды басты идеялар төңірегінде топтастыру керек. Балаға түсінікті әрі өміріне тікелей қатысы бар идеялар: достық, сүйіспеншілік, махаббат, адамгершілік, ар-намыс, соғыс пен бейбіт өмір, әділет, еңбек және т.б. Міне, мектепте оқытылатын шығармалар осы өзек идеялардың айналасында топталса, оқушы ұғымды жай тыңдап қана қоймайды, оны сезінеді, салыстырады, күнделікті мінезіне көшіреді. Мәселен, «достық» тақырыбы. Мұхтар Шахановтың «Достық өлкесінің заңы» өлеңіндегі екі баланың достығы; «Менің атым Қожадағы» Қожа мен Сұлтаннның достығы; «Қобыландыда» Қараманмен арадағы қатынас; бұл бөлімге бала түсінігіне сай тәжірибеден сұрыпталған қорытынды мақал-мәтелдер мен накыл сөздер қосылса.

5-сыныпта бала достықты қарапайым мораль ретінде таниды; 7-8-сыныптарда сатқындық, кешірім, жауапкершілік секілді түйіндер қосылады; 10-сыныпта күрделі мәтіндер арқылы «дос үшін тәуекелдің шегі қайда?» деген этикалық тандауға келеді. Бір тақырып — жайдан күрделіге қарай ұласып жатқан үш түрлі тереңдік. Мәселен, достық идеясы С.Мұратбектің «Жусан иісі», М.Мағауиннің «Бір атаның балалары», М.Қабанбайдың «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана», М.Мақатаевтың «Дос болам десен...» және т.б. шығармаларда бар. Соларды төменгі сыныптан жоғарыға қарай шиыршық әдісімен орналастырып шықса. Мен мысал үшін айтып отырмын, шығарма тандауды әдебиет мамандарына, сыншыларға жүктеу керек. Олар сол саланың мамандары. Не сойса да, қасапшы сойсын.

Осы тәсілді махаббат, адамгершілік, ар-намыс, әділет, еңбек, соғыс пен бейбітшілік сияқты өзекті тақырып-



Ерлан РЫСҚАЛИ

Абай Құнанбайұлы қазақтың рухани мәдениетінде тек ақын, ойшыл, ағартушы ғана емес, сонымен бірге ұлттық музыкалық-эстетикалық ойдың, қазақ музыкатану ілімінің негізін қалаушы тұлға. Ол өзінің өлеңдерінде ән мен күйдің табиғатын, орындаушы мен тыңдаушы арасындағы мәдени байланысты, әнші дауысына қойылатын кәсіби талаптарды және репертуар таңдаудағы өлшемдерді анықтап көрсетті. Абайдың өлеңдерінде қолданылған кейбір сөздер тікелей кәсіби музыкалық терминдерге балама бола алады. Мұнда біз ақынның «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» деген өлеңіндегі музыкалық ұғымдарды терминологиялық түсініктемемен талдаймыз.

1. Өнерді сүю және музыкалық эмоция

«Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа, Адам ойы түрленіп ауған шақта. Салған ән — көлеңкесі сол көңілдің,

Тактысына билесін ол құлаққа», — деп басталады жыр жолдары. «Әсемпаз болма әр неге, өнерпаз болсаң, арқалан», — дейді тағы бір туындысында Абай. Өнерпаз арқалануы үшін оның ойы түрленіп, ойды ой қозғап, шабыт тууы керек. Ал сол шабыт сенің жай-күйіңе карамай, көңіліңді шартарапқа әкетеді. Абай соны: «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа, Адам ойы түрленіп ауған шақта», — деп дәл суреттейді.

«Салған ән — көлеңкесі сол көңілдің», — деу арқылы әннің динамикасы (динамикалық реңктері) мен тембрлік бояуы орындаушы көңіл күйінің айнасы екенін білдіреді. Ал «Тактысына билесін ол құлаққа» деуі — музыкадағы такт (өлшем, метр) ұғымына сәйкес келеді. Бұл сөз әннің ырғақтық құрылымына, музыкалық фразаның метрлік өлшеміне, сондай-ақ эмоция тепе-теңдігін сақтауға қатысты. Егер орындаушы эмоцияны шектен тыс беріп, шығарманы тым әсерлеп жіберсе, онда ол шығарманың сұлулығына кері ықпал етеді. Артық қыламын деп, керісінше, бүлдіріп алады. Әр нәрсенің өлшемі бар екенін ұмытпауымыз керек. Суды ыдысқа ернеуіне дейін ғана құямыз. Егер ернеуінен асырсақ төгіледі, маңайды былғайды. Артық эмоция да тура солай.

2. Әнші шеберлігі және динамикалық өрнек

Абай өлең жолдарында:

«Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,

Жүрек тербеп, оятар баста миды», — деп, ән айту техникасына тән тәсілдерді карапайым сөзбен айшықтайды. Бұл — музыкалық динамикадағы crescendo (дыбыстың біртіндеп күшеюі), decrescendo/diminuendo (дыбыстың біртіндеп бәсеңдеуі), portamento (дыбыстардың бірінен біріне жұмсақ сырғып өтуі) сияқты ұғымдарды дәл сипаттайтын бейнелі сөздер.

• «Шырқап» — дыбыстың forte деңгейіне жетіп, биік нотаға көтерілуі;

• «Қалғып» — дыбыстың mezzo piano не piano деңгейінде жұмсартуы;

• «Сорғалап» — әуендегі ноталар

тізбегінің үзілмей жалғасуы. Кәсіби музыка тілінде — legato немесе glissando;

• «Тамылжиды» — дыбыстың созылып, әсем sustain қалпында қалуы;

Жалпы алғанда, әдемілікті үзбей ән салу — bel canto.

Бұл — Абайдың поэзия тілінде кәсіби вокал техникасын бейнелеуі. Мұнда біз Абайдың әншілік техникасына қаншалықты мән бергенін көреміз. Бояуы қанық, үні анық, мән-мағынасы терең үн ғана жүрек тербеп, миды оятады.

«Бұл дүниенің ләззаты — бәрі сонда,

әсер ету, сезімді ояту. Мұнда «тәтті оралған үн» — вокалда legato мен timbre сапасының үйлесімі.

«Кейі зауық, кейі мұң дертін қозғап, Жас балаша көңілді жақсы уатар».

Әлемдік вокал педагогикасында да әнші дауысының әсері тембрдің байлығына, дыбыстың эмоционалды бояуына, интонациялық тазалығына байланысты бағаланады. Абай осыны поэтикалық тілмен жеткізіп, әншінің үнінде «мән» болуын талап етеді. Бұл — тек диапазон немесе күш емес, interpretation (шығарманы ішкі сезіммен түсініп орындау) қажеттігін білдіреді.

4. Орындаушы һәм тыңдарман

«Адам аз мұны біліп ән саларлық, Тыңдаушы да аз ол әннен бәһра аларлық. Мұңмен шыққан, оралған тәтті күйге, Жылы жүрек қайда бар қозғаларлық».

Бұл шумақта Абай әннің қыр-сырын білетін орындаушының да, әнді ой көзімен тыңдайтын тыңдарманның да

Әлемдік музыка терминологиясында бұл құбылыс:

• **declamatory opening** — тыңдарман назарын бірден аудару үшін жасалатын риторикалық бастама;

• **vocal call** — әннің мазмұнын алдын ала сездіретін шақыру интонациясы деп аталады.

Абай әншіден бұрын тыңдаушыны тәрбиелеу қажеттігін де айтты.

«Керім толған тауысар қоңыр куңгір, Сол жеріне оныңмен араласшы...» — деген жолдарда ол орынсыз айқай мен дыбыстың дөрекілігін сынай отырып, эстетикалық қабылдау мәдениетін қалыптастыруға шақырады. Мұндағы «талап» — интонацияның бұзылуы, тембрдің дөрекілігі, артикуляцияның көмескілігі сияқты кемшіліктерді талдап, дұрыс ұғынып, сауатты арттыруды меңзейді. Абай тыңдарманнан жай ғана «тыңдаушы» болуды емес, әр дыбыстың, әр иірімнің эстетикалық мағынасын сезіне білуді талап етеді. Бұл — бүгінгі музыка психологиясының негізгі қағидаларының бірі.

6. Тыңдаушы мен орындаушы мәдениеті және жауапкершілігі

«Әннің де естісі бар, есері бар, Тыңдаушының құлағын кесері бар. Ақылдың сөзіндегі ойлы күйді, Тыңдағанда көңілдің өсері бар».

Абай — қазақ музыкатану ілімінің негізін салушы



Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды».

Ақын бұл жерде тыңдарманды кез келген туындыны ой көзімен тыңдап, оны саралап, жасырын жатқан ләззатты көріп, сезінуге шақырады. Ән мен күйді оймен сезініп, ішкі мазмұнын түсіну — эстетикалық тәрбиенің өзегі.

3. Әннің эмоциялық әсері және вокалдық талаптар

«Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар, Үннің тәтті оралған мәні оятар».

• «Үннің тәтті оралған мәні» — vocal timbre (дауыс тембрі) және vocal resonance (дауыс резонансы). Абай осы жолдармен дыбыстың бояуы мен сапасының мәнін атап өтеді. Кәсіби вокалдағы placement қағидаты сезіледі.

Ойшыл сонымен қатар әннің басты мақсатын анықтайды: ол — жүрекке

өте аз екенін сөз етеді. Әннің келешегі үшін кам жеп, уайымдайды. Шынында, бас-аяғы бүтін, орындаушысы да келіскен әнді ой елегінен өткізіп тыңдайтын тыңдарман Абай заманын былай қойғанда, біздің заманымызда да өте тапшы екені рас.

5. Репертуар және орындау мәнері

«Көбінесе ән басы келеді ащы, «Кел тыңда!» деп өзгеге болар басшы»

Абай бұл жерде қазақ сал-серілерінің орындаушылық дәстүрін бейнелейді. Ол — шаршы топ алдында ән бастарда жоғары регистрдегі дыбысты бар дауысымен созып (full chest voice), бір сәтке айқайлап алу. Бүгінгі қазақ музыка зерттеушілері мұны «ақындық иірім» деп атайды.

Дәл осы шумақта Абай тыңдаушы мен орындаушының талғамы биік, танымы терең болуын талап етеді. Олардың дұрыс репертуар тандап, плейлисті есті әннен құрап, есер әннен безуі керекін жеткізеді. Әнді, жалпы кез келген шығарманы ой елегінен өткізіп, талдап түсінуді тұспалдайды. Сондай-ақ орындаушы тыңдарманға тек бас-аяғы түзу, мағынасы терең, әуені сұлу, сапалы, адамды рухани кемелдікке бастайтын әнді көркем түрде, табиғатын бұзбай ұсынуы керек.

«Әннің де естісі бар, есері бар, Тыңдаушының құлағын кесері бар».

Тап осы жолдар қазіргі вокал әдістемесіндегі тон сапасы, динамикалық диапазон, артикуляциялық тазалық сынды кәсіби ұғымдармен де тікелей байланысты.

• «Есті ән» — көркемдік сапасы жоғары, мазмұнды шығарма (art song).

• «Есер ән» — көркемдік сапасы төмен, эмоциялық және техникалық жағынан кеміс шығарма.

«Білімдіден аяман сөздің майын, Алты өлеңмен білдірдім әннің жайын. Ездің басы қаңғырсын, ердің көңілі, Жаңғырсын деп ойлады айтық сайын. Көкірегінде оты бар ойлы адамға, Бұл сөзімнің суреті тұрар дайын».

Міне, Абай кәсіби музыка теоретигі секілді алты ауыз өлеңмен әннің жайын білдірді. Орындаушы мен тыңдаушының таным-түйсігін кеңейтіп, биік деңгейден түспеуін негізгі тұғыр етті. Хакімнің бұл ойлары тек қазақтың әншілік дәстүрі мен ұлттық музыкасына ғана емес, әлемдік вокал өнері мен музыканың алтын қағидаларына да сай келеді. Сондықтан оны қазақ музыкатану ілімінің бастауында тұрған тұлға деп тану — тарихи әрі ғылыми тұрғыдан әділетті шешім.

Абай — қазақ музыкатану ілімінің негізін салушы.



Тілеуғазы БЕЙСЕМБЕК,

Қазақстан Жазушылар және Композиторлар одақтарының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

Ертеректе Қытайда тұратын қандасымыз биші Әнуар Нүсіпұлы бауырымызбен болған «Қазақтікі деп жүрген «Қара жорға» — моңғолдың биі» деген тақырыпта сұхбаты жарияланды. («Ұлт TIMES» газеті, 2013 жыл) Әрине, алыста жүрген бауырымыздың қазақ өнеріне деген жанашырлығына риза болдым. Алайда би туралы пікірімен келісе алмайтынды жасырмаймын. Тілшінің: «Қазақ би болмаған дейтін пікірге қосылсаңыз ба?» деген сұрағына екіұштылау жауап бере келе: «... Қазақ ән мен жырға, күйге, терме мен дастан айтып, жазуға келгенде алдына жан салмайды. Алайда биді айтқанда ойланып қаламыз», — дей келе: «Себебі не?» дегенге келсек, бізде биге арналған музыка болмаған», — деп түйіндейді ол.

«Биге арналған музыка болмаған» деген сөзді ашып айтпаса да, «Қазақ би болмаған» дегенге саяды. Бұған мен келісе алмаймын. «Қазақ би болған, әттен дамымаған» десе, әңгіме басқа. Десек те қазір елімізде қаншама бишілер, би ұжымдары бар екені көңілге медеу. Мен биші емеспін, музыка маманымын. Құлағыма сенбесем де, екі көзіме сенемін. Өткен ғасырдың 60-жылдарының орта шенінде Алматының Құрманғазы атындағы консерваториясында оқып жүрген кезімде, Әубәкір Исмаилов деген суретшімен кездесу болды. Сурет өнері туралы айта келіп, ағамыз би туралы әңгімеге ойысты. «Қазақ би болмаған деген теріс пікір бар. Қазақ би болған» деп, бала кезінде үлкендерден үйренген билерін көрсетті. Санама сіңіп қалғаны «Бүркіт» биі еді. Бүркіттің аспанда ұшып жүргенін, оның жемтігіне шүйілгенін, қоянның секендеп қашқанына дейін суретші ағамыз тамаша бейнелеп, қимылдарымен сурет салып бергендей болды. Сонда көрген билерімнің көптеген элементтерін Әнуар бауырымыз «моңғолдың биі» деп кесіп айтқан «Қара жорға» биінен көрдім. Бидің музыкасы қазақтың «Салкүрең» күйінің әуені. Ендеше мен «Қара жорғаны» қазақтың биі деп танымын. Әнуар бауырымыз да: «Санаға «Қара жорға» қазақ биі деп сіңіп жатса, солай кете беруі керек. Одан біз ұтылмаймыз» депті. Бұл — қазақтың рухын көтеретін, біздің бірлігімізді нығайтатын, қанымызды қыздырып, жанымызды толқытатын рухани күш. Сондықтан «Қара жорға» биін төл туындымыз деп қабылдаған жөн. Оны билеу тек әуестік болып қалмауға тиіс, оны ұлттық мақтаншымызға айналдыруымыз керек. Белгілі қоғам, мемлекет қайраткері Мақсұт Нәрікбаев марқұм бүкіл студенттерді ұйымдастырып, өзі бас болып, «Қара жорғаны» билеген еді, үлгі алатын-ақ үрдіс. «Қара жорғаны» билеуге арланбайық, ағайын.

Қазақ би болған дегенге тағы бір дәлел. Естеріңізде болса, «Қазақ Совет энциклопедиясындағы» (ҚСЭ, 3-том, 505-бет. «Алматы», 1973) «Дәулеткерейдің үйіндегі думан» деген суретке назар аударыңыздар. Т.Паулидің 1862 жылы шыққан «Россия халықтарының этнографиялық сипаттамасы» атты кітабынан алынған екен. Төрте Дәулеткерей дом-

быра тартып отыр. Бір адам сыбызғы (қурай) ойнап тұр. Ортада ер адам билеп жүр. Бұл сурет бұдан екі ғасыр бұрын қазақ би болғанының дәлелі. Сондай-ақ «биге арналған музыка болмаған» деген сөзді де жоққа шығарады. Бұл жерде Дәулеткерей басқа емес, өзінің күйін ойнап отырғаны сөзсіз.

Енді белгілі мемлекет қайраткері, тарихшы, этнограф ғалым Өзбекәлі Жәнібеков ағамыздың сөзіне жүгінейік. «Қанша тырыссақ та қазақ би болмаған деген жалан пікірден құтыла алмай келе жатырмыз. Қазақтың би өнерінің ерте заманнан қалыптасып, халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен, дәстүрлі

мазмұны да биге арналып шығарылған дегенге ешкімнің де дау тудырмайтындығы анық» деп жазады апамыз. («Сымбат», «Өнер» баспасы, 1987, 21-бет).

Әнуар бауырымыз шетте жүргендіктен көп нәрседен хабардар болмауы мүмкін. Ал өз ортамызда өмір сүріп, өнері бағаланған, сол өзі меңгерген өнерінің қазақ топырағында жатқан тамырын білмейтін Б.Аюхановқа не жорық. Оның ойынша, қазақтың биін жасаған Л.Чернышева екен. Рас, өткен ғасырдың 30-жылдары қазақ өнерін өркендету үшін Ресейден өнер шеберлері келе бастады. Олардың қазақ өнеріне үлкен үлес қосқаны да рас. Алайда олар аспаннан ештеңе алған жоқ,

енбегін жоққа шығаруға болмайды. Лидия Демьяновна «Алатау бөктерінде», «Саяхатта», «Аққу қыздар», «Сутасушы қыз» деген билерді қойды. 1968 жылы «Жас балет» атты классикалық және халық билерінің ансамблі құрылды. Оның көркемдік жетекшісі — осы біз сөз етіп отырған Болат Қуатов-Аюханов болатын. Өнер қайраткерінің қазақтың биін Л.Чернышева жасады деуі білместік болды. Халық өнерінің тарихын білмейтін халық артисінің пікірі анау. «Қарғайын десем, халқызым» деп осындайдан айтқан екен ғой.

Осыны біле тұра, қазақ би жоқ деушілер «қазақтың биін мен шығардым» деп, атак-абыройға ие болғысы келетін шығар.

Қазақта би болған

тұрмыс-салтымен біте қайнасып келе жатқандығын еске алған жөн» дей келіп, халықтың тұрмыс салтына қарай «Ай-косақ», «Жезтырнақ», «Өрмек би», «Күсбегі», «Бүркіт пен қоян», «Шалқыма», «Ортеке», «Қара жорға», «Тепенкөк» деген т.б. көптеген билердің болғанын атап өтеді. («Уақыт керуені», «Жазушы» баспасы, 1992, 151-бет).

Қазақ күйлері биге лайық емес деп кім айтады. «Кенес» күйінің әуеніне «Киіз басу» биін билегенбіз. Дәулеткерейдің «Қос алқасы», Құрманғазының «Балбырауыны», Тәттімбеттің «Сылкылдағы» мен «Былкылдағы» биге сұранып тұрған жоқ па? Соны білген қазақ музыкасының тарландары, композиторларымыз А.Жұбанов пен Л.Хамиди «Абай» опе-

халықтың ұлттық дәстүріне сүйенді. Өз туындыларын соның негізінде жасады.

Сол жылдары Ресейден келгендердің бірі — композитор Е.Брусиловский. Ол — тұңғыш қазақ операсының авторы. Өздеріңізге белгілі, К.Байсейітова, Қ.Байсейітов, Қ.Жандарбеков сияқты халық өнерпаздарының көмегімен



расында «Қос алқаны», М.Төлебаев «Біржан-Сара» операсында «Соқыр Ешан» күйін, Е.Рахмадиев «Қамар сұлу» операсында «Дайрабайды», Е.Брусиловский өзінің операларында «Алтынайды», «Былкылдақты» биге лайықтап жазуы тегін болмаса керек.

Қазақ би болмаса, «мың бұралған биші» деген сөз қайдан қалған. Халықтан үйренбесе, ешбір би мектебінен дәріс алмаған Шара апамыз қалай биші болды. Енді Шара апамыз не дейді екен? «Қазақтың халық музыкасының үні өте әсем, мазмұны бай боп келеді. Мысалы: Құрманғазының «Балбырауын» күйін алайық. Күйші осы күйін би ырғағы етіп шығарған сияқты. Ал Тәттімбеттің «Былкылдақ» күйінен де ырғағы жігерлі би музыкасының қимыл-қозғалыстарын көргендей боламыз. «Мерген», «Қара жорға», «Ортеке» және басқа күйлердің

халық әндері негізінде «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Жалбыр», «Дударай» операларын жазды. Симфонияларына да халық әндері мен күйлері арқау болды. Ендеше, Л.Чернышева қазақ биін қойғанда ұлттық би дәстүрін негізге алмады деп кім айта алады.

Биге келсек, қазақ би ансамблі Қазақ филармониясы жанынан 1939 жылы құрылған, оның алғашқы көркемдік жетекшісі жоғарыда атап өткен Ә.Исмаилов ағамыз екен. Кейінірек ансамбльге Н.Тапалова жетекшілік етті. Ал қазақтың ән-би ансамблі 1955 жылы ғана құрылған. Бұл кезде ән деген сөз қосылғаны болмаса, би ансамблі репертуарында қазақтың халық билері бар қалыптасқан ұжым еді. Украинадан келген Л.Чернышева ән-би ансамблін сол жылдан (бұл кезде оның жасы қырықтан асып кеткен) бастап, 1970 жылға дейін басқарды. Әрине, оның

Бірақ қазақ би болған, ендеше ондайлар биді жетілдіруге, дамытуға, насихаттауға үлес қоссын. Қаңқу сөздерге құлақ аса беруге де болмайды. Дарынды биші қызымыз Шұғыланың биін де «қытайдікі» деп жүргендер аз емес. Халық оның билерін қазақтың төл өнері деп қабылдай қоймағаны өкінішті-ақ.

«Қара жорға» биі моңғол биіне ұқсап жатса, онда тұрған не бар. Бәріміз бір даланың ұландарымыз. Сонау Шыңғыс хан заманында моңғол жерінде қазақтың Найман, Керей, Жалайыр, Қоңырат сияқты рулары болған. Ендеше өнерімізде неге ұқсастық болмасын.

Музыкада да ұқсастықтар болады. Әлемге әйгілі француз композиторы Ш.Гуноның «Фауст» операсында Валентин деген кейіпкер бар. Соның «Бог всеильный, бог любви» деп басталатын каватинасының алғашқы сөйлемінің әуені, сәл ырғақтық өзгешелігі болмаса, «Өрік, мейіз, кант пен шай» деп басталатын қазақтың халық әнінің нотасымен бірдей. Сондай-ақ француз композиторы М.Равельдің «Болеро» биін тыңдасаңыз, қазақ әуенінен аумады.

Әнуар бауырымыз Н.Нүсіпжанов ағамыз орындап жүрген «Гүлдәурен» әні «өзінікі» екенін айтыпты. Әнші ағамыз орындап жүрген мен білетін «Гүлдәурен» әні Ақтөбелік композитор Қайырғали Қожанбаевтікі болатын. Сөзін Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жергілікті акын Мұхтар Құрманалин жазған. Ол әнді алғаш рет Ақтөбедегі «Әлия гүлі» ансамблі 1978 жылы орындаған екен. Содан былай бұл ән республикаға тарап кеткен. Қ.Қожанбаевтың Республикалық конкурстарда бірінші орын алған «Қазақстан», «Ризамын тағдырға» деген әндері де бар. «Гүлдәурен» деген аты бірдей, заты бөлек, екеуі екі түрлі ән болуы да мүмкін.

Классикалық музыка өкілі, опера жанрына реформа жасаған көрнекті неміс композиторы Р.Вагнердің «Тангейзер» операсының увертюрасынан қазаққа тән бір әуезді естігендей боламын. Бұл неден болуы мүмкін. Бәлкім, көне заманда арий тайпасының осы қазақ даласында болғанының бір көрінісі болар. Мұнымыз жай қиял ғой. Қаншама орыс композиторларының шығармаларында қазақ әуендері бар. А.Бородин «Князь Игорь» операсына қыпшақ даласының әуендерін ұтымды пайдаланды. Сонау мұхиттың аржағындағы Америкада жатып, С.Рахманинов Американың белгілі дирижері Ю.Ормандиге арнаған «Симфониялық билер» шығармасына А.Затаевичтің жинағынан алған қазақтың халық әні «Япурайды» енгізген. Н.Мясковский де өзінің симфонияларында қазақ әуендерін пайдаланған. Соған қарамастан олар орыс шығармалары болып есептеледі. Ендеше моңғол биінің элементтері бар екен деп, «Қара жорғадан» бас тартпауымыз керек. «Қара жорға» — қазақтың биі.

Биыл қазақ жерін анталаған жаудан қорғауда үлкен ерлік көрсеткен батыр Медетбек Есебайұлының 200 жылдығы Республика көлемінде кеңінен аталып өтпек. Сіздердің назарларыңызға ұсынып отырған туындыда Медетбек батырдың ерлігі мен батырлығы, адамгершілігі мен парасаттылығы, туысқан халықтар — қазақ пен қырғыздың арасындағы ынтымақ пен бірлікті арттыру жөніндегі ерен істері әңгіме болады.

Ұмытпасам 1996 жылдың жазы болатын. Ол кезде «Қазақтелефильмде» бас директор болып қызмет атқаратынымын. Бір күні көптен бері араласып, рухани ағам болып кеткен қазақтың талантты ақыны, Қырғызстандағы Қазақстанның өкілетті және төтенше елшісі Мұхтар Шаханов телефон соқты.

— Доктырхан інім, — деді Мұқан амандық сұрасқан соң тікелей шаруасына көшіп, — сәрсенбі күні таңертең Бішкек қаласында «Ыстық көл» атты халықаралық форум басталмақ. Екі жылда бір өтетін бұл беделді басқосуға Еуропада жүрген Шыңғыс Айтматов аға Батыстың бір топ көрнекті ақын-жазушыларын, мемлекет және қоғам қайраткерлерін ертіп әкелгелі отыр. Ресейден менің досым Евгений Евтушенко бастаған бір қауым орыстың мықты қаламгерлері де қырғыз жеріне арнайы атбасын тіремек. Осы кездесуге бұрынғы аузы керекарыс КСРО-ның басшысы Михаил Горбачев та келуге ниет білдіріпті. Мен жайлы өзін түсіруді қолға алған деректі фильмге «Ыстық көл» форумынан көріністер түсіріп алсаң, дұрыс болар еді. Осы оңтайлы сәтті пайдаланып, Шыңғыс Айтматовтан, Евгений Евтушенкодан және басқалардан сұхбат алуға болады. Өзін бұған қалай қарайсың? Келуге мүмкіндігің бар ма?

«Іздегенге — сұраған» демекші, мен жерден жеті қоян тапқандай қуанып кеттім.

— Мұхтар аға, рақмет сізге! Дүниежүзінің түкпір-түкпірінен келетін, кілең ығай мен сығайлар жиналатын жиынға барған да арманда, бармаған да арманда емес пе! Әрине, барамын, — дедім қуанышымды жасыра алмай.

— Олай болса, келістік, — деді Мұхтар Шаханов. — Ертең ертемен Алматыдан шығып кеткенін дұрыс болады, бір күн ертерек келіндер. Жаныңдағы көмекшілеріңді ертіп, өзін талай рет ат басын бұрған Қазақстан елшілігіне тікелей келе бер. Жігіттерге ескертпін қоямын, өздері қарсы алады.

Ертесіне режиссер Баян Сұлтанова, кинооператор Николай Кишенин және жүргізуші Берік төртеуіміз Бішкекке аттанып кеттік. «Ыстық көл» форумының алғашқы күні Бішкек қаласындағы Президент әкімшілігінің үлкен мәжіліс залында өтіп, бұл кездесуге бүкіл әлемнің «сен тұр, мен айтайын» дейтін әдебиетшілері, өнер қайраткерлері, саясаткерлері қатысты. Бес жүзге жуық адам қатысқан айтулы форумды Шыңғыс Айтматов ашып, дүниежүзінің түкпір-түкпірінде тұрып жатқан адамзат баласының бүгінгі таңдағы ең өзекті проблемаларына тоқталып, бүкіл ұлт атаулыны ізгілікке, жақсылыққа, парасаттылық пен адамгершілікке, адалдық пен тазалыққа бастайтын әдебиет пен өнердің атқаратын роліне жан-жақты терең талдау жасады.

Сол күні көптеген шетелден келген көрнекті саясаткерлер мен ақын-жазушыларды, өнер қайраткерлерін Қырғызстан Республикасының Президенті Аскар Ақаев қабылдады. Бес-алты жыл бұрын Ленинградқа барған бір сапарымда Орталық университетке қырғыз ағайындардың осы бір көрнекті ұлымен кездейсоқ кездесіп қалғаным бар. Есімі бір Қырғызстанға ғана емес, кен байтақ КСРО-ға, одан да тысқары жерге кеңінен мәлім академик-ғалымға сәлем бергенімде, ол үлкен ізеттілік көрсетіп, бауырмалшылықпен хал-жағдайымды сұрап жатты. Асылдың аты асыл ғой. Ақаев мансап атаулының ең биік шыңына көтерілсе де, өзіне тән ізеттілігі мен қарапайымдылығын жоғалта қоймапты. Қараторы жүзінен ерекше бір мейірімділік нұры төгіліп тұрды. Қырғызстан Президенті алыс-жақыннан келген құрметті қонақтарға жүрекжарды сөздерін айтып жатқанда, алғашқы қатардағы орындардың бірінде бүкіл әлемді дүрілдетіп, уысында ұстаған СОКП Орталық Комитетінің бұрынғы Бас хатшысы Михаил Горбачев отырды. Баяғы сес, айбат жоқ, жүні кәдімгідей жығылып қалыпты.

Кешке қарай Ыстық көлге жүретін болған соң, астымыздағы көлікті қаратып алмақ болып, қаланың шетіндегі техникалық қызмет көрсету орталығына бұрылды. Бірнеше жыл жүріп тастаған «Волганы» мұқият қарап шыққан жөндеуші қырғыз жігіті басын шайқап:

— Оу, тайекелер, мына жағдаймен бүгін Алматыға жете алмайсыздар, машинаның астыңғы жағындағы гранаты бүлініпті, оны ауыстырмаса, жолда қаласыздар, — деді қолына жұққан майды шүберекпен сүртіп жатып.


— Қырғыз бауырым, біз Алматыға емес, Ыстық көлге жол жүріп бара жатырмыз. Өзін де естіп жатқан боларсың, Қырғызстанда Халықаралық «Ыстық көл» форумы өтіп

жайлау бар, оның бір шетін қазақтар, енді бір шетін қырғыздар ежелден жайлап, ауылы аралас, қойы қоралас болып жатады екен. Менің ұлы нағашыларым қазіргі Алматы облысындағы Жамбыл ауданында мекен етіпті. Анам Шапыраштының ішіндегі Екей руының қызы. Жарықтық жақсы адам болған екен, ерте қайтыс болыпты. Атам, әкем ертеректе анамның елімен жиі-жиі араласып тұрыпты, кейін қилы-қилы заман болып, көз көргендер дүниеден озып, қатыса алмай, арамыз алшақтап кетті.

— Сіздің нағашыларыңыз тұратын Жамбыл ауданын мен жақсы білемін. Ежелден құт пен бақ, ырыс пен береке қонған қасиетті жер, батырлар мен ақындардың атаме-кені. Жамбыл ауданында атакты Қарасай,

деп тұрған жоқпын. Ол қандай жазаға болса да өбден лайық. Дегенмен, тым қаталдыққа, қатыгездікке бармайық. Шонбайды өлгенше зынданда ұстағаннан біз ештеңе ұтпаймыз, қайта қазақ-қырғыз бір-біріне өшіге түседі. Бұның бауқеспе барымташы екендігіне еш дау жоқ бірақ қырғыздың көбісі Шонбайды нағыз адам ретінде, кедей мен жетім-жесірді есіркеген жүректі, қайырымы мол жан ретінде хан көтеріп, сыйлайды. Шонбайды мен де сырттай жақсы білемін, дұшпаным болса да, адамдығын сыйлаймын. Қырғыз батырының осы жағын да ескеріп, оны қор етпейік. Өлімге жұмсап отырған қырғыздың манаптары айып-құнын төлесін, Шонбайды бостандыққа жіберейік. Ол бұдан былай қазақ жерін арам ниетпен аттамаймын деп

ҚАЗАҚ, ҚЫРҒЫЗ



жатыр. Бұл басқосу ертең таңертең Ыстық көлде жалғасады, біз тезірек сонда болуымыз керек. Бір амалын жаса, көкетай, — деймін шыр-шыр етіп.

— Телевидениенен екендіктеріңді көріп тұрмын аға. Бірақ менің қолымнан ештеңе келмейді, біріншіден, менде қажетті запас бөлшегі жоқ, екіншіден, гранатты тапқан жағдайдың өзінде оны ауыстыру үшін біраз уақыт керек. Сіздерге қол ұшын бергім-ақ келіп тұр. Бірақ қолдан келер шара жоқ, — деді қырғыз ағайын шыны айтып.

«Жоққа жүйрік жетпейді» деген осы. Жағдайды айтып түсіндірмек болып, Қазақ елшілігіне телефон соғып едім, форумды өткізуге жауапты қызметкерлердің бәрі Ыстық көлге екі-үш сағат бұрын жол жүріп кетіпті. Не істерімізді білмей, салымыз суға кетіп тұрғанда, жанымызға қымбат шетелдік машина мінген жігіт ағасы тоқтап, көліктен шықты. Бізге, біздің «Волгамызға» көз тастап, жылыұшырай қарады.

О, менің қазақ тайекелерім келіп қалыпты ғой, — деді ол ашық-жарқын амандасып, — байқаймын, көңіл күйлеріңіз онша емес, бір проблема болып қалды ма?

Шофер бала екеуіміз болған жайды түсіндіріп айтып жатырмыз.

— Жөндеуші баланың айтқаны жөн, — деді бейтаныс қырғыз қол сағатына қарап. — Запас бөлшек сататын базар да жабылып қалды. Дегенмен, сіздер уайымдамаңыздар, бір амалын табамыз, тайекелер. Құдай қаласа, бір сағаттан соң, Ыстық көл қайдасың деп тартып кетесіздер. Ал қазір жақсылап тұрып шай ішіп алайық, — деп бізді жөндеу шеберханасының жанындағы асханаға қарай бастады.

Дастарқан мәзірі тез дайын болып, бірекі кесе ыстық шай ішіп, мандайымыз жіпсі бастағанда, қырғыз ағайын өзін таныстырып өтті.

— Қазаққа «Мың адамның түрін білгенше, бір адамның атын білген жөн» деген сөз бар. Ас үстінде таныса отырайық. Менің атым — Медетбек, әкемнің аты — Дүйсен. Алатаудың етегінде «Ақбастау» деген атакты

Наурызбай, Саурық, Сұраншы батырлармен бірге Қокан шапқыншылығы кезінде үлкен ерлік көрсеткен Медетбек батырдың да аты кастерлеп аталады. Сіз сол қазақ батырымен есімдес екенсіз, — дедім мен әңгімеге араласып.

— Сөзің өте орынды, — деді қырғыз бауырым. — Медетбек батырдың есімі қазаққа қандай белгілі болса, қырғыз жерінде де әрқашан да құрметпен аталады. Менің атым Медетбек батырдың құрметіне қойылған. Оның үлкен тарихы бар. Көне көзді қариялардың айтуы бойынша, ежелгі заманда, қырғыз халқының басына күн туып, алыстағы Сібірден Алатаудың күнгей жағына қоныс аударса керек. Сол қиын-қыстау күндерде қазақтар: «Бәріміз де Ертіртіктің ұрпағымыз, бөтен емес, өзіміздің бауырымыз боласыздар», — деп жер беріп, Ыстық көлдей ыстық ықылас танытқан екен. Қазақтардың бұл жақсылығын қырғыз халқы ешқашан да ұмытпайды, ол сан ғасырлар бойы атадан балаға айтылып келе жатқан ұлы өсиет болып табылады. Ежелден көрші жатқан екі халық қыз алысып, қыз берісіп, мың жылдық құда болып, тату-тәтті тұрды, қуанышы да, қайғысы да бір болды.

Әрине, бес саусақ бірдей болмайды, адам болған соң, оның аласы да, құласы да кездесіп қалады. Екі туысқан халықтың татулығы мен бірлігіне сына қаққысы келген бұзық ниетті жандар қырғызда да, қазақта да болғаны ашы болса да шындық. Осы оқиғалардың арты үлкен дауға, соғысқа айналып кетулеріне екі көрші туысқан халықтың данағой ақсақалдары жол бермеген.

— Менің туған бабам — Шонбай қырғыздың атакты барымташысының бірі болыпты. Тарих қойнауына кеткен XVIII ғасырдың аяғында өмір сүрген батыр тұлғалы барымташы бастаған топ көршілес жатқан Шапырашты ғана емес, Шығыстағы Наймандардың, Арқадағы Арғындардың жылқысын үйір-үйірімен айдап әкетіп жүріпті. Шонбай бабам жүрек жұтқан батырлығымен, жомарттығымен, үлкен адамгершілігімен атақ-данқы шығыпты. Елдің айтуы бойынша, ол дүниенің құлы болмапты, барымтадан түскен өз үлесін туған-туысқандарына, кедей-кепшікке, жесір-жетімге бөліп береді екен.

Бірде Шонбай бабам Алатаудың теріскей жағындағы Шапыраштының жылқысын ұрламақ болып, түнгі жорыққа аттанғанда, көптен бері кектеніп жүрген қазақтар аяласын асырып, оны қолға түсіреді. Ертесіне барымташыларды деректетіп, Шапырашты руының игі-жақсыларының алдына алып келеді.

— Шонбай бастаған қырғыз барымташылары талай рет жылқымызды айдап әкетіп, елді қан қақсатты. «Көп асқанға, бір тосқан» демекші, қолымызға түсіп, мүсәпір болып, алдымызда отыр. Бұл бауқеспе ұрыға ешқандай рахымшылық болмасын, құнының да бізге керегі жоқ. Өмір бойы терең зынданда құрт-құмырсқаға таланып, қор болып өлсін! — деп Сарыбай би өзінің қатал үкімін айтады. Шонбайға көптен бері тісін қайрап жүрген басқа билер де Сарыбай бидің сөзін қостайды.

— Дат, — депті сонда Медетбек батыр. — Мен Шонбайдың жасаған қастығын ақтайын

ант берсін.

Қазақтың дана билері әрқашанда сөзге тоқтаған. Олар Медетбек батырдың қара қылды қақ жарған әділ шешіміне құлақ асып, көп ұзамай-ақ Шонбай бабам еліне аттанып кетіпті.

Менің бабам Шонбай сөзінде тұрып, барымташылықты мүлде қойып, бейбіт кәсіпке көшіпті, одан жаман болмапты. Жасы тоқсаннан асқанша Медетбек батырдың ақылдылығы мен кеменгерлігін, өзіне жасаған шоң жақсылығын үнемі айтып отырады екен. Баба өсиетіне атам да, әкем де адал болды. Әкем Дүйсен қазақтың қызына үйленіп, перзентті болғанда, үлкен той жасап, менің атымды Медетбек қойыпты.

Өнегелік, тәлім-тәрбиелік мәні зор, әсерлі әңгімені ұйып тындап қалыппыз. Алғашқы көргеннен-ақ бізге үлкен бауырмалдық танытқан жігіт ағасы ыстық ықыласымен бәрімізді өзіне баурап алды. Тамақ ішіп болғанымызда, ішке ұзын-бойлы жас жігіт кіріп, ізетпен сәлем берді.

— Бәрі де дайын, сапарға шығуларыңызға болады, — деді ол еде қырғызға қарап.

— Дұрыс, балам, тайекелер, танысып қойыңыздар, бұл жігіт менің кіші ұлым. Аты — Азамат. Балам сіздерді өзінің машинасымен Ыстық көлге дейін жеткізіп салады. Қайта оралғанда өз көліктеріңіз дайын болады, — деп орнынан тұрып, бізге сәт сапар тіледі.

Біз Медетбекке алғысымызды жаудырып, Ыстық көлге аттанып кеттік.

Мен жол үстінде келе жатып, жолдасым, жазушы Нағашыбек Қапалбекұлы айтқан мына әңгімені еске түсірдім.

Саурық батырдың баласы Сыпатай мен Медетбектің арасындағы қыл өтпейтін достық туралы ел арасында аңыз-әңгіме көптеп кездеседі. Тай-құландай тебісіп бірге өскен олардың жолдаслығы сонау бала кезден басталып, Медетбек пен Сыпатай өмір бойы бір-бірін сыйлап, қадірлеп өтіпті.

Бірде қырғыздар бейкам отырған Шапыраштыларға ойламаған жерден соғыс ашып, 15 жасар Сыпатайды тұтқына түсіріп, олжалы болған малмен бірге айдап алып кетеді. Жан досының қырғыздарға қолды болып кеткенін естігенде жас Медетбек үйге сыймайды. Есіл-дерті Сыпатайды қырғыздардың тұтқынынан босату. Бұл туралы әкесіне немесе туған-туыстарына айтса, «Әлі бөлің қатпаған жас баласың, жайыңа қарап тыныш отыр», — деп ешқайда да жібермейтінін бозбала жақсы біледі. Ол ешкімнің рұқсатынсыз үйден қашып шығып, ел кезген диуана бала болып, досын іздеуге бет алады. «Сұрай-сұрай Меккеге де жетесің» демекші, бірнеше күн жаяу жүріп, Сыпатай досы тұтқында жүрген қырғыз ауылына да жетеді. Медетбек үлкен сақтықпен жан-жағына көз тастайды. Қырғыз ауылындағы ересектер бір жаққа кеткен болу керек, мұнда негізінен кемпір-шалдар, жас балалар қалыпты. Аяғын батылдана басқан Медетбек шеткі үйдің сыртында күйбендеп, үй шаруасымен айналысып жүрген әйелден су сұрады. Үлкен ожаумен су әкелген әйел Медетбекке таңдана қарады, бір жерден көрген сияқты.

— Шырағым, қазақсыңба? — деді әйел сактана жай сөйлеп.

— Иә, қазақпын. Байқаймын, сіз де қазақ

сияқтысыз, — деді Медетбек әйелге ожауды қайтарып беріп жатып.

— Мені осыдан біраз жыл бұрын қырғыздар тұтқынға түсіріп, алып қашып кеткен. Қазір Манапбек деген қырғыз байының тоқалымын. Тоқал деген атым болмаса, көп күннің бірімін. Сен Саурық батырдың ұлы Сыпатайды іздеп жүрсін бе?

Жасына жетпей тым қартайып кеткен тұтқын келіншек Медетбекке тік қарады.

— Жок, мен ел кезіп жүрген диуана боламын, — деді бозбала әйелге сеніңкіремей.

— Шырағым, өз бауырына қастандық ойлайтын жаман адам емеспін. Сені танып тұрмын. Сыпатай екеуіңді осыдан біраз жыл бұрын «Ақбастау» жайлауынан көргенмін. Ол кезде екеуің де он екілердегі бала едіңдер.

жүрген қаныпезер қырғыз болатын. Медетбек қолға түскенде: «Маңқа қазақтың алып денелі батырын қамшы үйірмей-ақ тұтқынға түсірдім. Сені бар болғаны он жылқыға сатамын, мұны кім іздей қояды дейсің, сайда саны жок, құмда ізі жок» деп мақтанғаны әлі есінде. Оштың атақты манабы алыстан келген қонақтарды күтіп, абыр-сабыр болып жатқанда Медетбек отын кіргізген болып, асып-тасып отырған әлгі қарақшының сөзіне құлақ тосты.

— Манап, мырза! Оштың базарына қазақтардан барымталап алған үш үйір жылқыны сатуға алып келдім. Қаласаң, құлдыққа екі жас жігіт пен бір жас қызды сатамын. Қыз болғанда қандай! Қазақтың нағыз аймандай, қиғаш қас сұлуы! Күн деген сенде

өршіл ақын. Өленді кие тұтқан, жаны жана жауған қардай кіршіксіз таза ақын. Қазақ халқы мен оның болашағы мен келешегі үшін қарлығашша шырылдайтын, елінің үлкен бақыты үшін ештеңеден тайынбайтын қайраткер, батыр ақын. Елші ретінде қазақ пен қырғызды жақындатып, екі туысқан халықтың достығын паш етіп, рухани дүниесін биікке көтеріп жүрген бауырмал жан. Мен Мұхтарды көргенде қазақ бауырларымының кең байтақ даласын, сол даладай кең пейілін көргендей боламын! — деп ұлы қаламгер Мұхтар інісі туралы ағынан жарылды.

Бұл менің Шыңғыс Айтматовтан алған алғашқы және соңғы сұхбатым еді. Ұлы адамдармен сөйлескенде, олардың мысы басып тұрады. Бір аңғарғаным, есімі бүкіл дүниежүзіне белгілі жазушының тұлбайынан осы арақашықтықты алыстатып тұратын қасиет мүлде байқалмады. Жүзінен үлкен парасаттылықтың нұрлы шуағы төгіліп, адамды өзіне бірден баурап алады екен, менімен туған ағамдай еркін, жылы сөйлесті.

туындыларыңыздың көптеген кейіпкерлері қазақтар болып келеді. Оның себебі неде?» деген ойлы сұрақ қойды.

— Қазақ пен қырғыз — түркіден тарайтын туысқан халықтар. XV–XVI ғасырдан бері Алатаудың екі шетінде тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Қазақ пен қырғыз ежелден қыз беріп, қыз алысқан, мың жылдық құда болған, салты, дәстүрі, діні, тілі өте жақын ел. Біздің қуанышымыз, қайғымыз, тағдырымыз бір халықпыз. Алатаудағы жайлауларда осы күнге дейін қазақтарсыз той өтпейді. Сондықтан да менің романдарымда қазақ кейіпкерлерім көп кездеседі. Ол кейіпкерлерсіз кез келген туындым шымыр, шынайы шықпаған болар еді, — деді Шыңғыс парасатқа толы сөздермен салиқалы жауап беріп.

— Менің Орталық Азияда тұңғыш рет болуым. Қырғызстанның табиғаты маған ұнады. Көрші жатқан Қазақстан қаңырап жатқан шөлді ел дейді. Осы рас па? Жалпы, қазақ деген қандай халық? — деді Италияның журналисті тақ-тақ етіп.

— Мен сенің соңғы сұрағыңнан бастап жауап берейін, — деді заңғар жазушы күле

АРДАҚТАҒАН МЕДЕТБЕК БАТЫР

Мен Шапыраштының ішіндегі Шыбылдың қызымын. Бір-екі күнде Сыпатайды Ошқа апарып, құлдыққа сатпақ, — деді әйел тез-тез сөйлеп.

— Әпке, бұл ауылдың еркек біткені көрінбейді ғой, олар қайда кеткен? — деді Медетбек әйелге жақындай түсіп.

— Көрші ауылдағы қырғыздың бір беделді ақсакалы дүниеден озған, бәрі сонда кетті. Осы қолайлы сәтті пайдаланып, Сыпатайды алып, тез елге қашып кетіндер, — деді Шапыраштының қызы жан-жағына сақтана қарап. — Анау шеткі екінші үйдегі байлауды тұрған қос атты көрдің бе? Қырғыздың екі жігіті бір жерден шаршап-шалдығып келді, астарындағы аттарының ер-тоқымын алуға да жарамай ұйқыға кірісті. Бұл сабаздар енді кешке дейін оянбайды. Сен ауылды аралап, қайыр сұраған болып жүр, ал мен бие саууға көмектесіп жүрген Сыпатайға барып ескертіп келейін, — деп қазақ әйелі ауылдың шетіне жүгіре бет алды.

— Әпке, сәл тоқтай тұрыңызшы, — деді Медетбек өтініп, — сізді қырғыздарға тастап кете алмаймын. Елге бірге кетейік.

— Рақмет, көкем, бірақ мен бара алмаймын. Екі жас балам бар, оның үстіне аяғым ауыр. Тағдырдың мандайыма жазғаны осы болды, қайтемін, көнбей қайда барамын. Хош бол, айналайын, жолдарың болсын, елге сәлем айтыңдар! Қазір Сыпатай келеді, тез аттанып кетіндер, кешке дейін елдің шетіне ілігіп қаласыңдар. Көз жасын сығып, жаутандай қараған келіншек алға қарай бет алды.

Көп ұзамай-ақ Медетбек пен Сыпатай жолға шықты. Жол бойы үндемей келе жатқан Медетбек Шапыраштының жеріне іліккенде «Қайран әпкем-ай!» деп еңіреп жылап жіберді. Сыпатай оны қалай жұбатарын білмеді. Оның да қос жанарында жас мөлтілдеп тұнып тұр еді.

Барымташылыққа байланысты қазақ пен қырғыздың арасында жиі-жиі қақтығыстар болып тұрғаны тарихи шындық. Осындай шапқыншылықтың бірінде жиырма жастағы Медетбек байқаусызда қырғыздардың қолына түсіп қалады.

Тұтқиылдан шабуыл жасап, мол олжаға кенелген қырғыздар мастанып, Медетбек батырды танымайды. Шапыраштының жас жолбарысына мергеі де осы еді, ол өтіріктен мақау бола қалады. Беті-қолын жумай, сақал-мұртын өсіріп, түрін адам танымастай өзгертеді. Қырғыздардың ымдауымен отын жарып, су құйып жүре береді.

Арада бірнеше ай өтіп, Медетбек батыр елге қашудың ретін тағатсыздана күтіп жүреді. Бір күні Ош қаласындағы атағы жер жарған манаптың үйіне Алатаудың күнгей жағынан бір топ қырғыздар келіп, қонақ болады. Өктем-өктем сөйлейтін қара сұр, еңгезердей қырғыз батырын Медетбек бірден таниды. Ол мал сатумен бірге адамдарды да құлдыққа сатуды кәсіп етіп

онсыз да жетіп артылады, әлгі бойжеткенді тоқалдыққа ал, жас иіс иіскеп, қатынға бір жарып қаласың. Ха, ха, — деп қарақшы бөсіп отыр екен.

— Бөс, бөс, қарақшы қырғыз! Бұл сенің соңғы рет қарғаша қарқылдауын, — деп тістене кектенген Медетбек аулаға шықты. Екі жүйрік атты ерттеп қойып, қалған бес-алты жылқыны босатып, үйдің жанындағы терең сайға айдап жіберді. Қырғыз жасақтары ауызғы бөлмеге тастаған алмас қылышты қолына алып, боза ішіп, бөртеп отырған қырғыздардың үстіне баса көктеп кіріп келді.

Ей, қарақшылар! Мен мақау емеспін, қазақтың Медетбек деген батыры боламын. Ал енді имандарынды үйіре беріндер, қор болған бауырларымы үшін сендерден кек аламын, — деп қырғыз батыры мен манаптың басын қылышпен шауып, үйден шықты да, аттың біреуін мініп, екіншісін жетекке алып, шаба жөнеледі...

Мен Ыстық көлге келе жатып, тарихта болған осы оқиғаларды көз алдыма елестеттім. Құлағым Медетбек батыр мінген тұлпардың тұяқ дүбірі естілгендей болды...

...«Ыстық көл» форумының жалғасы көрікті көлдің жағалауындағы «Қырғызстан» шипажайында өтті. Дүниежүзінің түкпір-түкпірінен арнайы ат шаптырып келген, атағынан ат үркетін ақын-жазушылар, саяси қайраткерлер бас қосқан Халықаралық жиын демалысқа ұласты. Қырғыз ағайындар да — қазақ сияқты той десе барын шашып тастайтын қонақжай халық. Бұл той да Манаптың 1000 жылдығына арналған ұлан-ғасыр мерекеден бір кем болған жоқ. Қырғыздардың ежелгі салт-дәстүрі бүгінгі заманның жоғарғы тағамымен жалғасып, дүркіреп өтті. Франция, Италия, Германия, Испания, Бельгия, Португалия, Ресей және басқа да елдерден келген меймандар Алатаудың күнгей жағындағы әдемі көлдің көркіне тамсана көз тастап, суына шомылып, яхтаға мініп, мез-мейрам болысты.

Мұхтар Шаханов ағам ескертіп қойған болуы керек, «Ыстық көл» форумын өз дәрежесінде өткізуге бар күш-жігерін жұмсап жүрген, бүкіл әлем мойындаған аса дарынды қаламгер Шыңғыс Айтматов қанша шаршап-шалдығып жүрсе де, қазақтың көрнекті ақыны Мұхтар Шаханов туралы сұхбат беруге келісімін берді.

— Мына шалқып жатқан Ыстық көлдей терең, анау Алатаудай биік әрі шоң қос Мұхтарды білемін. Оның алғашқысы — заманымыздың заңғар жазушысы, Лениндік сыйлықтың лауреаты, менің рухани ағам Мұхтар Әуезов, ал екіншісі — бір қазаққа ғана емес, әлем әдебиетінде, оның ішінде поэзияда өзінің үлкен орны бар менің бауырым, рухани інім Мұхтар Шаханов. Мұхтардың асқақ рухқа толы ғаламат поэзиясына бір ауыз сөзбен баға беруге болмайды. Ол — бүкіл Түркі әлемі мойындаған ұлы ақын. Басына нокта сымайтын батыр,



Медетбек батыр кесенесінің ашылуы. 2007 жыл

Толқып жатқан Ыстық көлдің жағасында дидарласып отырып, Шыңғыс Айтматовтың даналығы мен қарапайымдылығына таңғалдым.

— Атын қызық екен, — деді Шыңғыс аға мен ұсынған өзінің кітабына қолтанба жазып жатып, — Жамбылдағы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумында оқып жүргенімде менің Доктырбек деген досым болды, есімін ырым етіп, осылайша қойыпты.

— Менің анам ауылдағы әйелдердің арасында тұңғыш рет Жуалы ауданындағы жалғыз перзентханада босаныпты. Сіз айтпақшы, ырым етіп, атымды Доктырхан қойған екен, — дедім мен күле жауап беріп.

— Менің туған ауылым Шекер мен Жуалы ауданы шектесіп жатыр. Бұл құтты жерді жақсы білемін, ертеректе «Правда» газетінде тілші болып жүргенімде «Жуалының ақ бидайы» деген үлкен очерк жазған болатынмын. Солай доктыр болмай, журналист болып кеткем, бауырым, — деді Шыңғыс Айтматов менің арқамнан қағып. — Айтпақшы, жақында Алматыға келгенде Мұхтар інім екеуіміз сенің қазақ теледидарынан жүргізіп жүрген «Бойтұмар» деген хабарынды көрдім. Мұқан сені жақсы көреді екен, әбден мақтады. Түбі бір, тегі бір түркі халықтардың салт-дәстүрін, тарихын, ұлы тұлғаларын насихаттағаның өте дұрыс. Қилы-қилы заман болып, бәрімізге ортақ рухани қазығымыздың алтын дінгегін босатып алдық қой. Соны мықтап бекіту керек. Онысы біз алға жылжи алмаймыз. Рухани байлық жоқ жерде, ырыс та, береке де, татулық та, бейбітшілік те болмайды. Осыны ұмытпа, Доктырхан інім. Ісіңе сәттілік тілеймін!

— Рақмет, Шыңғыс аға! Кішкентай еңбегімді кәдімгідей бағалап жатырсыз. Мен үшін одан асқан қуаныш жоқ! — дедім алғыс сезімді білдіріп.

Осындай сәтті пайдаланып қалатын бір топ журналист ағайындар Шықанды жан-жақтан қоршап, сұхбат ала бастады.

Франциядан келген жас журналист қыз өжет екен, суырылып алға шығып: «Сіздің

сөйлеп. — Қазақ елінің бір шеті мен екінші шетін 6 мың шақырым жер алып жатыр. Бұл кең байтақ жерге 9 Франция, 20-ға жуық Италия сыйып кетеді. Қазақтың жері қандай кең болса, пейілі де сондай дархан. Ғылымы, әдебиеті, мәдениеті өркендеген мемлекет, былайша айтқанда, Орталық Азияның көшбасшысы — Қазақстан. Қазақ пен қырғызда «Мың рет естігенше, бір рет көрген артық» деген сөз бар. Мүмкіндік болса, өз көзіңмен көріп, Қазақстанға барып қайтқаның жөн.

Енді бірінші сұрағына жауап беруге тырысайын. Қазақстанда шөл де, өзен мен көл, теңіз де бар, асқар-асқар тау мен сыңсыған орман да бар. Жерінің беті де, асты да тұнып тұрған байлық. Көкшетаудың, Алтайдың, Жетісудың сұлу табиғаты Швейцариядан бір кем емес. Бір сөзбен айтқанда, ғажайып өлке, ырысты, берекелі ел. Осының бәрін Жаратқан ием қазақ ағайындардың ақ пейіліне қарап берген болуы керек.

Бір топ шетелдік журналистерге қысқа, бірақ өте тұжырымды жауап берген Шыңғыс Айтматов өзін күтіп тұрған мәскеулік ақын Евгений Евтушенко мен Мұхтар Шахановқа қарай бет алды.

Дүниежүзінің барлық ізгі ниетті адамдары хан көтеретін аса талантты жазушының жүрегінен шыққан шынайы лебізді тындай отырып, іштей қатты толқып тұрдым. Дуалы ауызды Айтматов өте орынды айтады. Иә, қазақ халқы — байтақ жерді алып жатқан кең халық, жомарт халық, данышпан халық, батыр халық! Ал қырғыз бен қазақтың арасындағы ізгілікті жолды, бауырмалдыққа толы туыстық жолды алғаш салған біздің Ескоқа, Таңатар, Құдайберді, Медетбек батыр сияқты дана бабаларымыз бен аталарымыз. Шыңғыс ағаның ұлағатты сөздерін тындап, мен осыны тереңірек ұғына түскендей едім.

Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК,
жазушы-режиссер,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері



Жұмаш КЕНЕБАЙ-КӨКБӨРІ

«Алматыға тағы да келді көктем,
Келді көктем жанарын мөлдіреткен.
Қала бүгін аумайды Қыз Жібектен,
Орамалын қолына ап желбіреткен», –
деп қазақ поэзиясына 70-жылдардың
аяғында келген ақын Жұмаш Кенен-
бай 75-ке толып отыр.

БАР ТҮРІККЕ БІР ӘРІП!

Ойлай келіп жан жақты,
Ауызбірлік аңдатты.
Барша Түрік халықтары,
Ортақ әріп таңдапты.

Онсыз-дағы тілі ортақ,
Онсыз дағы діні ортақ,
Жаса, Түрік бірлігі,
Бар жағынан Бір! Ортақ!

О заманнан тегі бір,
Асар асу, белі бір,
Болашағы керемет,
Ұлы Түрік елінің!

Мықты шыққан қарадан,
Тәрбие алған данадан.
Барша түрік ежелден,
Бір негізден тараған!

Шындық емес елесте,
Еңіреген ері есте!
Ортақ әріп дегенің,
Ел бірлігі емес пе!

ҰЛЫ ТҮРКІСТАН МЕН ҰЛЫ МАҒЖАН

Жүріп тұрған жер-жаһанға әмірі,
Күндей ашық күркіреген бар үні.
Ұлы Мағжан – ұлылықтың Құдайы,
Ұлы Мағжан – өлең, жырдың Тәңірі!

Бірде жүрмей, бірде баспай өрге ісі,
Босатпады тартып оны жер күші.
Толқын, толқын, қайратты шаш бұп-бұйра
Ұлы Мағжан тағдырының белгісі.

Ер жігітте ол, сұлулықтың жамалы,
Жүрегінде қоздап ойлар жанады.
Тұла бойы кемеңгерлік керемет,
Мейірімге толы ойлы жанары.

Бар қайратын «Алашына» арнады,
Нәзік сырды жылдамдықпен аңдады.
Бар түріктің алтын, асыл тамыры,
Ұлы Тұран, Түркістаны – арманы.

Елден ерек, зерек болды ұғымы,
Ұлы ғана түсінеді ұлыны.
Бойда тулап, Ер Түріктің қайраты,
Арпалысқа толы болды ғұмыры.

Өзге ақындар білмейтінді білетін,
Жауларына жаны ашып, күлетін.
Ұлы Тұран, Түркістанға байрағын,
Қайта тігер күндерді аңсап жүретін.

Миларында алуан ойлар пісетін,
Оған аздай қандай-қандай місе тым.
Ана Сәбит, табаласа қанишама,
Ал Мағжан, қайсарлана түсетін.

Оңашада даласына сыймайтын,
Сағыныштан көз жанарын сулайтын.
Әлханнды, Ахметті және де,
Міржақып пен Мұстафаны сыйлайтын.

Туа кербез, өзін жақсы күтінген,
Істері көп, істерінен бітірген.
Әмір-Темір, Хан Кенге Тәңірдей
Табынатын барлық болмыс, бітіммен.

Ой жеткен бе, оның терең ойына,
Шақ келмейтін жүкті алмайтын бойына.
Қазағының мынау дарқан даласы,
Бар қажетті бере салған бойына.

Қарсы соққан толқындарды елемей,
Маң далада жалғыз жүзді ол кемедей.
Дөңбекшіген Хазар, Балқаш сияқты,
Білімі оның теңіздейін телегей.

Жанып жүрді ол жыр отына жалындай,
Өмір кеітті жауларына бағынбай.
Бар түріктің болған алтын бесігі,
Түркістанын сүюші еді жалындай.

Мақсаты айқын, түптің-түбі жететін,
Ұлы ойлармен ұлы күндер өтетін.
Кей сәттері Қара Ертістің бойымен,
Көкбөрідей жалғыз жортып кететін.

Қазағымның жүзі қандай шуақты,
Мені сынап... және өзін сынапты.
Менің қайран Қазағымды дәл мендей,
Ешкім шындап сүйе алмайтын сияқты...

Қазақ болып тұңғыш қадам аттағам,
Қазақ болып қара өлеңін жаттағам.
Басқа ұлттың ұлы болмай бір ғана,
Қазақ болып туғаным мақтанам!!!

Мен ұлтымды шетсіз-шексіз сүйемін,
Өлсем өлем – Қазақ болып сүйегім.
Кішірейіп Қазағымның алдында,
Соған ғана мен басымды иемін.

Қазағымды сүйем – толық молынан,
Мен таймаймын Қазағымның жолынан.
Қазағымға тіл тигізсе кімде-кім
Өлер едім тура соның қолынан!

Бабама ұқсап мен дағы,
Заманның зарын айтамын.

Жалынды жырын жерлеген,
Дарынды сыйлап көрмеген,
Кешегі қызыл өкімет,
Дулатқа есе бермеген.

Ол жырын Ұлтқа арнаған,
Күрестің жолын таңдаған.
Қызылдар Дулат бабамды,
«Ақыны, – деген, – зар заман».

Бабаммен менің бір қайғым,
Жүректің үнін тыңдаймын.
Мен дағы ұлы бабамдай,
Заманның зарын жырлаймын.

«АРҒЫ АТАМ – ЕР ТҮРІК!»

(Жүсіпбек Аймауытұлы)



Бере алмай ашық күшке ерік,
Жазамын мен де тістеніп.
Кезінде бабам сынаған,
Әлі де солар – үстем ұлт.

Аяғөз – біздің жеріміз,
Ақиатау – біздің еліміз,
Сыбандай текті әулеттің,
Бабам да, мен де – төліміз.

Қазақтың мұңын мұңдаған,
Қазақтың зарын тыңдаған.
Бабамдай болсам арман жоқ,
Ұлтымның зарын жырлаған.

Іздеген жолдың түзуін,
Бойымда жалын, қызуым.
Бабатайұлы Дулаттың,
Соңында қалған ізімін.

«Болсын, – деп, – аман, Қазағым!»,
Ертеңде – барлық назарым.
Сонықтан барлық жырымды,
Бабама ұқсап жазамын...

БІЗ ОСЫ «ТҮРКІМІЗ» БЕ, «ТҮРІК» ПІЗ БЕ?.. S OS !!! БІЗ ЕЖЕЛДЕН – TURKPIZ!!!

Шекарасы Ұлы дала – құлыпсыз,
Тап-таза ұлт – өмір кешкен былықсыз.
Сансыз ғасыр Батыс, Шығыс сескенген,
«Түркі» емеспіз, қаһарман ұлт TURKPIZ.

«KULTEGIN»-де жазылғандай:
TURKPIZ!
Судың таза мөлдіріндей тұнықпыз!
Қиын сәтте жол бастаған КӨКБӨРІ
Қай дұшпаннан болса-дағы Ұлықпыз!

ҰМАЙ АНА – бесігенде жөргектен,
Қасиетті Алтай тауы тербеткен,
Ер Түріктей текті ұрпақты кім көрген,
Ұлы жорық, шайқастарда ержеткен...

Қаһарынан қас дұшпаны жасқанған,
Асқан Түрік небір асу-асқардан,
Сенбесеңіз, «Алаш маршы» кешегі,
«Арғы атамыз – Ер Түрік» – деп басталған!

Қайран жүрек ұлты болып тулаған,
Оның үнін Ұлы дала тыңдаған.
Жүсіпбектей қайсар ұлы «Алаштың»,
«Алаш маршын» – («Ер Түрік» – деп
жырлаған.

Дүбір қосып, Ұлы далам төсіне,
Ұлы тарих ой салады есіме...
Ұмытпайды Тәуелсіз ел тарихын,
«Түркіміз» деп жалтақтаймыз несіне?..

Дүбірлетіп кісінеген тарлан көк,
Ұлт ертеңін армандаған жандар көп...
«Ер TURKPIZ» – деген барша TURK-тің
Маршы ойнаған күнді көрсем арман жоқ!!!

Құштарлықпен бар қазақтан алда еді,
Енесінен дара емген арда еді.
Ол түсінді болмысымен ғажайып,
Құмет тұтып, сыйлайтынын алда елі...

Күресетін ойларымен алдырмас,
Шындап сүйсе, естен бүйтіп тандырмас!
Көне Тұран, ұлы Отырар шаһары,
Тағдырымен болушы еді тағдырлас.

Ұлы Мағжан, шын мәнінде, Ұлы еді,
Жалғыз ғана туған ұлты – тілегі.
Күндіз-түні қазақ деген халқының,
Тәңіріден азаттығын тіледі.

Сүйді ерекше, мынау сайын даласын,
Сүйді ерекше, Фарабидей данасын.
Бастан кешкен дүрбелеңді кезеңді,
Қадыр тұтты ол, жауынгер ұлт, бабасын.

Сағыныштан сан сарғайған санасын,
Сыйлап өтті ол, өзін туған анасын.
Құрмет тұтты ол, Ер Түрікті кешегі,
Билеп тұрған жер-жаһанның арасын.

Жапа шегіп, жауларынан оңбаған,
Қайғы бұлты Ыстамбұлын торлаған...
Сол кездегі жалғыздықтан қан жұтып,
Жасын төгіп, қандастарын қолдаған...

Жауы көп пе, жағалаған жар астын,
Шабьитанса, Көк Тәңірмен жанасты үн.
Ұлы Мағжан, сирек бітер маңдайға,
Болушы еді ардагері «Алаштың».

Айы жарық туды талай оңынан,
Ол түспеді жыр-желмая қомынан.
Құрбан болған қапияда қайран ер,
Қан тілеген қызылдардың қолынан.

Жоғалтқандай асыл арман, мұратын,
Сыңси жоқтап, қала берді бұла тун.
«Ұлы Тұран, Түркістан...» деп жырлаумен,
Өтті осылай бұл Жалғаннан бір ақын.

Табанымнан кеткендей ме, тас тайып,
Мағжанын жоқтамас ел, басты айып.
Алматыдан бір ескерткіш бұйырмай,
Анкарада тұр Мағжан қасқайып...

«Біз де бар...» деп айтуға шақ қалдым...
Атқаны ерек Анкарада ақ таңның!
Ана түрік бауырлардың алдында,
Менің дағы келіп кеткен мақтанғым...

Ұл қадірін білмеді ме, елге сын,
Білмедік-ау, сөз етуден өңгесін.
Астанадан көрем ғой деп ойлағам,
Мағжанымды Анкарадан көргесін...

Қазағымды жан-тәніммен сүйемін!

Өз ұлтымды дей алмаймын – көп білем,
Өз ұлтыма ынтықтығым – от білем!
Қазақ болып туғанымға өзімді,
Соншалықты бақыттымын деп білем!

Талай сорлап, талай қанат қырқылды,
Талай жерде талай тыйдым күлкімді...
Өз халқыма адал болып өтемін,
Жан-тәніммен сүйсем өзім ұлтымды.

Далам да алғаш – «Қазағым!» деп көктейді,
Білетіндер Қазағымды От дейді!
Бірде-бір ұлт мына жұмыр жердегі,
Қазағымға жеткен емес. Жетпейді!!!

Шуақ көрем Қазағымның көзінен,
Күй естимін оның әрбір сөзінен.
Қазағымның пейілінің кеңдігі,
Басқа ұлттар да жоқ сияқты сезінем!

Сен сұрасаң, айтам былай себебін –
Жалғыз ғана Қазағымға сенемін!
Өлгенде де Қазақ болып өлемін,
Сөнгенде де Қазақ болып сөнемін!

Мен ұшаққа – Қазақ болып жетемін,
Соған берем өмірімнің өтеуін.
Рас болса Қазақ болып туғаным,
Бұл өмірден Қазақ болып өтемін!

Мақтан тұтам – Қазағымның бай тілін,
Ана тілім – менің таза алтыным!
Бас қатырма, ортақ болып ұлтыма,
Қазағымды сыйламасан, жарқыным!

Кім қысқа дер Қазағымның өресін,
Қазақ деген қасиетті өр есім!
Қазағымға тіл тигізсең сен егер,
Онда менен көресіні көресің!

Қазағым боп – жетсем, жетем бақытқа,
Айырбастап ала алмайсың жаһұтқа.
Таптанпаймын Қазағымның намысын,
Бүгін көзім тірі тұрған уақытта!!!

Басталады менің ұлы айқасым,
Қопарамын соның барлық тау-тасын!
Қазағымға бұл жалғанда кімде-кім,
Қолында өлем, тіл тигізіп байқасын!

Мен даламның самалымен мас едім,
Мен даламның гүлдеріндей жас едім.
Мен Қазақты байлығына әлемнің
Ешқашан да айырбастамас едім!..

ІЗІМІН ДУЛАТ БАБАМНЫҢ...

Деме сен: «жырың – зарлы екен?..»
Деме сен: «ойың қарлы екен?..»
Бабатайұлы Дулаттың,
Елінен болғаннан ба екен.

Аяғөз – менің байтағым,
Дей алман «беттен қайтамын...»

**Толқын ҚАБЫЛША**

Дейсін бе, әлде,
ұғына алсаң, ғаламды ұқ?
Мұнша сұлу болармысың, адалдық?!
Неге біздер ғарышта емес, жердеміз,
Неге біздер қанатсыз боп жаралдық?

Жанарыма жазықсыз бір жас тұнды,
Жан-тәнімде бір сағыныш асқынды.
Іңкәрлікте болмайды екен басқа жол,
Нәзіктікте болмайды екен басқа үлгі!

Жер менен көк қайталас сәт дедім,
Жаратқаным, сен осынша пәк пе едің?
Періштенің сезіндірген шын халін,
Күнәһардың сезіндірген әттеңін.

Қандай қуат жаратты екен жан, арды?
Қандай қуат жалт еткізді жанарды.
Қандай тұнық біздің осы сағыныш!
Қандай сұлу біздің осы адалдық!

Сені жырлау болсын енді маған құт!

ЖҮРЕКСІЗ...

Селт етпейтіндер жүрексіз келер,
Жүрексіз келер бәрінен,
Қорқатын болсаң, шын қорку керек,
Жүрексіздердің кәрінен.
Кеудесіндегі жұмыр етінде
Сезім болмаған жандардың,
Тозақтың оты жылтындап қарар,
Жанары, жүзі, әрінен.
Сыртқы кескіні адам секілді,
Ішінде – бірақ жануар.
Таң менен кештің, жүрексіз кешкен
Тірліктің қандай мәні бар?
Гүлдерді жұлып, гүлзарды жұлып,
Жау болып нәзік мейірге...
Жүрексіз кешкен ғұмырдың кейпі
Ұқсайды бекер сейілге.
Тікенектері...
онсыз да мынау көп болған мінсіз заманың,
Сүйе алмайтындар мен сенбейтіндерден
құрылған құнсыз қоғамың,
Арман да жырақ, аңсар да алыс,
Жүрексіз жанға бәрібір.
Жаныңмен өртеп сүймейтін болсаң,
Өтінем, менен әрі жүр!
Көз жасымменен қайта маздатып,
сенімнің сөнбес шырағын...
Жүрексіздерді көзіммен жасқап,
қасқайып қарап тұрамын.

Қарашы, өне!
Өлеңнің періштесі,
Аңғалдығың ғаламның сеніп кешіп,
Адалдықты сүйден жалықпайды.
Қанатымен қауырсын қалықтайды.
Алданбаған арманның иесінде,
Мөлдір таза бір мұнның киесінде,
Жараланып жатса да нәзіктігі,
Іздемейді ол кінәлі, жазықтығы.
Сатқындықты сезінсе жылап қалып,
Тағдырының әр сәтін сұраққа алып,
Сол періште күйімен кешірімді,
Өлең болып тербейді бесігінде.
Өмір болып оятып сәби күнді,
Өмір болып жұбатып фәни мұнды.
Саф ауасы секілді ғаламыңның,
Тұнықтығы секілді жанарыңның.
Аңғырттығы күн кешіп бала шақта,
Үміт сыйлап барады болашаққа.
Көзің салшы, періште жыр құсына...

Жүз жыл уақыт,
Болсаң да көзден жырақ,
Бойымда әлі, сол бір күн сезген қуат.
Өмір сүрдің жүректің түкпірінде,
100 жыл уақыт,
дәл бұлай күтті кімдер?!
Құрсақтағы сәбидей ең кінәсіз,

Кеудемдегі сенімдей ең шүбәсіз,
Өмір сүрдің жазықсыз өлеңімде,
Саған сенген риясыз әлемімде.
Мен ұнатқан аяулы таң шығында,
Жанарымнан сырғыған тамшы мұнда.
Мезеттерде алғаусыз ғашық болған,
Сәттерімде бақыттан тасып, толған.
Үміт артқан кезім боп елжіреген,
Қарашықта сезім боп мөлдіреген.
100 жыл уақыт – өлмеген ғасырымдай,
100 жыл бойы аңсаған асылымдай...
Сыр сандықта жасырған алтынымдай,
Жанардағы сөнбеген жарқылымдай.
Өмір сүрдің мәңгілік арман болып,
Мені алдаған ең сұлу талғам болып,
Мен өзіне серт берген сағыныштай,

АҢСАРЫМА КУӘ – ЖАЛҒЫЗ ҚАЛАМ-ҚҰТ...

Қалай жүргем, сонша жыл алып-ұшпай?
100 жыл уақыт,
Аз емес тағдырыма,
Жасынына, жүректің жаңбырына.
Сен мәңгілік екенсің, Құдайым-ау,
Мен тағы да тәнтімің жарлығына!

Жанарым неге жасаурай берді?
Жанарым, саған ұқсаған...
Жазмыштан тағы аса алмай келдім,
Жасқанып жарық нұсқадан.

Жанымды бір мұң қапсыра құшты,
Қапсыра құшты сағыныш.
Сол сезім тағы асқына түсті,
Жан менен тәнім жарылыс.

Жаңбырға шаққан жалқы бір мұның,
Жанына сауға сұраған.
Жүректің мына жарқылы – жырым,
Аршып алатын күнәдан.

Жасаурап қалған қарашығындай,
Көрмеген әр күн жазалы.
Жаратқан менің жанашырымдай,
Жаныма өлең жазады.

Жүректің мынау күйін түсінбей,
Атады сосын таңдарым.
Сен келер күннің сүйіншісіндей,
Тағдырдан тостым қалғанын.

Адалдық жайлы айтылса бір сөз,
Келесің көздің алдына.
Келеді бейнең, келеді көзің,
Болады оған жан куә.
Алдасам аппақ аңсар үміттей,
Тұрады сенің шық бейнен.
Арылып сосын күллі күдіктен,
Алдарқата алмай көп күйбен,
Ақжелкен мұнның жалауын құшып,
Арзу айтқым кеп аспанға...
Адалдық жайлы ешкім жазбаған,
Жазғым келетін дастанға.
Қайталап айтып сенің атыңды,
Күбірлеп іштей Тәңірге...
Мінәжат етем, мінәжат етем,
Сен туған көктем, сәуірге.
Алғыс айтамын ғаламға, сосын
Өзің боп құшқан мезгілге.
Адалдық жайлы жыр жазып жүріп,
Өзінді таптым, сездің бе?
Алладан басқа күдірет жоғын,
Тәу етіп тағы мойындап,
Сен туған күнді, өлкені, жылды,
Сүйген сәт, уайым жойылған.

Сағыныш дейтін алапат мұнның
Шарпыса бір сәт жалыны...
Тағы да сенің көздерің тұрады
Қиылып қарап, сағынып.
Көздерің тұрады – соншалық сұлу,
Соншалық таза, күнәсіз.
Сол қарашықтың ішінде қалған...
Сезім де сұлу, шүбәсіз.
Өзгенің бәрін тәрк еткім келер
Сол арман, сол күй, аңсарға.
Көзінде сенің жалт еткім келер,
Жалт еткен әр күн, жан сауға.
Тұп-тұнық ардың ұстынындай боп,
Тұрады сенің кескінін.
Жалғыз-ақ сені құшқым келеді,
Ақ сезім жырды кешқұрым.

Иесі болмасаң да бесігімнің,
Киесі болмасаң да есігімнің,
Адалдықтың еншісі секілденген
Әр әрпі ізгілік қой есіміннің!
Көкжиектен қарайтын Күн көзіндей,
Сен тағы күліп тұрсың, кешірімдім!

Сен тағы күліп тұрсың, жан-жүрегім!
Жан-жүрегім!
Сен неткен тағдыр едің?!
Мені мұнаймасын деп күн кешетін,
Сенің нәркестігіңде бар тілегім.
Мен өзінмен биікпін, аспан тектес,
Сен жанбырсын,
сүйетін жанды керім.

Соңғы раушан қолымда тұр, ол тірі...
Сенсіз гүлдің қайтсем ұғам бағамын?

Ештеңе жоқ,
ішімде тек бұрқасын,
Жан бұрқасын, тән бұрқасын, бұрқасын.
Жылы жаққа ұшпай қалған құспын мен,
Мекендейтін жаз бен қыстың ортасын.
Жүректе тек Тәңір қалды, тілекте,
Жалғыздықтан дейсің бе сен қорқасың?

Күн қабағын керсін мейлі, түн қасын,
Елеместен, жанның шерін, көз жасын...
Тәрк еткенмін сағыныштың күйін мен,
Шанағына құйып тастап қорғасын.

Шертілмеген қобыз сарын ішімде,
Жалғыздықтан дейсің бе сен қорқасың?

Соксын дауыл,
Соксын боран, жел мейлі,
Деуші едім мен,
«Мендік жалын сөнбейді».
«Сол сертіңнен қалай ғана тандың?» – деп,
Жалғыздығым күні-түні тергейді.
Селт етпеймін, бұрқасыным ішімде,
Үліне үіл қосқым келмейді.

Сағыныш па?
Тәрк етілген аңсар ма?
Сол аңсарға болушы еді жан сауға.
Астан-кестен арманымдай айыпты,
Жүрек енді бата алмай жүр аңсауға.
Жан мен тәнім дат айтатын жалқы күн,
Болар ма екен,
бақыт дәмін тамсауға?..

Сен бе,
Мен бе?
Жарығың ба сөнбеген?
Көзімізде – оқылмаған соңғы өлең.
Жасырынбақ ойнап тұрмыз,
Екеуміз...
Ағыл-тегіл, астан-кестен кеудемен.
Екі ерінде дірілдейді бір үміт,
Жансебілдей жазмышына көнбеген.

Жансебіл ме?
Жазмышқа шын көнбеген,
Жан менен тән.
Сағыныш қой шөлдеген.
Әлдене деп үкім айтпақ боламыз,
Тағдыр жайлы...
бізді тосқан көлденен.
Уақыт дейміз,
Бізді мұннан емдеген.
Адалдықты қайтсек екен, өлмеген?

Сені ешкімге,
мені ешкімге бермеген,
Адалдықты,
Қайтсек екен, өлмеген?
Жазылмаған ғұмыр-дастан секілді,
Жырларымыз жасырынған кеудемен.
Бір мысқалын қия алмайтын өзгеге,
Біздер, сірә, секілдіміз
Соңғы өлең.
Ендеше, әлі екеумізде ғасыр бар,
Ғаламатын ешкім сүріп көрмеген.

Сенің мені қызғанғаның ұнайды,
Сыйланбаған қызғалдағың ұнайды!
Ғұмырымда өзің болған әр мезет,
Жақындатар көгімдегі құдайды!

Айналғандай аспан жерді, күн айды,
Менің сен деп сабылғаным ұнайды.
Күллі әлемнің қағидасын тәрк етіп,
Сенің мені сағынғаның ұнайды!

Тағдыр бізді солай,
бәлкім, сынайды,
Кейде сені қызғанған сәт ұнайды.
Білесің бе, саған ғұмыр, бақ тілеп,
Мына жүрек
таңда қалай жылайды...

Сені адал деп сенген әр күн ұнайды,
Адалдық қой жақындатар құдайды.
Бәз біреулер баз кешетін бұл ғұмыр,
Сенген, сүйген сәтте ғана шырайлы!

Ұғындырған ең сұлу ар қадірін,
Ұғындырған ең тұнық жан қадірін,
Жаратқаным секілді тым кінәсіз,
Сен өлеңсің,
сыйлайтын жанға тыным.
Арманымың алауы секілденген,
Сен бар жерде үміт бар,
Жап-жарығым!

Сені көрсем,
рухым түлеп,
жан күліп,
Күйкі мұңды қыр астына қалдырып,
Жадырайды мына мендік бар болмыс,
Рауандайды таң күліп.
Ғұмыр күннің жалғыз сендей иесі,
Қарашыққа сіңіп қалған таңғы үміт.

Қанатыңды көк аспанда талдырып,
Қияларды шалдырып,
Сен келген сәт –
Мен ғаламға айналам,
Жер-жаһанды махаббатым таң қылып...
Өзін болып өлең құшар кеудемді,
Ғайып болып бар күдік.

Хақ Тәңірдің қабыл алып жарлығын,
Елеместен дүниенің тарлығын,
Тәрк етемін тіршіліктің бодауын,
Тәрк етемін бар мұңын.
Сені көрсем, алаулайды бір арман,
Жанарымды шырағандай жандырып.

Жыр-қанатым!
Алқаракөк жолдаған,
Бакытым сен,
базарымсың болмаған.
Мәңгі көктем, жүрегімсің сен менің!
Жан гүлісің солмаған.
Жаратқанның шуағысың, білемін,
Мені мәңгі қолдаған,
Мені мәңгі қорғаған.

**ӨЗ ҚОЛЫММЕН СЕЗІМ ГҮЛІН
ӨЛТІРДІМ...**

Мен өзіме жылауға ерік бермедім,
Мықты болғым келді мүмкін тағдырдан.
Жан мұнымды жалғыздықпен емдедім,
Көздің жасын айырғым кеп жаңбырдан.

Сезім гүлін өз қолыммен өлтірдім,
Сенсіз мұңның ішкім келді шарабын.
Жан-тәнімнің өшіргендей өртін мың,
Мақпал түнге маңғаздана қарадым.

Сосын, сосын... сағыныштан жеріндім,
Сол сезім ғой, құрбан қылған жолында.
Мұнмен жалғыз егескендей көріндім,
Серт еткендей сенсіз бақытты болуға.

Өн бойымнан сені солай тәрк еттім,
Жан гүлімнің үздім нәзік сабағын,
Сені мүлде ойламауға ант еттім,
Қарсы алдым да, қатыгез күн қабағын.

Ант еттім мен
Анау зенгір аспанға,
Аңсарыма куә жалғыз қалам құт.
Өзін жайлы жазылмаған дастандай –
Соңғы гүлде
Жылап тұрды адалдық.

Адалдықты қиын екен өлтіру,
Қия алмадың оның нәркес жанарын.

«Қазмырыш» компаниясы
– Қазақстанның түсті металлургия көшбасшыларының бірі. Мырыш, мыс, қорғасын және бағалы металдар өндіретін интеграцияланған компанияның негізгі кәсіпорындары еліміздің Шығыс Қазақстан, Ақмола және Ұлытау облыстарында орналасқан. 1997 жылы Шығыс Қазақстандағы түсті металдар өндірумен және өңдеумен айналысатын кәсіпорындарды біріктіру арқылы құрылған компанияның ілгері басуы еліміздің даму жолымен қатар жүрді деуге болады.

«Қазмырыш» ЖШС өзі құрылғаннан бергі ширек ғасырдан астам уақыт ішінде өндірістік қуаттар мен өнім өндіруді едәуір арттырды. Өндірістік даму жоспарына сай компания құрылған жылдың маусым айында Шығыс Қазақстан облысындағы Алтай қаласынан 18 шақырымдай жерде Малеев кенішін іске қосты. 2017 жылы осынау аса ірі жерасты кенішіне цифрлы технологиялардың көмегімен бұрынғыдан да қауіпсіз жұмыс жағдайы мен жоғары еңбек өнімділігіне қол жеткізіп, кенішті онлайн режимде басқаруға мүмкіндік беретін Pitram инновациялық жүйесі іске қосылды. Сонымен қатар 2010 жылы Васильков кенішінің құрылысы аяқталып, жаңа металлургиялық жобалар жүзеге асырылды. Өндіріс ошақтары жаңартылып, өнеркәсіптік қуаттар артты. Мәселен, құрамына мырыш, қорғасын, мыс, бағалы металдар және күкірт қышқылын өндіретін бес бірдей зауыт кіретін Өскемен металлургия алаңын алсақ болады. Мұнда барлық өндірістің инфрақұрылымы ортақ. Зауыттардың бір алаңда орналасуы кешеннің шикізаттан неғұрлым көбірек пайдалы құрамдастар айырып алуына мүмкіндік беретін бірегей технологиялық тәсімін құрайды. Жыл сайын осы бағыттарда жасалған жүйелі жұмыстың арқасында өндіріс тиімділігі артып, ішкі-сыртқы нарықта сұранысқа ие металлургиялық дайын өнім түрлері көбейді. Өндірісте үдерістерді автоматтандыру жұмыстары қарқынды жүргізілді.

Түсті металдар өнеркәсібіндегі жаңа технологияларды өндіріске енгізе отырып, әлемдік озық тәжірибелер негізінде жұмыс істейтін компанияның кәсіпорындары еліміздің алты елді мекенінде орналасқан, уақыт талабына сай жаңғыртылған төрт байыту фабрикасы, екі металлургиялық кешен өнімдері сапасына қарай бағалы болуымен нарықта сұранысқа ие. Дайын өнімнің 23 түрі, 5 негізгі металл – алтын, күміс, мырыш, қорғасын, мыс өндіріледі. «Қазмырыш» өнімдерінің экспорттық географиясы ауқымды, ол Еуропа мен Азияның көптеген елдерін қамтиды.

Компанияның Жәйрем, Көкшетау, Өскемен, Риддер, Алтай, Серебрянск елді мекендерінде орналасқан өнеркәсіптік алаңдарында жалпы алғанда 300-ден астам мамандық түрлерін меңгерген 20 000-нан астам адам еңбек етеді. Кәсіби білікті, жауапкершілігі жоғары маман – компанияның ең құнды ресурсы. Қазмырыштық әрбір төртінші қызметкердің жоғары білімі бар. Болашағынан үміт күттірер жастар компанияның қолдауымен қалаған мамандығына сай кәсіби жоғары білім ала алады. Әрқашан бизнес тиімділігін арттырудың, сондай-ақ жұмыстың неғұрлым жетілдірілген және қауіпсіз әдістерін меңгеру үшін озық әлемде бар жаңалықтардан сырт қалмау қажеттігі даусыз. Осы тұрғыдан алғанда, компания қызметкерлері тәжірибе алмаса

Кенді Алтайдың алыбы



үшін Ұлыбритания, Италия, Түркия, АҚШ, Канада, Аустралия, ОАР, Ресей және басқа да елдерге жіберіледі. Сонымен қатар жыл сайын 11 мыңнан астам қызметкер компанияның есебінен білімін жетілдіреді.

«Қазмырыштың» барлық өнеркәсіптік алаңшалары, қосалқы бөлімшелерді қоса алғанда, бірыңғай интеграцияланған өндірістік тізбекке енгізілген. Карьерлер мен кеніштерде өндірілетін шикізат жаңғыртылған байыту фабрикаларында өңделеді, содан кейін металлургия кешендеріне жөнелтіледі, онда жоғары сапалы дайын өнім шығарылады. Компанияның өнеркәсіптік алаңшаларында заманауи технологиялар мен жабдықтар қолданылады, олар өнім сапасын арттырып, өнімділікті ұлғайтуға мүмкіндік береді. Мәселен, «Қазмырыш» сапасы бүкіл әлемде танылған жоғары маркалы алтын шығарады. Ақмола облысында орналасқан еліміздегі ең ірі алтын өндіретін кәсіпорын «Altyntau Kokshetau» компанияның өнеркәсіптік бөлімшесі болып табылады. Мұнда ашық әдіспен жылына орта есеппен 15 тоннаға дейін алтын өндіріледі. 2009 жылы пайдалануға берілген байыту фабрикасы Канада, Аустралия, АҚШ, Швеция, Финляндия, Германия, Италия және Ресейде жасалған жоғары технологиялық жабдықтармен жарақталған. «Қазмырыш» мамандары ашық фабрикада әлемде бірінші рет құрамында күшән өте көп алтын тәзімді кенін қауіптілігі бірінші класты қалдықсыз өңдеудің аралас технологиясын жасап, өндіріске енгізді. Кенді ұнтақтау төрт микронға дейін (адамның шашынан да жіңішке) жеткізілді, бұл – әлемдегі ең ұсақ ұнтақтау. Осылайша алынған Доре қорытпасы Өскемен металлургия кешенінің аффинаж зауытына жөнелтіліп, соңғы өнім – тазартылған алтын құймакесектері дайындалады.

Сондай-ақ компанияның бір ғана өнеркәсіптік алаңының – 8 мыңнан астам адам еңбек ететін Риддер кен байыту кешенінің жұмысына тоқталып өтелік. Онда Тишин, Шубинск және он сегізінші ғасырдан бері пайдаланылып келе жатқан Риддер-Сокольный кеніштерінің кендері, сондай-ақ Старый қалдық қоймасының құрамында алтын бар қалдықтары қайтадан өңделеді. Шикізат түрлері әртүрлі болғандықтан, бірнеше түрлі технологиялық тәсіл қолданылады. Фабрика өнімі – металдар концентраттары болып табылады, олар әрі қарай өңдеу үшін компанияның Өскемен және Риддер металлургия кешендеріне жіберіледі. Кешенге қажетті негізгі шикізат – байыту фабрикасының концентраттары болып табылады. Шығарылатын

өнім – жоғары маркалы тауарлы мырыш, мырыш-алюминий қорытпалары және аз мөлшерде күкірт қышқылы. Атмосфералық сілтісіздендіру қондырғысы кешенге кез келген шикізатты, оның ішінде минералдық құрамы күрделі кендерді қайтадан өңдеуге мүмкіндік береді. Жаңа технология Германиядан келген мамандармен бірлесіп, өндіріске енгізілді. Мұндай әдістің басты артықшылықтарының бірі – қалдық қалмайтындығы және таза су шығынын барынша азайтуға мүмкіндік беретін айналымды сумен жабдықтау. 2017 жылы Риддер металлургия кешені тауарлы мырыш шығару жөнінен абсолютті рекордқа қол жеткізді, 116 мың тонна мырыш өндірілді.

Компания ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 18001 және ISO 50001 халықаралық стандарттарына сәйкес кен өндіруден бастап, сол пайдалы қазбалардан тазартылған металдар алуға дейін, яғни кен байытып, өңдеуге дейінгі толық өндірістік тізбекті қамтитын интеграцияланған сапа, қоршаған орта, денсаулық сақтау, еңбек қауіпсіздігі менеджменті және энергия менеджменті жүйесін; өндірісті инфрақұрылыммен, көлікпен, ресурстармен қолдайтын және қамтамасыз ететін қосалқы бөлімшелер, сонымен бірге өндіріс қалдықтарын жою үдерістерін құрды.

«Қазмырыш» ЖШС сапа менеджменті жүйесіне қатысты алғашқы DIN EN ISO 9001 халықаралық стандартына сәйкестік сертификатын 2004 жылы алды. Қазіргі уақытта бұл жүйе тиімді жұмыс істеуде және үнемі сапа менеджменті жүйесі мен қоршаған ортаның DIN EN ISO 9001 және DIN EN ISO 14001-ге сәйкестігіне растама сертификациядан өткізіліп тұрады. «Қазмырыш» компаниясы Лондондағы бағалы металдар нарығына қатысушылар қауымдастығының (LBMA) мүшесі болып табылады. Компанияның аффинаж зауыты Гуд Деливери LBMA сертификатына ие. LBMA – бағалы металдардың жаһандық көтерме сауда нарығының стандарт белгілеуші ұйымы. LBMA талаптарына сай болу мақсатында компания LBMA-ның Алтын мен күмісті жауапты жеткізу жөніндегі басшылық құжатын, сондай-ақ ЭЫДҰ Басшылық құжатының II қосымшасының металдар мен минералдарды жеткізу тізбегін кешенді тексеру жөніндегі талаптарын сақтайды. LBMA талаптарының сақталуына қатысты жыл сайын тәуелсіз аудитор жүргізіледі, сондай-ақ талаптарды сақтау туралы тиісті есептер жасалып отырады.

Адамдар, олардың өмірі мен денсаулығы – компанияның басты құндылығы, сондықтан өндірістегі қауіпсіздік мәселесі-

не жан-жақты және тұрақты түрде көңіл бөлінеді. Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы бағдарлама іске қосылды.

2006 жылдан бері «Қазмырышта» халықаралық стандарттар бойынша құрылған денсаулық қорғау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесі жұмыс істейді. Барлық қызметкерлер өндірістік жаракаттанудың алдын алу және оны болдырмаудың кешенді бағдарламасымен қамтылған. Сонымен қатар қазіргі заманғы тиімділігі жоғары жеке қорғаныс құралдары сатып алынды.

Жұмыстың басты қағидаты өзгермейді: қауіптілігі бар жағдайдағы жұмысқа жол жоқ.

Компанияда қызметкерлердің өз қауіпсіздігіне және әріптестері қауіпсіздігіне деген саналы көзқарасы қолдауға ие. «Қазмырышта» жұмыс орындарында қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға қосқан жеке үлесі үшін қызметкерге қосымша материалдық және материалдық емес көтермелеу шаралары қарастырылған. Осынау іс-шаралардың басты мақсаты – өндірістік жаракаттанудың алдын алу және мүлде болдырмау. Осы мақсатта жүргізілген жұмыстар нәтижесінде компания Дүниежүзілік еңбек қорғау күніне орайластырылған KIOSH халықаралық көрмесі аясында жүргізілген еңбек қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша «Қорған» ұлттық салалық сайысында екі мәрте үздіктер қатарынан көрінді.

Компания адамдарға және қоршаған ортаға зиянды әсерді азайту мақсатында әлемдегі ең озық тәжірибелер мен жаңа технологияларды тұрақты түрде қолданысқа енгізіп келеді. Осы мақсатта «Қазмырыш» ЖШС құрылғаннан бергі 28 жыл ішінде 132,8 миллиардтан астам теңге табиғат қорғау іс-шараларына жұмсалды. 144 мың тоннадан астам шаң тұтылды және жойылды (түзілген көлемнен 99,1%). 423,3 мың тоннадан астам SO₂ тұтылып, жойылды (түзілген көлемнен 96%). Металлургия зауыттарында 4 күкіртқышқылды қондырғы бар.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар «SO₂ және Pb шығарындыларын азайту», «Субұру және суайналым үлесін ұлғайту», «Қалдықтарды жою, қайта өңдеу және пайдалы түрде пайдалану» секілді экологиялық бағдарламалардың негізінде жүзеге асырылуда. Аталған бағдарламалар талаптарына сай іс-шараларды жүзеге асыруда АҚШ, Канада, Франция, Бельгия, Алмания, Дания, Италия, Финляндия және Ресей елдерінде қолданылатын ең озық заманауи жабдықтар мен әдістер пайдаланылады.


2024 өндірістік жылды «Қазмырыш» негізгі көрсеткіштер бойынша жоғары нәтижелермен қорытындылады. Еліміздегі түсті металлургия көшбасшыларының бірі болып табылатын компания 128,3 мың тонна (+13%) мырыш және 99,2 мың тонна (+65%) мырыш концентратын, 37,4 мың тонна қорғасын (2 есе өсім), 1 млн унция алтын (-11%), 17,4 мың тонна мыс (+18%) өндіріп, алдыңғы жылға қарағанда өзінің өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін едәуір жақсартты. Негізгі өнімдер қатарындағы алтын металын өндіру көлемі Васильков кенішінде өндірістің қысқаруына байланысты төмендеді.

Жұмыстағы және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік ұстанымдарын іске асырудағы аса үздік нәтижелері үшін өткізілетін сайыстың Бас жүлдесі – Қазақстан Республикасы Президентінің «Парыз» сыйлығын «Қазмырыш» компаниясының бес рет жеңіп алуы осынау үлкен еңбек ұжымының уақыт үддесіне сай талап биігінен көріне білуінде болса керек.

Сондай-ақ «Қазмырыш» ЖШС – Қазақстандағы кен-металлургия саласындағы ең беделді марапат болып табылатын «Алтын Гефест» сыйлығымен 8 рет марапатталған бірден-бір компания.

«Біздің табиғи байлығымыз — ұрпаққа қалдырар аманат. Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер ерекше қорғауды қажет ететін ұлттық мұрамыз. Олар тек экологиялық тепе-теңдік емес, сондай-ақ біздің ұлттық байлығымыздың бір бөлігі. Табиғатты сақтау — әр азаматтың борышы. Мемлекет бұл бағытта нақты шаралар қабылдап келеді және алдағы уақытта да бұл жұмыс жалғасын табады».

Қ.Ж. ТОҚАЕВ,
ҚР Президенті



ерекше қорғалатын жыртқыш жануарларының бірі. Қазақстанның Қызыл кітабына ғана емес, Халықаралық табиғатты қорғау одағының (IUCN) да Қызыл тізіміне енгізілген. Ол тәуелсіздіктің, батырлықтың, еркіндіктің мәдени символы, түркі халықтары үшін қасиетті аң саналады. Әлем бойынша 12 елде ғана кездеседі: оның ішінде Қазақстан (Шығыс Қазақстан), Қытай, Ресей, Үндістан

Қазақстан облысында кездесетін саны туралы мәліметтер өте шектеулі, себебі бұл аң жасырын өмір сүреді және сирек кездеседі. Дегенмен соңғы ғылыми зерттеулер мен есептерге сүйене отырып, мынадай ақпаратты айтуға болар еді. Шығыс Қазақстан облысындағы саны Сауыр, Тарбағатай, Қатонқарағай тауларында шамамен 30–40 қар барысы тіршілік етеді екен. Қатонқарағай ұлттық табиғи паркі қар барысын қорғау мен зерттеу жүргізілетін басты аймақтардың бірі болғандықтан фототүзақтар арқылы 15–20 дарак барысы ресми түрде тіркелген. 2022 жылы осы паркте орнатылған камералар бірнеше барыс аналығы мен олардың күшкітерін түсіріп алған. Бұл — түрдің осы аймақта көбейіп жатқанын көрсететін жақсы белгі. Қар барысының нақты санын білу қиын, өйткені ол адам көзіне сирек түседі әрі таудың қияшатқалы мен қар басқан шын құздарында тіршілік етеді. Дегенмен ғылыми мониторингтер арқасында оның тіршілік ету аумағы мен популяциясы жайлы көбірек мәлімет жинақталып келеді.

Қар барысы — Қазақстан табиғатының асыл мұрасы. Оны қорғау — әр азаматтың, сонымен бірге болашақтың борышы. Егер біз табиғатты аяласақ, келер ұрпақ та осы ғажайып аңды көре алатын болар еді.

Қатонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі — қар барысынан басқа аю, бұғы, марал сияқты жануарларды да қорғау аймағы. Оларды заңмен қорғау, яғни Қазақстан Республикасының «Қызыл кітабына» енген жануарларды ату, аулау — заң бойынша қатаң жазаланады (айыппұл немесе қылмыстық жауапкершілік). Сонымен қоса халық арасында экоағарту жұмыстарын жануарларды сақтау, табиғатты қорғау туралы насихат жүргізілуі қажет етеді. Осыған орай жануарлар мен өсімдіктер әлемінен қазіргі таңда жойылып бара жатқан, жойылуға жақын тұрған түрлер туралы қаламыздағы Оралхан Бөкей атындағы кітапхана қызметкерлері Қазақстанда аналогі жоқ Шығыс Қазақстанның Қызыл кітабының электронды нұсқасын жасап шығарды. Онда түр туралы ақпараттан басқа толық мәлімет алу үшін аудио-бейне жазбалар да берілген. Дәстүрлі Қызыл кітаптан электронды нұсқасының ерекшелігі тек қала тұрғындары ғана емес алыс аудан, ауылдағы мұғалімдер, оқушылар мен осы саланы қызықтыратын оқырмандар үшін де қол жетімділігінде. Бұл, әрине, жеріміздегі жануарлар мен өсімдіктер дүниесін тек жергілікті тұрғындар ғана емес, Қазақстан бойынша танып білуіне көп мүмкіндік береді.

Шығыс Қазақстанда «Қызыл кітап» 1984 жылы басылып, 2015 жылы өте аз таралыммен қайта басылып шықты. Ал электронды нұсқасы 2023 жылы Оралхан Бөкей кітапханасының басшылығымен жарық көрді. Омыртқалылардың 66 түрі мен түр асты өкілдері кіреді: балықтар — 4; қосмекенділер — 2; жорғалаушылар — 7; құстар — 38; сүтқоректілер — 15. Өсімдіктердің 47 түрі енгізілген. Әлі де толықтыру үстінде.

«Шығыс Қазақстан облысының «Қызыл кітабы» — табиғаттың құнды мұрасын сақтап қалуға бағытталған маңызды құжат. Ол сирек кездесетін, қатерге ұшыраған түрлер мен экожүйелерді жүйелі түрде тіркеп, олардың жағдайын тұрақты мониторингке, сондай-ақ қорғау шараларын әзірлеуге мүмкіндік береді. Облыстың экологиялық ахуалы мен табиғи әртүрлілігін сақтай отырып, экологиялық мәдениетті көтеру, ғылыми зерттеулерді қолдау және заңнамалық негізде табиғатты қорғау — осы құжаттың басты міндеттері болып табылады.

Тоқтар МАҒЗҰМОВ,
Жазушылар одағының мүшесі,
Халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының иегері,
Өскемен қаласы

Қызыл кітап – табиғатты сақтаудың алғашқы қадамы

(Табиғат және адам)

Қазақ елінің шығысы сонау Сібір жерінен бастау алған ит тұмсығы өтпейтін қалың жыныс орман тізбегі осы жерге жете жығылып, одан әрмен қарай жазира жоталар мен көз ұшында сағым құшқан кең дала жазықтарына ұласатын өлке. Шығыс Қазақстан жерінің жиегін жиектей көмкерген Алтай тауларының табиғатының көркемдігі ерекше екені бәрімізге мәлім. Осы орайда айта кететін бұл өңірдің табиғатының құпия сырларын адамзат баласы зерттеп, танып білген сайын өзінің тұңғығына тартып көркемдік ғажаптығы өзінді қалай баурап алғанын сезінбей қаласың. Неғұрлым жұмбақ сырларын білуге ұмтылған сайын алдынан жаңа бір тылсым құбылыстар шығып таңғалдырудан таңған емес.

Осы өңір кезеңшелер мен жоталарды көмкерген қалың орман мен үзенгіліктен келетін шалғын ішін мекен еткен қымбат бағалы аңдар, ерекше қорғалатын жануарлар мен өсімдіктер әлеміне бай. Қай кезде болмасын ну орманның үнсіз тылсым тыныштығын бұзатын таң бозынан ән салған құстардың сазды үні ғана емес пе?.. Жадағай жазық сайын дала дидарында аппақ сақалды селеу теңіздей тербелген кезде сыңси салған мұңлы үні сонау алыста қалған ескі әуенді еске түсіргендей күйде боласың. Осындай биологиялық әртүрлілікті сақтау экожүйенің тұрақтылығына маңызды үлес қосады. Өкінішке қарай, сыртқы әсерлер мен экологиялық апаттар түрлері тиісті қорғау шараларын немесе қалпына келтіру бағдарламаларын жасауды және облыс аумағындағы сирек кездесетін, қатерге ұшыраған және жойылу қаупі жоғары түрлерді анықтау арқылы экологиялық мониторинг жүргізуді қажет етеді.

Қызыл кітап халық арасында экологиялық мәдениетті насихаттау, табиғатты қорғауға шақыру және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін таныстыру мақсатында да маңызды рөл атқарады. «Шығыс Қазақстан облысының «Қызыл кітабы» облыстың флорасы мен фаунасындағы сирек, қатерге ұшыраған және қорғауға мұқтаж түрлерді систематикалық түрде жинақтап, олардың жағдайын бағалауға, сақтау және қорғау шараларын әзірлеуге бағытталған ресми құжат болып саналады.

Солардың бірі — өсімдіктер әлемінен емдік қасиеттері ежелден белгілі, әсіресе халық медицинасында қолданылатын алтын тамыр (Rhodiola). «Алтын тамыр» атауы халықтық атау, тамыр түсінің алтын түске ұқсауына байланысты берілген. Грекше атауы раушан деген мағынаны білдіреді, себебі оның тамырын кескенде раушан гүлінің иісіне ұқсас хош иіс шығады. Ғылыми зерттеулер оның антиоксиданттық, қабынуға қарсы, ми белсенділігін арттырушы қасиеттерін растаған. Алтын тамырды ежелгі тибет емшілері мен Шығыс Қазақстанның халық емшілері дәрі ретінде қолданып, табиғи энергия көзі деп атайды. Кенес дәуірінде ғарышкерлер мен әскери қызметкерлерге шаршауға қарсы дәрі ретінде ұсынылып отырған.

Шығыс Қазақстанда Сауыр, Тарбағай



тай, Қатонқарағай, Алтай жоталарында өседі. Биіктігі 10–30 см, сабағы тік, жапырақтары сопақша, гүлдері сары немесе алтын түстес келетін өсімдік Қазақстанның, Шығыс Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Қазіргі кезде жинауға, сатуға тыйым салынған, себебі оны жинаушылар тамырын толық қазып алып, өсімдіктің қайта өсуіне мүмкіндік бермейді. Жойылу қаупі де шектен тыс жинаудан, табиғи өсетін аумақтың тарылуы, жайылым, жол салу, климат өзгерісінен туындайды. Табиғи популяциясын сақтау үшін бүгінгі таңда тұқымынан және зертханалық әдіспен көбейту жұмыстары жүргізілуде. Қатонқарағай ұлттық паркі сияқты қорғалатын аумақтарда бақылауға алынған. Қазақстандағы популяциясы ең сирек әрі экологиялық тұрғыдан маңызды болып саналады. Қатонқарағай, Марқакөл, Бұқтырма маңында өсімдікті көруге арналған ботаникалық маршруттар бар. Ол осы таулы аймақтардың экологиялық бренд ретінде қарастырылған. Сонымен қатар осы өңірлерде экологиялық ағарту жұмыстары кезінде оқушылар мен туристерге осы алтын тамырдың маңызы мен ерекшеліктері өз деңгейінде таныстырылатын экотуризмнің жоспарына енгізілген. Осы қызыл кітапқа енген Шығыс Қазақстан облысының фаунасы мен флорасын таныстыруда және әлемдік деңгейге шығаруға өз үлесін қосып жүрген Оралхан Бөкей кітапханасы ұйымдастыратын экологиялық сабақтар мен экологиялық сағаттардың өзіндік рөлі ерекше. Бұл эко-сабақтар мен экосағаттар облысымыздың экотуризмін дамытудың ең жүйелі де алғышарттары іспеттес.

Жануарлар әлемінен таулы экожүйенің жоғарғы жыртқышы мысық тұқымдасына жататын Қар барысын (Panthera uncia) айтуға болады. Ол — Қазақстанның және бүкіл әлемнің ең сирек кездесетін,

және т.б. Бұл елдер 2013 жылы Бішкек декларациясын қабылдап, қар барысын сақтау үшін арнайы стратегия жасады. Қазақстан да осы бастаманың белсенді қатысушысы. Денесінің ұзындығы — шамамен 1,2 метр, салмағы — 30–50 келі шамасында болатын жүні қалың, ақшыл сұр түсті, денесінде қою кара дақтары бар қыстың суығында да биік тауларда еркін өмір сүре алатын бұл аңның табиғаттағы саны жылдан-жылға азаюда. Оның басты себептері: Браконьерлік (заңсыз аулау) — терісі мен сүйектері үшін аңшылардың аулауы, табиғи мекенінің бұзылуы — адам қолымен таулардағы табиғаттың өзгеруі, азықтарының — таутеке мен елік санының азаюы.

Қар барысы тек биік таулы жерлерде тіршілік ететіндіктен Шығыс Қазақстан облысындағы Сауыр, Тарбағатай және Қатонқарағай тауларында кездеседі. Сонымен қатар Қазақстан бойынша Оңтүстік Алатау, Жонғар Алатауы сияқты аймақтарда да аз мөлшерде кездеседі.

Қар барысының Қазақстандағы жалпы саны 130–150 дарак шамасында ғана. (Бұл деректер Қазақстан биоалуантүрлілігін сақтау қауымдастығы (АСВК) мен халықаралық ұйымдардың (WWF, IUCN) зерттеулерінен). 2020–2023 жылдар аралығында жүргізілген фототүзақ пен GPS бақылаулар арқылы нақтырақ сандар анықталды. Сондықтан елімізде ерекше қорғалатын жануар. Аулау, мазасын алу — заңмен тыйым салынған. Бүгінгі күні оны қорғау үшін бірнеше шаралар жүзеге асырылып жатыр. Қатонқарағай ұлттық паркі мен басқа да қорықтарда бақыланады. Ғалымдар қар барысына GPS-белгілер тағып, қозғалысын зерттеуде. Экотуризм мен ақпараттық жұмыстар арқылы адамдардың жануарға деген көзқарасын жақсарту шаралары қолға алынған.

Қар барысының қазіргі таңда Қазақстанда және нақтырақ айтқанда, Шығыс



**Айтмухамбет
ҚАСЫМОВ,**
журналист-жазушы

Үш кластық қана білімі бар әкемнің оқуынан тоқуы көп еді.

— Осы Өтемістің үлкені қазір мен ғанамамын-ау деймін, Құдая тәуба, — деп алады да көңіл хошы келгенде ел ішіндегі әңгімелерді соғып отыратын. Бір жыл бұрынғынды ұмытып қаласын, ал тоқсанға келгенше әкем осыдан жетпіс-сексен жыл бұрынғы оқиғаларды айы мен күніне дейін тәптіштеп айтып, кімнің бізге қандай туыс екенін де атаға ажыратып, түсіндіріп отырушы еді. Тайынты бойын мекен еткен Өтеміс елінің кейбірінің өзін, кейбірінің артында қалған көзін көрген игі жақсылары туралы, замандастарының кейбір күлкілі де тапқыр оқиғалары туралы сөздің майын тамыза әңгімелейтін. Солардың құлақта қалған кейбірін сіздің де назарыңызға ұсынып отырмыз, құрметті оқырман.

Өр жақта, Қаракерейде бір байдың ерке де палуан қызының дақпырты біздің Өтеміс еліне де жетіпті. Әкесіне «Мені қалың мал алып, ешкімге берме. Күресіп, кім жықса, соған тұрмысқа шығамын», — депті. Бай арнайы отау тіккізіп, үміткерлерді сонда қабылдайтын болыпты. Қыз ешкімді шыдатпайды. Сол кездері Тел атамның 19 жасар кезі екен, әкесінен рұқсатын алып, жанына бір жолдас ертіп, сол қызға барады.

— Жарайды, таңертең көрмеге келерсің, — дейді бай. Ертеңінде қыз да келеді. Екеуі белдесе кеткенде-ақ қыз күресті тоқтатып:

— Тұрмысқа осы жігітке шығам, — дейді.

Сонымен Тел атамның қалыңдығын көп малымен қоса елге алып келіпті. Екеуінің бір арқалап әкелген шыбығы мың қойға қора болады деседі. Қазір Желдіайрықта сол кісінің көтерген тасының атымен аталатын «Сандықтас» деген жайлау бар. Сонда «Тел көтерген тас» деген үлкен тас бар. Көтеріп әкелді ме, домалатып әкелді ме, әйтеуір, сол тастың қикайып қалған бір бұрышына әйелі әкеліп қойған «жастықтың» көлемінің өзі үлкен сандықтай.

Алғашқы қансонарда кім бұрын сол тасқа жетіп ақтық байласа, сол күні оның қанжығасы майланып, олжалы қайтады екен.

Сол Телдің алты баласының кенжесі Апақ та аса күшті, палуан адам болыпты. Өр ел Тарбағатай жаққа жолаушылап бара жатып, ауылы жаңа ғана көшкен жұртқа кезігеді. Жұртта желі мен тоқпақ қалып қойыпты. Сол кезде қара жорғасын тайпалтып келген бір жас келіншек: «Жігітім, ана желіні әперіп жіберші», — дейді ат үстінен. Апақ желіні бірден суыра алмайды. Келіншек атынан қарғып түсіп, тізес-

імен бір-бір нұқып суырып алып, атына салып алған соң «Жұр, аға, менімен» деп, жол-жөнекей жөн сұрасады.

— Өтеміс елінен, Апақ деген едім, — деп жөнін айтады.

— Е, естуім бар, сырттай өзіңізге ғашық едім, — дей келіп, келіншек өзінің күйеуге шыққанына алты жыл болғанын, бірақ әлі бала көтермей жүргенін айтады.

Әкемнің әңгімелері

— Енем жақсы кісі. Мен сізді туысым, ағам келіп қалды деп апарам, одан кейінгісін өзің білесің, — дейді.

— Олай болса, — дейді Апақ, — енеңе айтып, күйеуіңді қырық күн сапарға жібер...

Ауылына келген соң келіншек енесіне барлығын жасырмай айтып, ол баласын жолаушылатып жібереді. Сол кездесуден туған бала үрім-бұтақты болып, сол жақта қалыпты дейді.

— Ендігі ұрпағының бірі — өзіңсің, — деп Апақ атамның қамшысын Қайша шешеміз 1956 жылы маған беріп еді. Ақтыққа орап, осы күнге дейін сақтап келіп едім, «емделейін» деп жалынып сұрап алған туысымыздың біреуі әлі бермей жүр, — деп, әкем өз есебімен Апақтың осыдан 220 жылдай бұрын өмір сүргенін, қазіргі Тайынты мен Майлыстың арасындағы «Сенен қорасы» деген жерде жерленгенін айтқан еді.

Бірде, ерте көктемде ауылдың үлкендері жиналып, Телдің кенжесі Апақ пен Жанқараның Алтай деген баласын аңға шығарып, сынамақ болады. Көпшілік жиналып, аюдың үңгіріне келеді. Екі бозбаланы үңгірдің аузына қойып, өздері төбені дүңкілдетіп, аюды оятады. Алғашқы аю өкіріп атып шығады. Апақ шошынып, шегініп қалғанда Алтай оқша атылып барып, жыртқыштың арқасына қона кетеді. Екінші аю шыға келгенде, намыстанған Апақ оны жұдырықпен ұрып өлтіріпті.

Үлкендер қараса, аюдың Алтай «мінгені» баласы да, Апақ ұрып өлтіргені үлкен ана аю екен. Жас сәбиге тілеу айтқанда Өтеміс еліндегі кәрі құлақ, көне көз қарттардың «Апақтың күшін берсін, Алтайдың жүрегін берсін» деп бата беретіні сол сынақтан қалған көрінеді.

Апақ өр елге, Қаракерей жағына жолаушылап бара жатып, бір жерде батпаққа түсіп кеткен атан түйені шығара алмай әбігерленіп жатқан жиынның үстінен шығады. Атынан түсіп, жағдайды пайымдаған жолаушы жергілікті жиынның басшысына: «Төрт қанатты кереге алып келіндер», — дейді.

«Апырмай, мына қаңғыбастың құтыруын-ай» деген күңкілмен ол, амал жоқ, кереге алғызады. Апақ керегені табанының астына салып, ырғапырғап атанды батпақтан шығарып алыпты. Апақ атының Қаракерей жағына танылуы осы оқиғадан кейін болса керек.

Апақтың қартайған шағы екен. Кедей ауылдың көлігі тапшы болғандықтан, бірден көшіп кете алмай ол бірер күн аялдап, жұртта қалады. Ерігіп, ел кезіп жүрген оншақты бозбала жұртта қалған жалғыз үйге түседі. Бүк түсіп, теріс қарап жатқан шалға сәлем бермек түгіл, назар да салмайды. Ешқандай рұқсатсыз, баса-көктеп барып, қорадан бір ешкі алып сойып, оны Апақтың кемпіріне асқызады.

Өздері оны-мұны айтып, әзілдесіп,

едім, бажа емеспіз бе» де, — деп тапсырма береді.

Қойшы жігіт Дүйсебайдың айтқандарын бұлжытпай орындайды. Сонда Өтейлердің пысық пұшығы:

— Әй ақсақалдар, тоқтандар, мен қателесіппін. Мынаның жаман қойшысының айтып отырғаны мынау, бұлар бізге жөндірмейді екен, — деп аттарының басын кері бұрыпты.

Осы өңірдегі атақты Әлхан қазы (хо-

калжындасып отырып, «Бісмиллә» деп піскен етке енді қолдарын сала бергенде бұрыштағы бүк түсіп жатқан шал қозғалақтап, орнынан тұрады. Қолында ішіне өзек салып өрген он алты өрме қамшысы бар, көзі шатынап, өзі қалшылдап кеткен. Сол отырған жерлерінен тұрғызбай, ақырып, әлгі жігіттерді қамшының астына алады. Ағатайлаған жігіттерді айызы қанғанша сабап алып, жөнін айтады.

— Балалар, бұдан былай үлкен адамға сәлем беріп, сыйлап жүріңдер, ал тамақтарының шырқын бұзғаныма айып етпендер, — деп қайтадан бүк түсіп, бұрыштағы орнына жатып қалыпты. Аналар Апақтың аяғына жығылып, кешірім сұрапты.

Өтеміс ішіндегі әңгіменің көбі Шоңайдан қалған ғой. Шоңай Дүйсебайдікіне бір күні кешқұрым жеті адам сау етіп жетіп келеді. Ішіндегі біреуінің мықты кісесін байқап қалған үй иесі жөн сұрайды.

— Қай елсіңдер?

— Өтейміз.

— Е, жарайды, онда қонындар. Қонақтарын күтіп, аттарына шөбін салып, ертесінде әлгі өзінің көзі түскен кісені буынып алып:

— Сендер кеше өтейміз дегенсіңдер. Қондырып, күткеніміздің өтеуіне осы кісе жарап жатыр, — деп кісені алып қалыпты.

Өтейлер еліне барып «осылай да осылай» деп әңгімелерін айтады. Сонда бір пысықай пұшық жігіт ашуланып: «Өй, жаман Өтеміске кісені беріп... мен екі есе ғып қайтарып берем» деп, біраздан кейін олар біздің елге қайтадан жолға шығады.

Ұзынқұлақ арқылы бұл әңгіме Дүйсебайға жетеді. Содан ол қазіргі Мамай батыр ауылынан бір пұшық жігітті шақыртып алып:

— Балам, сен маған бір жұма қой жайып бер, ақынды толық төлеймін және намыстанба, мен сені қорлап отырғам жоқ, екі ауыз сөз үйретем, соны айтып берсең болды, — дейді. Жігіт келіседі.

— Осы екі-үш күннің ішінде мына жолмен жеті жолаушы келе жатып, өзіне жолығады. «Мына қой кімдікі?» деп сұраса, «Дүйсебайдікі» де. Іштерінде тұмсығын құрт жеген пұшық бір кісі болады, соған «Ой, бажа, аманбысың» деп құшақтап амандас. Пұшық «Өмірде көргем жоқ сені, бажан не, аулақ ары» деп қашқалақтайтын болар. Сонда сен «Апыр-ау, құрттың үлкен қызын сен алғанда, кіші қызын мен алмап па

рунжий) баласы Сіләмнің (1908 жылдары қайтыс болған) төрелікке отыруына орай той жасап, игі жақсыларды шақыртады. Астан соң Әлхан ақсақал «Өтеміс бабаның баласы ғой, батаны Дүйсебайға бергізіндер» деген соң, Сіләм бата сұрайды.

Сонда Дүйсебай:

«А, Құдай, алдымен өзімді жарылқа, Одан кейін Көкжарлы, Саржомартты жарылқа.

Әлхан, Қауменді қайтсең сөйт, Аллаһу ақбар!» — деп бетін сипапты. Ашуланып, Дүйсебайға дүрсе қоя бермек болған Сіләмді әкесі тоқтатып:

— Әй, Сіләм, мен сені жетті ғой деп жүрсем, әлі жете қойған жоқ екенсің, анау кімді жарылқа деді? — деп сұрайды.

— Саржомартты деді.

— Сен кімсің?

— Саржомартпын.

— Енді не шатылып отырсың, — деп ұрсып, қойғызыпты.

Әлханның қарапайым ғана, төрелігі жоқ, кейде ақыл қосып жүретін Бағлан деген досы болыпты.

Сіләмнің жеткен кезі, Әлхан қартайған, сырқат екен. Өзі кедей болса да Әлханның кезінде көбірек жер алып алған сол Бағланға Сіләм «Ана жерін пәленге, мына жерін пәленге берсін» деген сәлемін айтып, кісі жібереді. Осындай сәлеммен үш рет кісі жібергенде Бағлан не «иә», не «жоқ» деген жауап қайтармайды. Ақыры Сіләмнің өзі келіп: «Малың аз ғой, жеріңді өзгелерге бер деп едім, неге бермейсің?» — дейді.

Сонда Бағлан Сіләмнің бетіне қарап тұрып, жатып кеп күліпті. Сіләм ол кісіден күлкісінің жөнін сұрайды.

— Сенің екі жасар кезің еді, — дейді Бағлан. — Бұтында дамбал жоқ, ойнап жүруші ең. Бір күні сені ұстап алып, насыбайыңнан сүйгенде екен ақырып: «Қоя бер андағыны, ертең өскенде сенің аузыңды пәленше ететін так сол болады» деп еді. Неткен әулие, пайғамбар кісі еді екен, — депті.

Тағы сол Шоңайда Қайырбек деген көріпкел адам Қараужасық (Самар) жаққа сонарға шығыпты. Кешке тоқтаған үй иелері қонақасыға қой сойып, тамақ асады. Сонда Қайырбек қойдың жауырынына қарап отырып, жолдас-тарына:

— Тастандар табақты, тез аттарды ерттендер, қайтамыз, — дейді...

Сол кезде ауылда да Жауыр атты көріпкел адам бір баланы атқа мінгізіп,

жол торытып қояды. «Қайырбек үйіне келгенде маған айт», — деп мазасызданып, ұйықтай алмапты.

Түн ортасынан аса «Қайырбек үйіне келді» деген хабарды естіген соң, Жауыр көз іліпті.

Ертеңінде күн шыға, сап-сау Қайырбек қайтыс болыпты. Не деген қасиет десеңші, сонда осы болар жағдайды екеуі де біліп, болжап отырыпты ғой, жарықтықтар.

Атақты Мұса болыс сынамақ болған болуы керек, темірден түйін түйетін Кеңесбай ұстаға:

— Менің Туыш кер атымды тез тағалап берсін, — деп шұғыл сәлем айтады. Кеңесбай жедел төрт тағаны соғып,

ды. Әзіл-шыны аралас біздің қазақы қалжыңымыздың емеурінін жақсы түсінген, сөз қадірін білетін Шәкер ақсақал өз ұрпағының азаматтар қатарына қосылғанының ырымын жасап, «үлкендердің батасын аламын» деп, қойын сойып, арақ-сырасын қойып, бір дүрілдеткеніміз бар. Сол кездегі не деген дархан көңіл, қандай сыйластық десеңші...

Шырт ұйқыда жатқан Сыдық түн ортасында біреу жамбасына біз сұғып алғандай атып тұрып, киіне бас-



алып барады. Мұса оны гірге өлшеттіргенде біреуінің салмағы сәл ғана артық тартады. Кеңесбай әлгі тағаны ала кетіп, қырнап қайтадан апарғанда алғашқы үшеуімен дәп-дәл болып шығады.

Сол Мұса болыс бірде Өтемістің ұсталарына пышақ соқтырып, бәйге ұйымдастырады. Ағынды суға қошқардың қатып қалған күйегін ағызып, оның жолына ісмерлердің пышақтарын қойғызады. Сонда басқа ұсталардың пышақтарын айналып өткенде, Кеңесбай ұстаның ұстарадай пышағы әлгі күйекті ортасынан қас бөліп, бас бәйгеге ие болады.

— Жарықтық, Кеңесбайға соқтырып алған мүйіз сапты бір пышақ менде де бар еді, өздерің балыққа апарамыз деп жоғалттыңдар, — деп әкем әңгімесіне өзінің өкінішін де қосып қойған еді...

Тұйықта шөптеміз. Ихсан, Бекен, Уәш бар, мен бар — отаудамыз. Бір уақытта алыстан бір салт аттының қарасы көрінді. Жігіттердің біреуі ол кісінің Шәкер екенін шырамытты. Жасында айтулы палуан болған, жаны жайсаң, қолы ашық, мейірбан ағаның аздап шау тартқан шағы. Он үш-он төрттегі жалғыз ұлы Бүркітбай осы шөпте болатын. Ерігіп отырған бізге ермек керек, шөмеле жіберіп жүрген Бүркітбайды тез шақырып алып, қолына ұзын отау айырды ұстатып, шөп лактырттық.

Шәкең аяндап жанымызға келді. Амандық-саулықтан сон:

— Шәке, ұлыңыз азамат болды. Міне, отауға шөп лактыруға жарап қалды, — дейміз ғой, баяғы.

— Көрдім. Рақмет, балалар, — деп, көп сөзге жоқ палуан торысын тебініп, ары қарай аяндап кетті...

Кеш бата Бүркітбай ауылды аралап, барлығымызды қонаққа шақыр-

тады.

— Палуан-ау, не болды, — деген бәйбішесіне:

— Соңынан естірсін, — деп жауапты шолақ қайырады да кермедегі сүлік қараны асығыс ерттеп, Манаттан суыт аттанады.

Ол кезде Әбікенің Сыдығы сельсоветтің бастығы екен. Кәмпеске, колхоздастыру деген құлаққа жат сөздер шыға бастаған, бірінен-бірі үркердей заманнан зәрезеп болған бәйбішесі көршісіне жүгіреді.

Тарғынға жете бере Сыдықты артынан жалғыз қара қуып жетеді. Астындағы Ақбозы сүмек болыпты. «Сен жалғыз кетті деп естіген соң серік болайын деп келдім». Қуанбағанмен, көршісі Кәленнің ниетіне Сыдықтың жүрегі жылып қалды.

— «Өктәбірдің он жылдығына Кемпірқорада (қазіргі Баяш ауылы) күрес болады» деп ұзынқұлақтан естіп едім, бірақ анық хабарын біле алмай жүргем. Мана, түсімде бір ақсақал аян берді, дауысын ап-анық естідім. «Тұр, күрес өтіп кетеді» деп саңқ ете қалғанда, шошып ояндым, — деп палуан жанындағы серігіне өзінің ауылдан суыт аттанғанының мәнісін айтты.

Тарғында, тап күре жолдың үстінде таң алакеуімде жолаушыларды Сыдықтың бір жамағайын апайы күтіп тұр екен. «Сені күреске бармай қалмас» деп өзім де ойлаған едім. Асығыс екенсіңдер, жолдарыңды бөгемейін» деп кейуана ақ жол тілеп, бұларға бір-бір тостаған қымыз ұсынады.

Күн найза бойы көтерілгенде бұлар Кемпірқораға, қаптаған қара құрымның шетіне де ілігеді. Екі қолын артына алып, қатты мазасызданған Баяш Өтепов Сыдықты күтіп жүр екен,

бірден бұлардың шылбырына жармасып, күрес өтетін жерге алып келеді. Бұлар келгенде Сыдықтың қарсыласы Семей жақтағы Матай ішінен келген бас палуан Өкірешті екі адам қара тайға мінгізіп, ары-бері қыдыртып жүр екен. Денесі шойыннан құйғандай, иықты, бура сан, бұлшық еттері ойнақшып тұр. Өзіне-өзі сенімді, сырықтай ықшам денелі Сыдыққа менсінбегендей жоғарыдан тәкаппар көз тастайды.

Сыдық ешқашан жалаңаш күреспейтін. Осы жолы да түйе жүн шөкпенінің бір жеңін ғана босатып, қатты буынған беліне қыстырып қояды.

осындай адамдарды жазатын кісі жоқ, кейінгі ұрпақ елінің, жерінің тарихын білмей өсетін шығар...

Жарықтық соңғы рет 1947 жылы тағы да Өктәбір тойында күресіп, содан жеті жыл сал болып ауырды ғой, «көз тиген» дейді біреулер...

Тайынты, Манатта аузы дуалы, өз елінде танымал ақындар да аз болмаған. Соның бірі дүниеден тым жас кеткен шоңай Сақатай ақын екен.

Оның он-он бір жастағы кезі болуы керек, танымал Тұрғынбай ақын Сақатаймен айтысып, жеңіле береді. Сонда Сақатайдың атасы Жолымбетке келіп:

— Жәке, сынайын деп бірнеше кездесіп едім, балаң шалдырмады, тегі ұзаққа бармас, — дейді.

— Сақатай Самар жақтағы Қарау-жасық ішіне шешесімен бірге қонақтап барып, бір «жамбасы жерге тимеген» өлеңші әйелмен айтысып, жеңіп шығады. Сонда сол топта отырған үлкен бір бәйбіше «Әй, балам, тусаң ту!» деп арқасынан қағыпты. Сақатай аяқ астынан ауырып үйге келген соң қайтыс болыпты. Денесін жуарда қараса баланың арқасында алақандай қара дақ қалыпты.

Тағы да Шоңайдан шыққан Баянды деген адам болған екен. Бірде үй-ішіндік кикілжің болған болуы керек, сонда әйелі оған: «Осы сен өлгенде жыламамын», — дейді.

Әлгі әңгіме ұмытыла бастаған бір күні Баянды Ақтеке деген құрдасын шақырып алып: «Мен ертен өлем, өзің күтуші боласың, менің жаныма өзге ешкімді жолатпа. Тек шомылдырар кезде бас жағыма Түгелді қой», — дейді. Түгел де құрдасы екен.

Айтқандай, ертеңінде Баянды бала-шағасын шулатып, «кенеттен дүние салады». Әйелі керегеге бетін жыртып, дал болып жылайды. Мүрдені шомылдыра бастағанда «Алла тағала маған Түгелді ала кел деп еді», — деп сұлап жатқан Баянды бас жағында отырған құрдасын бас салады. Содан соң оны жібере салып, бетін жыртып отырған әйелін шашынан жұлып, оңдырмай сабапты...

Әкем бір сәт сонау жастық шағын сағына есіне алғандай бір сәт үнсіз қалды да, «ұлым саған айтам, келінім сен тынданың» кәбімен:

— Өтемісте әңгіме де, тарих та көп қой. Сонау 16-жылғы Жетпістің Сағымбайы бастаған «Орай шап» көтерілісі, өзінің көзі көрмесе де көңіл көзінің көрісі ересен болған Еламан ақын, өздерің шөпте таң атқанша қиссалар айтқызытын Шегірдің Әжібегінің жыршылығы, тазы ертіп, қыран бүркіт ұстаған атақты Отыншы саятшы, небір «сен тұр, мен атайын» деген сөзуар, тапқыр, әулие, көріпкел адамдар өткен ғой. Шіркін, соларды жазатын адам жоқ, тым құрығанда артындағы ұрпақтары естеріне алып жүретін, — деп, замдастарының соңында қалғанына өзі кінәлідей сезінген әкем марқұм, сол бір заманына деген ансарлы сағынышын «yh-h!» деген ұзағырақ күрсінісімен білдіруші еді. Оның мұнысы бүгінгі әңгіме осымен бітті дегенді аңғартатын. Ондай кезде мен әкемді өз ойларымен жеке қалдырып, мазаламауға тырысатынымын...

Өскемен



**Мырзан
КЕНЖЕБАЙ**

бекстан астанасы Ташкент шаһарында болдым, — дейді бір досым. Бұл Орталық Азия республикаларындағы ең үлкен де шырайлы шаһар. Халқының саны бес жарым миллион шамасы. Біздің Алматыдан 4 еседей үлкен, ал Астанадан? Құдай біледі. Көшелерінде біздегідей «Келешегіміз кемел», «Болашағымыз бақытты», «Қазақстан алға» т.б. сияқты

бұлайша құтырған ұлт азғындап, ақыры жойылып бітетіні талай дәлелденген.

«Сақал қыратын ұстарам өтпей қапты, — дейді сол досым. — Содан жақын жердегі әмбебап дүкенге бардым. Аузымнан қалай шығып кеткенін білмеймін, қатар-қатар жатқан ұстараның біреуін көрсетіп, сатушыға: «Вот эту, вот покажи» деп орысшалап жіберіппін. Сатушы өзбек

Исабеков Лондон барып, қаланың қак ортасындағы «Самарканд» деген өзбек мейрамханасынан дәм татыпты. «Ішінде өзбек музыкасы сайрап сол маңдағы Лондон көшелерін жаңғыртып тұр, өзбектің ұлттық тағамының түр-түрі бар» дейді. Ал қазір Қазақстанның қарапайым асханасынан қазақша ас ішудің орнына омлет, котлет, коттоқ жеп қайтасың. Қайран,

ТҮБІМІЗГЕ МАҚТАНШАҚТЫҚ

ЖЕТПЕГЕІ



ата-бабамыз «Құдайдан қорықпайтын адамнан қорық» дейді екен. Солар айтқандай, бүгінде өзін-өзі өлтіру, ата-анасын өлтіру, туған баласын өлтіру, бұрын адам естімеген суицид, педафил дегендердің шығуы, бала-шағасымен басқа тілде сөйлесу, өз ұлтының салт-дәстүрін сақтамау сияқты толып жатқан кесепаттардың, әсіресе қазақ арасында көбеюі, Құдайдан қорықпаудан болып жатқан сияқты. Айтпақшы, асханада ас пісіретін, кәуап пісіретін өзбектер арасында мынадай да үрдіс бар көрінеді. Олар сол тағамдарды пісірер алдында қолын жайып, «Иа, Алла! Менің осы пісірген ауқатымды жеген мұсылманның бойына күш-қут кіріп, маған олардың сауабы тигей!» деп дұға оқып, шын пиғылымен кіріседі екен.

Сірә, олардың асханаларындағы ас-су біткеннің дәмі өзгеше болатыны да содан ба, кім білгенді!

Әнгімізді өзіміздің мақтаншақ екенімізден бастадық қой, енді сонымен аяқтайық. Баяғыда қазақтың үлкен бір атақты жазушысы «балам Мәскеуде туды» деп мақтанған екен. Әнебір кезде бір-екі қазақ байы қатындарын бірі — Кипрде, бірі — Мальтада, бірі — Ямайкада босандырдым деп мақтанғанын оқыдым. Осыдан біраз бұрын жанында жолдас-жоралары, олардың көңілдес ашыналары бар бір қазақ Лондонға барып, үш миллион фунт стерлингке «туған күн» жасапты. Сонда болған бір бөсербай Астанаға келіп, бір отырыста: «ой, несін айтасыз, Тимекең, сөйтіп, қазақты Англияға танытты ғой» деп мақтаныпты. Бір данышпаннан біреу «біздің келер ұрпағымыз қандай болар екен?» деп сұрапты. Сонда данышпан «біз келер ұрпаққа не қалдырып баратқанымызды тексеріп, қарап көрейік, сонда олардың өскесін кімдер болатынын білеміз» деген екен. Ал бүгінгі Қазақстан қазақтың ертеңгі ұрпағына қандай тіл, қандай жер, қандай байлық, қандай тәрбие қалдырып барады? Соны ойлап отырған біреу бар ма екен? Ал өз басым мына мақтаншақтықпен, мына ұраншылықпен біз қайда барып тоқтар екенбіз деп өз ойыма өзім малтығып отырып дәптеріме:

*Құр сағымды қуғандай құрық алып,
Атанбақшы ұлы ұлт, ұлы халық.
Дінсіз, тілсіз «жұмаққа» қазақ жетер,
Ескегі жоқ қайыққа мініп алып.*

*Ғажан та бар өмірде азан та бар,
Жоқ «жұмақты» өзіне қазақ табар.
Ұлтсыздықты, тілсіздік, дінсіздікті,
Үйренгісі келген жұрт, қазаққа бар! —
деп жазып қойдым күйінгеннен.*

Ақиқатты айтсаң, аш қандаладай талайтын шығар деген әзіл-шыны аралас сөзді айтпасқа һәм болмайды. Әрине, бірақ егер әлем халықтары арасында мақтаншақтықтан дүниежүзілік чемпионат өткізілсе, бүгінгінің қазақтары Бас бәйгені шаппай алатын шығар деген әзіл-шыны аралас сөзді айтпасыңа һәм болмайды. Бұл жалғанда не көп, мақтанам десең себеп көп екен. Қазір еркін тақырыпқа шығарма жазған мектеп оқушысы сияқты ойына келген, аузына іліккенді жазып, оған пьеса, поэма, роман деп ат қойған біреу шетелде фестивальға қатысып төсбелгі (значок) немесе соған қатысты деген сертификат әкелсе де, қазақты әлемге танытып келді деп бүкіл телеарна мен баспасөз құралдары азан-қазан болады. Әнебір жолы өздерін бүгінгі қазақ әдебиетінің тұтқасын ұстап тұрғандай көретін бір-екі қаламгер сондай бір төсбелгі тағып келіп, «Франц Кафка атындағы халықаралық сыйлық» лауреаты атағын алдық» деп, «қырып кете» жаздады. Тіпті сондай «значок» алған ерлі-зайыпты екеуді қазақ газеттері бұлар әлем әдебиетіне үлкен үлес қосушылар деп жазды. Әйтеуір, ап-сап та басылды.

Ал енді бір-екі кішкентай ұл-қызымыз шетелге барып күйсандық, сыбызғы тартып көп сыйлықтың бірін алып келсе де, шахмат ойнап жүлделі орындардың біріне қол жеткізсе де олар қазақты айдай әлемге танытып келген болып шығады. Тіпті олар сол елді «бағындырып» келгендер атанады.

Әнебір кезде Қазақстанның кілен қазақтар тұратын аймағында туып-өссе де қазақша екі-үш сөздің басын қосып сөйлегенін ешкім көрмеген Илья Ильин деген зілтемірші де қазақты алты құрлық, төрт мұхитқа танытушы атанды. Телеарналар тағы у да шу. Бірақ кейін ол да допинг деген әлдебір дәрі-дәрмекпен «аруақ шақырушы» екені аян болып, абыройымыз айрандай төгілді. Міне, мақтаншақтық жемісі! Әнебір жылдары «Қазақстан өз мұнайы арқылы Кувейтке айналайын деп жатыр, әлем қазақ мұнайына көз тігуде» деген дүбір шықты. Телеарналарда ұлы шу! Әлдебір министріміз БҰҰ-ның мәжілісінде орысша да, ағылшынша да сөйлеп, қазақты әлемге танытыпты. Астанада тұратын бір-екі өлеңшінің кітабы испан тіліне ақша төлеп тәржімаланып испандардың аузынан сілекейін шұбыртыпты.

Бір әттеңі — мына тұрған Ресей түгіл Қаақстанда тұратын орыстардың ішінде Абайдың өзін де, бір ауыз өлеңін де, М.Әуезовті де білмейтіндер көп екен. Біздің ұранқайлар мен даңғазышылар ол екеуін әлем түгел біледі деп соғады. Айтпақшы, сұлулығы, көркемдігі жөнінен өздерінің әлемге әйгілі шаһарларынан Астанаға келген дипломаттар Астананы көргенде сұлулығына таңғалып, аузын ашып, көзін жұмып бір орында теңселіп тұрып қалады екен. Әнебір жолы сүт қатпаған, талқы кара шайдай сұйықтым сөзді судай сапыратын қайраткеріміз қазақтың талай ғасырларда ешбір ханы атқара алмаған істі Елбасымыз бірер жылда бітіріп тастады деп қойып қалды. Ал көшелер толы ұран. Құрысын, қайсыбірін айтып тауысасын. Осыдан бірер жыл бұрын қазақтың әлем тіліне жетік, өте ерекше қабілетті миллет, ал Қазақстан жүз жылда атқарылмаған небір ғажайып істерді тәуелсіздік алған 10-ақ жылда тап-тұйнақтай қылған деп бөстік. Баяғыда «мақтаншақтың к... ашық» дегенді шығарған қазақ бүгінде оны айтуға тыйым салды. Оның орнына елдегі қыруар кемшілік пен келенсіздікті айтсаң, «негативный адам» «қайғы адам» атанасын.

Сонау жылдары тамыз айында Өз-

ұранды сөз көрмедім, — дейді ол. — Ол кезде Өзбекстан президенті иманды болғыр Ислам Каримовтың көзі тірі. Бірақ оның не суреті, не ұран тастаған сөздері ілулі тұрған бірде-бір көше не майдан (алан) көрмедім. Екі тәулік мейманханада жатып телеарналарын көргенімде бір ауыз мақтаншақтық байқай алмадым. Бүкіл телеарна тек өзбек тілінде. Көшеде сонша орыстардың өзі өзбекше сөйлеп жүргенін көрдім. Қазақтар тәуелсізбіз деген сонша жылда 1,5-2 миллион ғана көбейді. Ресейден азаттық алғанда, бар-жоғы 16 миллион өзбек бүгінде 34 миллионнан асты. «Ау, жағдайы нашар болса, қалай соншама көбейіп кеткен?» дейсің іштей. Бірақ олар бізге ұқсап мақтанбайды. «Е-е, Құдайдың бергені» деп қояды. Бірақ өзбек ұлтының көбеюіне басты-басты екі себеп бар: біріншіден, өзбек қатындары өліп баратса да аборт жасатып, қолдан түсік түсірмейді. Өйткені олар қолдан түсік түсіру — адам өлтірумен бірдей деген Құран сөзін құрметтейді. Құдайдан қорқады. Екіншіден, оларда үйленіп отбасын құрғаннан соң айырылысу деген жоқ. Міне, олардың көбеюінің сыры осында. Енді осы жағдаятты қазақемдермен салыстырайық. Астанадағы белгілі бір атақты университеттің жатақханасында қыз-жігіт аралас тұрады. Күйеуге тиіп аборт жасататындарды айтпағанда осындағы шәкірт (студент) қыздардың өзі жүкті болып, аборт жасатуы үйреншікті іске айналып кеткен көрінеді. Үшіншіден, қазақ қыздары бүгін күйеуге тиіп (олар көзір күйеуін «жолдасын» деуді «модаға» айналдырды) арада ай өтпей айырылысып жатады және оған еш қысылып-қымтырылу дегенді білмейді. Өйткені олардың Кенестік тең праволы болып құтырылған шешелерінің өзі ойына келгенін істеп, аузына келгенін айтып, еркекті беттен алып, төске шауып үйренгендер. Олар енді гендерная политика, феминизм сияқты әйел жыныстыны аласұртып қою саясатын жүргізетін Қазақстанның азаматшалары. Олар күйеуінің көзіне шөп салғаны үшін салдақы атанып кара есекке теріс мінгізіліп қарабет болудың орнына, Қазақстанның бүкіл қатын-қалашына, қыздарына телеарнадан ақыл айтады. Кітап жазады. Ал күйеуі арнамысы тапталғаны аз болғандай бірнеше жылға түрмеге тығылады. Қазақ қыздары осылардан үлгі алып телеарнадан әртүрлі отбасылық айтыс-тартысты көреді. Өзбек қатындары ерін «күйеуім», «қожайыным» десе, қазақ қатындары «жолдасым» дегенді ойлап тапты. Әйел жыныстысы

кісі бетіме бажырая қарап: «айнанай, қазаққа түшінеміз, қазаққа айтауар» демесі бар ма?!» «Ой кешіріңіз, кешіріңіз!» — деп ұстараны алып кетіп баратқаныма әлгі сатушы өзбектің жанындағы екінші өзбекке қарап: «О, ананны... Бұ қазақтарның һаммасы рус боп кеткен, ананны» дегенін естіп қалдым, Ішімнен «дұрыс айтасың, дұрыс айтасың» дедім кетіп бара жатып.

«Айтпақшы, олардың телеарналарында да біздің «Жаналықтар» сияқты хабарлар бар. Олар «окборот» дейді екен. Сол «жаналықтарын» «әлім жеткенше» түсінуге тырысып тындадым. Сонын бірде-бірінде «өлтіріп кетті», «сәби қызды зорлапты», «баласы әжесіне пышақ салып өлтіріпті», «өз сәбиін өзі өлтіріпті», «асылып өліпті», «үстіне бензин құйып өртеніп өліпті» деген сияқты біздегідей жантүршігерліктер айтылғанын көрмедім.

Сондай-ақ Өзбекстанда қарттар үйі деген бәлекет жоқ, — дейді досым.

Ал Ташкент түбіндегі Чиланзардағы жалғыз қарттар үйінде не өзбек шалын, не өзбек кемпірін көрмейсің, Өзбекстан мешіттерінде Қазақстан мешіттеріндегідей «соблюдайте чистоту» деген орысша жазу жоқ. Олардың мешіттерінде жұрт біздегідей бірі кіріп, бірі шығып сапырылысып жатқан жоқ. Бәрі бір мезгілде бірге кіріп, бірге шығып жатады. Ал Қазақстан қалаларында қаптап тұрған «Букмекерская контора», «Олимп», казино, ломбард дегендерді ашуға оларда рұқсат жоқ. Мына қызықты қараңыз: Ташкентте тұратын орыс қыздарының ішінде есімі Нигара, Наргиза, Дильбар, Гүлбахар дегендер көп екен». Ал қазақемнің қыздарының есімі Анеля, Альбина, Аселя, Жанеля болса, Әйгерімдер — Айгера, Айша — Ай-и-ша, Айдана — Айда-а-а-а-н болды.

Бұдан он жылдан астам бұрын-ақ ісі қазаққа белгілі қаламгер марқұм Дулат

ПЕДАГОГ БЕДЕЛІН АРТТЫРУ – ҰСТАЗДЫҢ ӨЗ ҚОЛЫНДА

Биылғы Тамыз конференциясының бір ерекшелігі сол – ұстаздардың дәстүрлі жиынына Мемлекет басшысы қатысты. Президент Қ-Ж.Тоқаев өз сөзінде: «Еліміздің лайықты азаматтарын тәрбиелеу – педагогтердің және ата-аналардың міндеті. Лайықты азамат – бұл өз білімін Отанымыздың игілігі үшін жұмсайтын адам. Алдымызда тұрған құбылмалы заманда жастарымыз еңбекқор болмаса, ешқандай бәсекеге түсе алмайтынын терең түсінуі керек», – деу арқылы мұғалімге құрметін көрсете отырып, міндетімізді нық қойып берді. Расында, біз мемлекет тағайындап берген мәртебеге лайық болуымыз үшін бала зейінін ашу жолында үнемі ізденісте жүруге тиіспіз. Президент тиімді әдістерді әрдайым зерделеп отыруды тапсырды. Оқушылармен үздіксіз жұмыс істеп, сыни ойлау мен білімге құштарлығын шындап жүрген Республикалық «Үздік педагог» атағының иегері ретінде өз тәжірибемді бөлісіп, мемлекет тапсырмасына қатысты үлесімді қоссам деймін.

Оқушылардың өзі еңбектеніп жұмыс жасайтындай және ұлттық тілдің құрметін арттыратын бір әдіс – метапәндік оқыту әдісі. Бұл әдіс стандарттық білім мазмұнының негізі, дегенмен метапән стандарттық білім мазмұнымен ғана шектелмей, әр пән сабақтарының ғылыми мазмұнын жүйелеп, талдап, анализдеп, зерттеу жүргізіп, оқушының өзіндік ой-тұжырым жасауына және өзіндік іс-әрекетінің қалыптасуына, шығармашылық тұрғыда дамуына негіз болады. Оқушылардың ғылыми зерттеушілік әлеуетін арттыруда өте тиімді. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті сабағын тек сауат ашу деп түсінетін, заман талабына сай жаратылыстану бағытында ізденуді қалайтын оқушылардың танымын кенейту үшін интеграцияланған бағдарлама жаздым. Бағдарлама 8 – 10-сынып оқушыларына арналған. Авторлық бағдарлама: Психологиялық бөлім; Шығармашылыққа баулу; Тақырып бойынша жұмыс бөлімі (практикалық бөлім); Рәсімдеуге қатысты жоба сыртындағы жұмыстар төрт үлкен бөлім негізінде құрылды.

Шәкірттің зерттеушілік жұмыс-



тарға көзқарасын анықтау арқылы бағдарлама кіріспесін психологиялық тренинг жасаудан бастауды жөн көрдім. Бұл бөлімде оқушыларға психологиялық тренингтер жүргізу негізінде жеке қабілеттерінің жетілуі ескерілді. Сананы қалыптастыру, ойлай білу, табысқа жету, проблемаларды анықтай білу, өзінді бағалау, сенімділік – бәрі де жемісті, табанды жұмыс жасаудағы қажетті қасиеттер болып саналады.

«Шығармашылыққа баулу» бөлімінде оқушыларға ортақ тақырып беріліп, зерттеу тәсілдерін меңгерту көзделген. Бұл шығармашылық сағаттарды оқытуда әртүрлі оқу стратегиялары қолданылып, оқушылар таразылап, талдауды үйренеді.

Үшінші бөлімде оқушыларға жеке тақырыптар бойынша практикалық тапсырмалар беріледі. Әдебиеттегі өзекті мәселелерді биология пәнімен, медицина ғылымымен байланыстыра зерттеу әр пән сабақтарының ғылыми мазмұнын жүйелеп, анализдеуге, өзіндік ой-тұжырым жасауына және өзіндік іс-әрекетінің қалыптасуына, шығармашыл дамуына негіз болып отыр. Сол сияқты, оқушыларға әлеуметтік және тарихи проблемалармен байланысты жобаларды орындауды ұсыну да олардың бойындағы қоғамдық жауапкершілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Төртінші бөлімде жоба сыртындағы жұмыстар, яғни рәсімдеу сауаттылығы

сіңіріледі. Ғылыми эссе жазу, тезис құрастыру, аннотация жазу және презентация жасау детальды оқыту стратегиясы бойынша іске асырылады. Сондай-ақ жобаны бағалау мен өзін-



өзі бағалау, дауыс интонациясын қою жұмыстары да осы бөлімде іске асады. Пәндердің бірігуі білім алушылардың белсенді азамат, терең ойлы тұлға ретінде дамуына ықпал ететін тиімді әрі мазмұнды оқу процесін құруға мүмкіндік береді. Бағдарламаның мақсаты – жаратылыстану және өнердің басқа түрлеріне бағыттай отырып, оқушылардың қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәніне деген сүйіспеншілігі мен ұлттық құндылықтарымызды құрметтеу құзыреттілігін арттыру. Биология, информатика, тарих, қазақ тілі, қазақ әдебиеті, құқық, сурет пәндерін кіріктіру, интеграциялау негізінде оқушының зерттеушілік қызығушылығын арттырып, ғылыми жобаны өз күшімен жаздыртуға дайындау да басты мұрат болды.

«Шығармашылыққа баулу» бөлімінде оқушыларға ортақ тақырып беріліп, зерттеу тәсілдерін ұғындыруға тырыстым. Атап айтсақ, «Денсаулыққа қатысты жинақталған мақал-мәтелдер-

дің мәнін биологиядағы, медицинадағы қағидалармен байланыстыру» деген тақырыптағы жұмысқа оқушылар бірлесе ізденеді. Нәтижесінде, оқушылар 1913 жылы 6 сәуірде жарық көрген «Қазақ газетінің» №9 нөміріндегі «Денсаулық жайынан» мақаласын (Жұмағали Тілеуов, 97-бет), Н.М.Амосовтың «Денсаулық туралы толғаныстар» кітабындағы денсаулыққа қатысты ойларды, «Биология» пәніндегі денсаулыққа қатысты тұжырымдамаларды оқып, «бұл мәселе ХХ ғасыр басында қалай қозғалды, ХХ ғасырдың соңында қалай қозғалған, ХХІ ғасырдағы маңызы қандай?» деген сұрақтарға жауапты ұжымдаса іздеп, салыстыра келе қорытынды жасайды. Ал үшінші бөлімде оқушыларға берілген жеке тақырыптар бойынша теориялық және практикалық тапсырмалар бірге беріліп, ғылыми жоба жұмысын жазу пысықталады. Бұл шығармашылық сағаттарды оқыту «Проблема. Факті.

Көзқарас», «Пікіріңіз құнды», «Диалогке түсу» әдістерін және түрлі оқу стратегияларын қолданумен ерекшеленеді.

Жаңартылған білім мазмұны бағдарламасындағы оқу мақсаттарымен жүйелі жұмыс жасау осы көлемді бағдарламаның туындауына себеп болды. Сонымен қатар тәжірибе барысында оқушылар қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні барлық ғылымның метадологиялық негізі екенін ұғынды. Жүйелі жұмыс пен тынымсыз еңбекті бала да бағалайды. Осындай бағдарламалар балалардың жан-жақты, адал азамат болып қалыптасуына да ықпал етері сөзсіз. Менің шәкірттерім Әділетті Қазақстанның тірегі болатынына сенемін.

Майра ҒАЛИЕВА,

№2 мамандандырылған үш тілде оқытатын дарын мектебінің мұғалімі, Шымкент



Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы ақын Динара Мәлікке ұлы **Жігер ТӨЛЕУХАНОВТЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы **Өзбекстан Жазушылар одағындағы Қазақ әдебиеті кеңесінің төрағасы, аудармашы, публицист Тұрсынәлі Сапарәліұлы Ахметовке анасы**

Замира ЕРГЕШҚЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бейсебай Кірісбайұлы – сирек тұлғалы сықақшылардың бірі еді. Ол жазғанда ғана емес, ауызекі тілде де айналасын күлкіге бөлеп отыратын. Қалам сілтесі студент кезінде-ақ Ос-ағаң – Оспанханның көзіне ілікті. Әубәкіров оны кіші баласындай әуектейтін. «Лениншіл жастың» кезекті сандарына әр сықағын еркесіндей насихаттап, ел-жұртқа жеткізетін. Бойы сәл қысқалау болғанымен, ойы ұзын еді. Бейсебай – Бейсебай болғалы, Кірісбайға бала болғалы жұртты күлкіден «Ықылық» (кітабы) аттыратын. Енді жетпістің желкенін тартып жүрер еді. Мінеки, күлкісі жаңғырып тұр ғой.

Қожанасыр ескерткіші басындағы ой

Қожаға, молдаларға бағынбаған,
Ассолоумағалейкум, әзіл-бабам!
Басыңа гүл әкелді бір ұрпағың,
Мені де шетке қакпа, ұғын, шалым!

Қоржының ортайған жоқ әзіліңнен,
Білмедім ұзын санын анығын мен:
Бұл күнде көбеюде ізбасарың,
Білмедім қаншасының қырды асарың.

Жиналып әзілкештер зорға тіпті,
Басыңа бір ескерткіш орнатыпты.
Күлкіңнен айналайын миықтағы,
Өзінді қалай кетем қиып тағы...

Ояндым... көз алдыма мүсін келді,
Бұл менің неге ғана түсім болды!
Отырмын сырымды айтып өлеңіме,
Түсімді айналдырып мен өңіме.

Саудагердің санасы

Әуелі қолыңдағы барын сатады,
Бары біткен соң... арын сатады.

Көзінше

Көзінше мактауға бөктіреді,
Сыртыңнан ішінді кептіреді.

Тасиды

Өсегінің қалғанын,
Женгей кешке тасиды.
Жұмыстан кеп ағайым,
Басқарады ас үйді.

Кішкентай ауылдың үлкен қасіреті

Бес көше – бес ру,
Бес көше бес жақтан есіру!
Болмайды кешіру,
Бес ру бес жақтан төс ұру...
Ру-ру-ру...
Соны: құру-құру...

Ән сату

Көрсөкырдың рөлінде,
Қара бала ән сатады.
Өзі барып «тірі өлімге»,
Қарындасы тән сатады.

Ақ тер мен көк тер

(соңғы хабар)

Неге актер де ақ тер, көк тер болды?
Неге шахтер де ақ тер, көк тер болды?
Шахтер де,
Актер де айлық ала алмай,
ақ тер де болды, көк тер де болды.

Жеті күнгі жеті ұрлық

(апталық шолу)

Дүйсенбіде бал ұрланды,
Сейсенбіде мал ұрланды.
Сәрсенбіде бала ұрланды,
Бейсенбіде шал ұрланды.

Жұма күні шам ұрланды,
Сенбі күні там ұрланды.
Ұрлық әбден тамырланды!
Жексенбіде қала ұрланды...



Көбінен елдің білімдісімақ,
Түбінді қазып, мініңді сынап...
Қолы ашық, жомарт, азаматсымақ!
Жарылып кетпей осы «сымақтар» –
Бір бойға сыйған «ғажап-ақ сымақ!»

Екеуі

Өзі ішеді тамақты,
Жеңі ішеді.
Мешкей, жеңі – екеуі,
Тең ішеді.

Жаталақ

Қарап күлер кісі көп,
Есегім бар түсі көк.
Арқасына жабысқан,
Менімен түк ісі жоқ.

Көк жалқаудан аумайды,
Тек үй жаққа заулайды.
Қыши қалса жотасы,
Жата қалып аунайды.

Болсам-дағы қатал-ақ,
Көк есегім жаталақ.
Мен түгілі атамнан,
Ұялмайды сақалы ақ.

«Ақыл»

Тасбақаға
«білімді»,
Шыбын қатты күйінді:
– Сүйрей беріп қайтесің?
Таста, – деді, – үйінді!

О ғып, бұ ғып...

Қағып кетіп кісіні,
О ғып, бұ ғып.
Шалып кетіп кішіні,
О ғып, бұ ғып.
Жыртады ол кітапты,
О ғып, бұ ғып.
Сындырады бұтақты,
О ғып, бұ ғып...
Жолдасынан көшіріп,
О ғып, бұ ғып.
Оны қайта өшіріп,
О ғып, бұ ғып.
Жұмыс десе – қашады,
О ғып, бұ ғып.
Тақта алдында сасады,
О ғып, бұ ғып.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ – ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Редакторлар кеңесінің төрағасы
Мереке ҚҰЛКЕНОВ

Бас редактор
Бауыржан ЖАҚЫП

Бас редактордың орынбасары
Қали СӘРСЕНБАЙ

Редакция алқасының мүшелері:

АЙТҚОЖИНА Марфуға,
ӘБДІҚҰЛЫ Төлен,
БАҚТЫГЕРЕЕВА Ақұштап,
ЕЛУБАЙ Смағұл,
ИРАН-ҒАЙЫП,
КӨПІШ Әшірбек,
ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас,
ҚАНАЗ Молдахмет,
ҚОШЫМ-НОҒАЙ Байбота,
НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ Бексұлтан,
НҰРМАҒАНБЕТОВ Тынымбай,
ОРАЗАЛИН Нұрлан,
СЕГІЗБАЕВ Кәдірбек,
СЕЙСЕНБАЕВ Роллан,
СМАТАЕВ Софы,
ШАХАНОВ Мұхтар,
ЫСҚАҚБАЙ Марал

Жауапты хатшы
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ

Әдебиет бөлімі:
Еркін ЖАППАСҰЛЫ

Мәдениет және руханият бөлімі:
Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА

Әлеумет, тарих бөлімі:
Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ
Жүніс ОМАР

Art-редактор
Марат СӘБДІКЕН

Компьютер орталығының жетекшісі
Данияр ҚАБА

Терімші
Рысқұл ЖҰМАБАЕВА

Корректорлар:
Айнаш ӨЛДИБЕК,
Гүлбану ЕРКІН

Меншікті тілшілер:
Астана қаласы,
Ақмола, Солтүстік Қазақстан,
Қарағанды, Ұлытау облыстары

Айтбай СӘУЛЕБЕК,
Алматы облысы

Ержан ТОҚТАРҰЛЫ
Абай облысы

Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ
Ақтөбе облысы

Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ
Атырау облысы

Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА
Батыс Қазақстан облысы

Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН
Жамбыл облысы

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ
Жетісу облысы

Жангелді НЕМЕРЕБАЙ
Қостанай облысы

Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ
Қызылорда облысы

Қаршыға ЕСІМСЕЙТОВА
Маңғыстау облысы

Сағындық РЗАХМЕТ
Павлодар облысы

Серік ЕЛІКБАЙ
Түркістан облысы

Айдар СЕЙДӨЗІМ
Шығыс Қазақстан облысы

Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ
Шымкент қаласы

Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ

Кезекші: **Жүніс ОМАР**

РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:

8 (727) 272-88-17

e-mail:
Kazakh_adebiety@mail.ru

Мекенжайымыз:
050009. Алматы қаласы,
Абылай хан даңғылы,
105-үй. 3-қабат.

Индекс 65353

Таралымы 15 000. Тапсырыс 895

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер ғаламтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды.
Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г куәлігі берілген.
Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223 «В». Оффсеттік басылған.
Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.